**ЕСЕНҒҰЛОВА М.Н.**

# ХАЛЫҚТЫҚ ПЕДАГОГИКА ИДЕЯЛАРЫ НЕГІЗІНДЕ СТУДЕНТТЕРДІҢ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС МӘДЕНИЕТІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

**МОНОГРАФИЯ**

**Ақтөбе 2020**

ӘОЖ 378
КБЖ 74.58
Е 82
Монография баспаға Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университетінің Ғылыми кеңесі шешімімен ұсынылды

**Пікір жазғандар:**
**Туребаева К.Ж.** – Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті, «Психологиялық-педагогикалық және арнайы білім беру» кафедрасының меңгерушісі, педагогика ғылымдарының докторы, профессор
**Шалғынбаева К.К. -** Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Әлеуметтік ғылымдар факультеті, педагогика ғылымдарының докторы, профессор
**Омарова Р.С. -** «Кәусар» Ғылыми-педагогикалық орталығының директоры, педагогика ғылымдарының докторы, профессор

**Е 82 Есенғұлова М.Н.** Халықтық педагогика идеялары негізінде студенттердің қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыру. Монография. – Ақтөбе қаласы, 2020 - 175 бет

**ISBN 978-601-7818-34-0**

Еңбекте халықтық педагогика идеялары негізінде студенттердің қарым-қатынас мәдениетін қалыптастырудың ғылыми-әдіснамалық негіздері, педагогикалық – психологиялық ерекшеліктері теориялық тұрғыда негізделеді.

Ғылыми еңбек жоғары оқу орындары оқытушылары мен студенттерге, мектеп мұғалімдеріне, магистранттар мен доктаранттарға ұлттық мәдени-тарихи мұраны танып, білуге талап қойған барша оқырман қауымға арналады.

© Есенғұлова М.Н., 2020ж

МАЗМҰНЫ

Кіріспе.............................................................................................3

**1 Студенттердің қарым-қатынас мәдениетін қалыптастырудың ғылыми-әдіснамалық негіздері**................6
1.1 Педагогика, психология саласындағы ғалымдардың қарым-қатынас мәдениеті туралы еңбектеріне мазмұндық талдау…....6
1.2 Студенттердің қарым-қатынас мәдениетін қалыптастырудың педагогикалық-психологиялық тұғырлары.............................14
1.3 Студенттердің қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыруда халықтық педагогика идеяларын пайдалану мүмкіндіктері......22

**2 Халықтық педагогика идеялары негізінде студенттердің қарым-қатынас мәдениетін қалыптастырудың теориялық негіздері**….……….35
2.1 «Мәдениет», «қарым-қатынас мәдениеті» ұғымдарының мәні және мазмұны...............................................................35
2.2 Халықтық педагогика тұрғысынан студенттердің қарым-қатынас мәдениетін қалыптастырудың ерекшеліктері.......…...41
2.3 Студенттердің қарым-қатынас мәдениетін қалыптастырудың жаңаша жүйесін айқындаудағы педагогикалық шарттар...49

**3 Халықтық педагогика идеясы негізінде студенттердің қарым-қатынас мәдениетін қалыптастырудың жолдары**....54
3.1 Халықтық педагогика идеялары негізінде студенттердің қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыру мүмкіндіктері.....54
3.2 Студенттердің қарым-қатынас мәдениетін қалыптастырудың математикалық-статистикалық бағасы....67
3.3 Халықтық педагогика идеялары негізінде студенттердің қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыруға бағытталған арнайы курс бағдарламасы...........88

**Қорытынды**.......................................................................102
**Пайдаланылған әдебиеттер тізімі**.................................….104
**Қосымшалар** ………………………………………110

# Кіріспе

Бүгінгі таңда еліміздің қоғамдық-саяси, ұлттық-мәдени қайта өркендеуі жағдайында жас ұрпақты өз халқының рухани мәдени-тарихи қазынасы, ұлттық педагогикалық мәдениеті негізінде тәрбиелеу заңды құбылыс. Бұл процесс ұрпақтар жалғастығының, ұлтымызға тән дәстүрлі мәдениет сабақтастығының нығаюына ықпалын тигізетіндігі сөзсіз. Осы тұрғыдан алғанда жалпы адамзаттық, халықтық тарихи-мәдени, этнопедагогикалық, этнопсихологиялық маңызды құндылықтар, озық танымдық-тәрбиелік идеялар негіз болған қазақ халқының педагогикалық мәдениетін, әсіресе, ұлттық этикадағы қарым-қатынас мәдениетін терең танып, жан-жақты талдау көкейкесті проблеманың бірі болып отыр.

Осы орайда бүгінгі ЖОО жағдайында бәсекеге қабілетті, жалпы адамзаттық және ұлттық мәдениетті бойына сіңірген, терең білімді кәсіби мамандар даярлауда біз ұсынып отырған «Халықтық педагогика идеялары негізінде студенттердің қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыру» атты монография студенттердің қарым-қатынас мәдениетін қалыптастырудың ғылыми-әдіснамалық негіздерін айқындап, халықтық педагогика негізінде студенттердің қарым-қатынас мәдениетін қалыптастырудың теориялық және әдістемелік негіздерін талдап, тұжырымдауды көздейді.

Қазақстан Республикасының мемлекеттік өзіндік ерекшеліктерін қалыптастыру, еліміздің егемендігін нығайтып, ұлттық сана-сезімімізді қалпына келтіру, өркениетті дамыған елдер қатарынан орын алу ұлттық мемлекетті қалыптастырудағы басты шарттардың бірі [1; 2]. Бұл жөнінде Елбасы Н.Ә.Назарбаев өзінің «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты тұжырымдамалық мақаласында: «Біз жат идеологиялардың әсері туралы айтқанда, олардың артында басқа халықтардың белгілі бір құндылықтары мен мәдени символдары тұрғанын есте ұстауымыз керек. Тиісінше, оларға өзіміздің ұлттық құндылықтарымыз арқылы ғана төтеп бере аламыз. Мен халқымның тағылымы мол тарихы мен ерте заманнан арқауы үзілмеген ұлттық салт-дәстүрлерін алдағы өркендеудің берік

діңі ете отырып, әрбір қадамын нық басуын, болашаққа сенім-мен бет алуын қалаймын», - деп атап көрсеткен болатын [3]. Бұл орайда жас ұрпақтың ұлттық қасиеттерімізді терең танып-білуі, соның негізінде өз халқына тән әдеп, қарым-қатынас мәдениетін бойына сіңіріп, қалыптастыруының маңыздылығы күннен күнге арта түсуде.

Жастардың халықтық педагогика идеялары негізінде қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыру мәселесі ұлттық төл мәдениетімізді дамытуға, ұлттық құндылықтар мен мәдени мұраларымыздың мәнін танып, түсіну, тарихты зерделей отырып, жан-жақты дамыған, рухани мәдениетті жеке тұлға тәрбиелеуде маңызы зор. Өзімізді-өзіміз түсіну, өзгелерге көрсету, яғни ұлттық ерекшеліктеріміз бен құндылықтарымызды бүгінгі қажеттіліктерге сәйкес жетілдіріп дамыту, өзгелерге тарату арқылы ұлттық деңгейімізді көтере білу маңызды шарт. Сондықтан бүгінгі жоғары оқу орындарында болашақ мұғалімдерді даярлау барысында халықтық педагогика идеяларына сүйене отырып, жастардың қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыру мамандыққа бейімдеудің ажырамас бір бөлігі болып табылады.

*Қарым-қатынас* – білім мен мәдениеттің бөлінбейтін бір тұтас бөлшегі іспетті адамзаттық дүниетаныммен сананы қалыптастырудың ерекше жолы.

Қарым-қатынасты адамның білімі мен біліктілігіне, дағдысы мен ішкі рухына негізделген мәдени зиялылық ретінде қарастыруға болады.Ұлттық рухқа негізделген қарым-қатынас мәдениеті студенттердің ақыл-ойымен көзқарасын, еркін ойлауын, рухани-адамгершілік дүниесін қалыптастыруға, іс-әрекетті тиімді орындай алуға мүмкіндік береді.

Ұлы ойшылдар Әл-Фараби, Ж. Баласағұн, Қ.А. Яссауи және тағы басқа да ғұламаларымыз жеке адам аралық қарым-қатынастағы мәдениеттілік, оның қалыптасуындағы тәрбиелік шаралардың маңызына ерекше назар аударған болатын [4; 5]. Ортағасырлық ғұламалардың еңбектеріндегі бұл мәселе жөнінде айтылған ой-пікірлер XIX ғасырдың екінші жартысында Ыбырай, Абай, Шәкәрім жазбаларында жалғасын тапты [6; 7; 8].

Сол секілді қарым-қатынас мәдениеті туралы маңызды ойлар М.Жұмабаев, Ж.Аймауытов, М.Дулатов және т.б. ғалым-педагогтарымыздың еңбектерінде зерттеліп, зерделенді [9; 10; 11].

Бүгінгі таңда бұл проблемаға ғалымдар әр қырынан мән беріп, түрлі зерттеулер жүргізген. Мәселен, мынадай еңбектер: қарым-қатынастың философиялық мазмұнын В.С.Библер, Л.Н.Коган, М.Х.Балтабаев, Д.Кішібеков және т.б. қарастырған [12; 13; 14; 15]. Қарым-қатынастың психологиялық тұстарын С.Л.Рубинштейн, А.А.Леонтьев, Қ.Б.Жарықбаев, Ә.Алдамұратов, С.Бабаев және т.б. зерттеген [16; 17; 18; 19; 20].

Отандық ғалымдар қарым-қатынастың этномәдени ұғымын қарастырған С.А.Ұзақбаева, К.Ж.Қожахметова, Қ.Қ.Шалғынбаева және т.б. [21; 22; 23]; жас мамандарды кәсіби дайындауда ұлттық тәрбие беру мәселелерін Қ.Бөлеев, Б.А.Тойлыбаев, К.А.Оразбекова, С.К.Қалиев, Г.К.Сибагатова және т.б. [24; 25; 26; 27; 28] білім берудің әдістемелік міндеттерін шешуде Л.К.Керімов, А.Г.Қазмағамбетов, Е.Омар, Б.К.Момынбаев, О.Сыздықов және т.б. еңбектерін атап өтуге болады [29; 30; 31; 32; 33].

Қазіргі кезде әр саладағы көрнекті ғалымдар қарым-қатынас мәдениеті мәселесінің мән-маңызына айрықша ден қоюда. Сондықтан болашақ мұғалімдердің педагогикалық қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыру мәселесі арнайы зерттеуді талап ететіндігі дәлелденіп отыр.

Осы орайда ұсынылып отырған еңбектің «Студенттердің қарым-қатынас мәдениетін қалыптастырудың ғылыми-әдіснамалық негіздері» атты алғашқы тарауында педагогика, психология саласындағы ғалымдардың қарым-қатынас мәдениеті туралы еңбектеріне талдау жасалып, студенттердің қарым-қатынас мәдениетін қалыптастырудың педагогикалық-психологиялық ерекшеліктеріне сипаттама берілген. Студенттердің қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыруда халықтық педагогика идеялары тарихындағы қазақ ғұлама ойшылдары мен ағартушыларының сөйлеу мәдениетіне деген көзқарастары баяндалады.

«Халықтық педагогика идеялары негізінде студенттердің қарым-қатынас мәдениетін қалыптастырудың теориялық негіздері» атты екінші тарауда «мәдениет», «қарым-қатынас мәдениеті» ұғымдарына берілген анықтамалар талданып, жүйеге келтірілді және олардың өзара байланысына тұжырым жасалады. Халықтық педагогика тұрғысынан студенттердің қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыру ерекшеліктері қарастырылып, жаңаша жүйесін айқындаудағы педагогикалық шарттар анықталып, мазмұндалады.

«Халықтық педагогика идеясы негізінде студенттердің қарым-қатынас мәдениетін қалыптастырудың әдістемелік негіздері» атты үшінші тарауда халықтық педагогика идеялары негізінде студенттердің қарым-қатынас мәдениетін қалыптастырудың жаңаша жүйесін айқындаудағы оқу-тәрбие үрдісіндегі мүмкіндіктері мен әдістемесі, мазмұны, зерттеу нәтижелері көрсетіліп, арнайы курс бағдарламасы ұсынылады.

Ғылыми еңбек жоғары оқу орындары оқытушылары мен студенттеріне, магистранттар мен доктаранттарға, мектеп мұғалімдеріне және ұлттық мәдени-тарихи мұраны танып, білуге талап қойған барша оқырманға арналады.

# 1 Студенттердің қарым-қатынас мәдениетін қалыптастырудың ғылыми-әдіснамалық негіздері

## 1.1 Педагогика, психология саласындағы ғалымдардың қарым-қатынас мәдениеті туралы еңбектеріне мазмұндық талдау

Еліміздің өркениетті елдер қатарына жету деңгейінде жас ұрпақты ізгілікке, парасаттылыққа баулитын, қарым-қатынас мәдениеті мен еркін ойлау қабілетін, білімділігін арттыру көкейкесті мәселеге айналып отыр. Жалпы адами құндылық, ұлттық мәдениет пен дәстүрді қорғау білім беру саласындағы мемлекеттік саясаттың басты ұстанымдарының бірі болып табылады. Сондықтан еліміздің қоғамдық өзгерістердің болып жатқан әлеуметтік-экономикалық, саяси-мәдени қалыптасу жағдайындағы өзгерістер ғылым мен өндірістің барлық салаларында қызмет жасайтын мамандарды даярлаудың сапасын жетілдіруді талап етеді. Мұның өзі білім беру мен тәрбиелеу ісін жаңғырту, оны жаңа сипатта жетілдіру міндеттерін қамтитын білім беру жүйелерінің қабылдаған жаңа мазмұнды заңдар мен тұжырымдамаларда т.б. көрсетілген [34; 3; 35]. Осы мәселенің шешуінде жоғары білім беру процесі, оның ішінде педагогикалық білім беру ерекше мәнге ие.

Әр ұлттың педагогикасы ─ бұл шынайы өзіндік құндылық, ұлттық көзқарас, этникалық өзін-өзі тану, ұлттық сипат. Осы тәсілмен барлық халықтардың мәдениеттерінің тең құқықтылығы туралы демократиялық идея, олардың көпұлтты, сондықтан да жалпыға ортақ педагогиканың қалыптасуына әкелетін диалог жүзеге асырылады. Олардың интеграциясының негізі тәрбиенің жалпы идеялары мен мұраттары болуы мүмкін, бірақ олар ұлттық менталитет арқылы қарқын алады.

Кез-келген ұлттың бастапқы рухани-адамгершілік құндылықтары, этнопедагогикалық мәселелерді зерттеушілердің көпшілігі атап өткендей, отбасына, анаға, балаға табынушылыққа деген көзқарас болып табылады. Халықтық, ауызша, музыкалық, көркем шығармашылықта жазылған барлық халық даналығы салт-дәстүрлер, әдет-ғұрыптар, халық сенімдері балаларға деген сүйіспеншілікпен, оларды тәрбиелеуге деген құштарлықпен енеді. Халықтың

көзқарасында құндылық түсінігі адамның бірлігін, оның қызметі мен әлеммен, қоғаммен және табиғатпен байланысын көрсетеді. Ұлттық педагогикалық дәстүрдегі құндылықтардың әртүрлілігіндегі біріктіруші қағида адам руханилығының тұжырымдамасы болды.

Сонымен қатар адамдар арасындағы өзара әсерлесуді реттеуші маңызды механизмді қалаулыларға: қоғамдық мораль нормалары, қағидалары, аңсарлары (идеялары) жатады. Осы қоғамдық мораль нормалары, қағидалары аңсарлары белгілі бір әлеуметтік топтардың, қоғамның ұжымның тағы сол сияқты, оның мүшелерінің өзара қарым-қатынас мәдениетінің адамгершілік, өнегелік, өркениеттілік тұрғыдағы негізін құраушылары әрі жасаушылары болып табылады. Олардың даму мәселелері философия ғылымының салалық қызығушылық мүддесі болып табылады. Яғни қарым-қатынас мәселесі философиялық мүдде тұрғысында үлкен зер салып ізденіс жүргізу нысаны. Қарым-қатынас мәдениетіне қатысты білім саласының бірі мәдениет туралы ғылым. Сондай-ақ қарым-қатынас мәдениеті сипатын ашуға философтар, социологтар, этнографтар, психологтар да елеулі үлес қосқан.

Ежелгі дәуірдің философтары мәдениетті табиғатпен, моральмен бара-бар деп санады. Орта ғасырда табиғат мәдениетке баға берудің критерийі болудан қалып, оның орнын құдай басты. Кейіннен табиғат қайтадан мәдениеттің критерийіне айналды.

Мәдениетті цивилизацияға қарсы қойған кездер де болды. Мәдениет ұғымынан жалпы адамгершілік мәнін шығарып тастаған зерттеушілер де кездескен. Мәдениетті дамытуда халық бұқарасының рөлін де жоққа шығарушылыққа жол берілген кезеңдер де болған.

Диалектикалық-материалистік зерттеу әдісінің негізінде материалдық және рухани мәдениеттің бір-біріне қарама-қарсы қойылуының табиғаты мен механизмін түсіндіруге мүмкіндік туғызылды. Ол әдіс арқылы ой еңбегі мен дене еңбегінің арасындағы алшақтықтың бірте-бірте арта түскені айқындалады. Үстем таптар еңбекке жиіркенішті сезіммен қарап, адамдардың еңбектегі шығармашылық бастамаларына кедергі жасап,

мәдениеттің дамуына кері әсерін тигізді. Сөйтіп, мәдениет үстем таптың тек салтанатты мейрамы мен көңілін көтеретін ойын-сауыққа айналды.

Кеңес үкіметі кезіндегі мәдениетті социализм құрылысының бөлінетін бір бөлігі, оның даму заңдарының бірі деп қарастырды.

Әр кезде мәдениет тарихи процестермен ұштасып жатады. Демек, мәдениет-тарихи процестердің тікелей туындысы болып саналады. Мәдениетте тарихи сабақтастық сақталады. Дара тұлға дамуы да мәдениетке байланысты. Осы өзара тәуелділік мәдениеттің адамзат тарихында, адам өмірінде алатын орнын, рөлін білдіреді. Мәдениетті түсіну үшін тарихи дәуірді білу, оның өндірістік қатынастары қандай болғанын анықтау, өмір салты, рухани дүниесі қандай ерекшеліктермен анықталатынын ажырата білу қажет. Олай болса, мәдениетті адам әрекетінен, оның өзгертуші қызметінен бөліп алу мүмкін емес. Өткен уақыт мәдениеті – халықтық мұра, ол адамның өзі, оның өткен жолы, болашағының сатысы. Сондықтан, бұрынғы мәдениет туындыларын қазіргі сана дәрежесі негізінде, қоғамның осы заманғы қылпына сәйкес бағалау диалектикалық ойлауды қажет етеді. Мәдениетті қоғам дамуымен тікелей байланысты. Оны қоғам дамуының бейнесі, көшірмесі деп айтуға болады. Тарихи материализм тұрғысынан пайымдасақ, тарихи процестердің субъектісі болып табылатын адамның қоғамдық, материалдық және рухани қызметінің барлық саласы мәдениет деген ұғым арқылы түсіндіріледі екен.

Мәдениет – қандай түрде болса да, тек адамдық мазмұнда дамиды. Адам оны өзгертуші, жасаушы субъект ретінде қабылдайды. Мәдениет – объективті шындық, ал шығу тегі жағынан, оның мазмұны субъективті. Адамның өмір сүру әдісі мен объективті қызметі негізінде ғана мәдениет материалдық сипаталады. Яғни, К.Маркс айтқандай, мәдениет туындысы – адам тұрмысының затқа айналған мәні шындығында материалдық мәдениет өндіріс құрал-жабдықтары, сәулет өнерінің мұралары арқылы байқаса, ал рухани мәдениет кітап, қолжазба, сурет арқылы, сондай-ақ, өлең-жыр, жұмбақ-жаңылтпаш, терме-ертек, әңгіме-шежіреден белгілі болады.

Мәдениттің мән мағынасы, кең мағынада, адамдардың өндірістік қызметімен, ал тар мағынада – кәсіптік мамандардың, не кәсіптік одақтардың қызметімен сипатталады.

Адам табиғи және қоғамдық ортада ғана өзінің адамдық қасиетін білдіреді. Табиғат пен қоғам – адамның мәдени болмысы, адам қызметінің қажетті шарты. Мәдениеттен бұрын пайда болған табиғат, мәдениет дамуының алғы шарт рөлін атқарады. Табиғат пен мәдениет тығыз байланысты, яғни, мәдениеттің дамуына табиғат өз әрекетін тигізсе, мәдениет те өз кезегінде табиғаттың мәдени түр алуына жағдай туғызатыны белгілі. Демек, табиғат-мәдениет дамуының алғы шарты болып саналады. Мәдениет, адамдардың қажеттігін өтеуге негізделген. Мәдениет, табиғи процестерге ықпал етіп, табиғаттың не көркеюіне, не құлдырап азып-тозуына әсер етуі мүмкін. Сондықтан әрқашан, табиғатқа қарап мейірімділік жасауымыз керек. Мәдениет субъектісі бола отырып, адам ақылға сыйымды белсенділік көрсетсе, онда мәдениет табиғаттың көркейіп, гүлденуіне демеуші бола алады, керісінше, экологиялық апатқа душар қылады. Ендеше, адамның табиғатқа қатысты, оның мәдени деңгейін анықтау туындайды. Табиғи ортаны игеру әдісі арқылы табиғат пен мәдениеттің арақатынасы анықталады.

Жеке тұлғаның әлеуметтену проблемасында қарым-қатынастың маңыздылығын дәлелдейтін Л.П.Буеваның, Е.Г.Злобинаның, М.С.Каганның, В.М.Соковниннің және т.б.ғалымдардың зерттеулерін атап өтуге болады [36; 37; 38; 39].

С.Темірбеков мәдениет теориясы адам табиғатын зерттеуде биологиялық (адам өз тұқымын жалғастыру үшін) және әлеуметтендіру жағын да ескеру қажет деп түсіндірген [40]. Оның пікірінше, мәдениет біртұтас қажеттілік құндылықтары мен құқықтар, конституциядағы әлеуметтік баптарда көрсетілген идея мамандықтарға, сенімдер мен дәстүрлерден тұратын жүйе.

Г.Нұржанова мәдениетке бұдан әрі кеңірек сипаттады. Оның мәдениетті материалдық әлемге сәйкестендіруі, яғни өндіріс өнімдерін, сонымен қатар, мінез-құлық пен психология құбылыстары: білім мен біліктілік қатынасының құндылықтары ретінде сипаттайды [41]. Белгілі зерттеуші Н.В.Гусева

«мәдениетті қоғамның рухани қазынасы» деп тұжырымдайды [42]. Бұндай жағдай қоғам мен мәдениет ұғымының өзара байланысы бүтін мен бөлшектің байланысындағы сапа ретінде түсіндіреді. Мәдениет қашанда шығармашылықпен байланысты. Мәдениетті материалдық және рухани құндылықтың жиынтығы ретінде қарастыруға болады.

Социо-нормативті мәдениет ─ қоғамдық өмірді ұйымдастыру (экономика, құқық, саясат т.б.), тума қасиет мінез-құлыққа тәуелді еместігімен оқшауланады.

Мәдениет ─ өзіне тән әдістер арқылы тек эстетикалық емес, сонымен қатар саяси, құқықтық идеалды қалыптасыратын тәрбие кеңістігі екенін бүгінгі педагогтық қауым мойындауда.

Қарым-қатынас туралы теориялар оның белсенді субъектісі жеке адам болатын тұлға аралық өзара іс-әрекеттері айтамыз. Белгілі психолог А.А.Леонтьев «Субъект-субъект» қатынастар талдауында субъектінің жай ғана әрекеті немесе бір субъектінің екіншісіне әсерін, біріккен әрекеттер мен келісім мәселесін зерделейді [43].

«Қарым-қатынас», «Жеке адам аралық әрекеттестік», «тұлғааралық қарым - қатынас» ұғымдарының мазмұнын зерттеуде педагог Я.А.Коменский төмендегідей көзқарасын дәледеген: «Қарым-қатынас кең мағыналы ішкі (өзара қатынас) және сыртқы (дәл қарым-қатынас) құрылымды жеке адам аралық өзара әрекеттестікті қамтуға бағытталады [44]. Педагогикалық процесте жеке адам арасындағы өзара әрекеттестік, яғни педагогикадағы өзара байланыс педагогикалық қарым-қатынас ретінде қарастырылады, демек педагогикалық қатынас пен сыртқы нақты педагогикалық қарым-қатынас болып жіктейді. Болашақ маман иелерінің, яғни білім саласындағы қызметкерлер, оқушылар, ата-аналар арасындағы байланыс кезінде диологтық қарым-қатынас болуы деген тұжырымды өткен заманғы ұлы педагогтар И.Г.Песталоцци, Я.А.Коменский және т.б. еңбектерінде мұғалімдерге келесідей ұсыныстарын айтқан болатын: «Балаларды өзіңіздің қатаң келбетіңізбен оларды қорқытып, үркітпей, керісінше қайырымдылығыңызбен, мейірімділігіңізбен балалардың жүрегіне жылу беріп өзіңізге

тарта білсеңіз, олардың мектепке, білімге деген құштарлығын оятар едіңіз» [45].

Өз уақытындағы классик-педагогтар оқушы мен оқытушының арасындағы қарым-қатынас педагогикалық іс-әрекеттің ең басты гуманизациялық компоненттері деп қарастырды. Мұғалімнің іс-әрекетіндегі жеке сапалық қасиеті, икемділіктері, білім алушылардың жеке тұлға болып қалыптасуына мүмкіндік береді.

Белгілі ғалым И.Ф.Гербарт: «Жалпы педагогика тәрбиелеуге мақсатталған. Тәрбиеші мен тәрбиеленушінің арасындағы қарым-қатынасты құру үшін екі жолын көруге болады: тәрбиеші баланың уайымына ортақтасып жәй жаны ашиды, немесе бала тәрбиеленушінің уайымын бірге сезініп, оның проблемасын өзінің жеке проблемасы ретінде қарастырады», - дейді. Сонымен бірге Гербарттың пікірінше, оқушы мен оқытушы арасындағы сыйластық қатынас авторитарлы қарым-қатынас бағытында болмауы керек дейді [45].

Белгілі орыс жазушысы Л.Н.Толстойдың пікірінше тәрбие – білім алушылардың жүрегіне жол таба білу дейді. Педагогикалық еңбектерінде оқытушыларды білім алушыларға берілетін ақпарат білімін жеңілдетуге, көмектесу жолымен жүруге шақырады. Әрбір сабақта өткізілетін материал оқушының ақыл-ой деңгейімен талдап, сұрақ - жауап арқылы құрастыруда талап етеді, яғни оқытушыда пәнге деген қызығушылықтан гөрі, оқушыларға деген қызығушылықты оятуды сұрайды [46, 87 б.].

Психологияда қарым-қатынасты Л.И.Божовичтің пікіріне сүйене отырып, балалармен тіл табысудағы қиындық, балалар ойнағанда жүрекке сенім арататындығы, сондықтан олармен тіл табысу үшін үлкен іскерлік қажет деп есептейді [47].

Гуманизация идеясы бойынша барлық педагогикалық процестегі жеке дара қатынас жасауға отандық педагогтардың еңбектерінде аса көңіл бөлінген.

К.Д.Ушинский пікірінше, алдымен адамды жан-жақты танып білу үшін әлсіздігі, күштілігі, ұсақ-түйек қажеттіліктері және де рухани талаптарына көңіл бөлу керек.

А.С.Макаренконің пікірінше, жетік маман болу үшін педагогикалық қарым-қатынастың, педагогикалық шеберліктің техникасын игеру қажет. Біздің зерттеу жұмысымызда В.А.Сухомлинскийдің пікірлері үлкен орын алады. Ол оқытушының балалардың психикасына күш салып дауыс көтеруіне, мағлұматтарды баяндаған кезде сөздің шапшаңдығы мен көп, әрі бос сөзге берілмеуіне және қажет емес сұрақтар мен қайталаудың болуына мүлдем қарсы болды [48; 49; 50].

А.А.Леонтьевтің пікірінше, педагогикалық қарым-қатынас — бұл мұғалімнің тәрбие жұмысынан тыс немесе сабақта оқушымен іскерлік қарым-қатынасы. Педагогикалық қарым-қатынас - оқу барысында оқушыны жан-жақты қалыптасқан тұлға етіп дамуына және оқуға деген шығармашылық қабілетін, мотивациясының дамуына жағдай жасайтын процесс. Сонымен бірге оқу процесі кезінде даралық ерекшеліктерді ескере отырып, шәкірттердің әлеуметтік-психологиялық процесін басқару қабілетіне, онда туындаған келеңсіз жағдайларға жағымды эмоционалды жай-күйіді қамтамасыз ету [ 43, 18 б.].

Г.М.Андреева: «Қарым-қатынас — әлеуметтік адамдық феномен, ол өз бастауын жануарлар әлеміне тән адамзаттың биологиялық қажеттілігі мен қабілеттілігінен алады», - деген болатын [51, 48 б.]. Биологиялық тұжырым-дамада қарым-қатынас ұғымының, санасыз әрекетінде көрініс береді. Біз осы орайда, биологиялық қажеттілік адамның қоршаған ортаға бейімделу, икемделу шартына тәуелді, тәуелділіктің жоғары мәдени даму деңгейін игеру арқылы адами құндылықтарға ие бола алады деп тұжырымдаймыз. Тұлғалық құндылықтарды игерген адам санасыз әрекеттерге бармайды, керісінше қарым-қатынас мәдениетіне ие бола алады.

М.Каган адамды қарым-қатынаста сүйкімді және өнегелі етіп көрсететін оның мәдениеттілігі, тәртіп және қылық гормониясы десе, А.С.Макаренко білім алушылармен қарым-қатынас жасауға педагог студенттік кезінде үйретілуі қажеттілігін жетілдіру үшін арнайы дәрістерді жоғарғы оқу орындарда оқыту керек деген-ді [52, 77 б.].

А.Н. Леонтьев іс-әрекеттің қай түрін болмасын қарым-қатынаспен қабаттас болады деп түсіндіреді. Ол іс-әрекетті

қарым-қатынастың қажеттілігі ретінде қарастырған. Сол секілді қарым-қатынас проблемасын құрылымдық компоненттерін В.В.Давыдов өз зерттеулерінде қарастырған болатын. Ал, Г.М. Андреева зерттеулерінде қарым-қатынас белгілі бір мақсат бағдарлауда, адамдардың бір-бірін қабылдай алуы, өзара бірлесіп іс-әрекет жасауы және ақпарат алмасу үрдісі ретінде қарастырылады [43, 47 б.; 51;53, 43б.].

Қарым-қатынасты зерттеуде ең алдымен оның құрылымдық компоненттерін анықтау қажет. Осыған байланысты Г.М.Андреева [51,113 б.] қарым-қатынастағы өзара байланысты 3-жағынан қарастырған: коммуникативтілік, интерактивтілік және перцептивтілік. Коммуникативті тұсы мәлімет беру, алмасу мәселесімен көрінеді; интерактивті тұсы мәні қарым-қатынас құрушы жұптардың өзара әрекеттестігінде болады, ал перцептивті компонент – жеке адамдардың бірін-бірі қабылдауы, өзара түсінушіліктері. Ғалымның бұлай топтастырылуы, бөлудің шартты түрде қарым- қатынас үрдісінде оның үш тұсы да көрінеді. Студенттердің өзара қарым-қатынас орнату зерделеуде комуникация, интеракция, және перцепция айырмашылықтарын ескере отырып, ұлттық негізде қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыру болып табылады.

Біз өз зерттеулерімізде адамдар арасындағы қарым-қатынасты коммуникативті іс-әрекет деп қарастыратын А.А.Леонтьев [43, 51 б.], М.И.Лисина [54,17 б.] тұжырымдамаларына сүйендік.

Психологиялық әдебиеттерді жан-жақты талдап, қарастыра келе, біз қарым-қатынасты тиімділігін анықадамдардың өзара түсіну механизмін сипаттайтын күрделі психологиялық құрылым деп түсінеміз.

Адам арасындағы қарым-қатынаста түсінушілікке жету қолданатын әдіске байланысты. Сыйластық формасында басқару адамның тұлғасы, оның белсенділігі, тәртіптілігі, әділдігінің қалыптасуына мүмкіндік береді.

Адамзат болмысының бөлінбес бөлшегі бола отырып қарым-қатынас жеке адам дамуының құрамы мен басқаруы бола алады. Ол арқылы адам қоршаған орта, әлеуметтік ортамен әр

түрлі байланысқа түсіп, қоғамдық мәдени және адами құндылықтарына жақындасуы, өзін-өзі тануы, дүниемен өзара байланысы қалыптасады.

Қазақстандағы антифеодалдық мәдениеттің бағыты мысалы, Қорқыт пен Асанқайғы аңыздарынан, М.Өтемісовтың айбынды жырларынан, Бұхар жырау мен Төлебидің ой-толғамдарынан, Абай, Ыбырай, Шоқан шығармаларынан көрініс тапты.

Қарым-қатынас процесінің құрылымы туралы зерттеулерде Б.Әбдіғалиев, Қ.К.Жампейісова және т.б. ұсынған [55; 56].

Г.И.Қалиева, Г.А.Уманов, З.А.Исаева зерттеулері мәдениет танымдық қарым-қатынасқа түсетін адамдардың танымдық-мотивациялық мінез-құлық сферасындағы өзгерістерді туғызатын, ортақ нәтижеге жеткізетін қатынастарды реттеу мақсатына, бірін-бірі бейнелейтін өзара әрекет процесіне жатқызады.

Мектепте адамгершілік іс, оқытушының қарым-қатынас мәдениетін қалыптастырудағы тәрбие үрдісіне назар аударған қазақ ойшылдары М.Жұмабаев, Ш.Құдайбердиев, А.Құнанбаев, Ш.Уәлиханов, Ы.Алтынсарин және т.б. [57; 8; 58; 59; 60]. Ы.Алтынсариннің пікірінше, балаларға ақырын, ренжімей, шыдамдылықпен күрделі сөздерді қолданбай-ақ түсіндіріп, әрбір зат турасында шынайы көңілмен, қарапайым ғана тілмен ұғындыру қажет [60].

Қарым-қатынасты зерттеу мәселесімен айналысушы ғалымдардың көпшілігі (К.Ж.Төребаева, К.И.Исламова, З.Ж.Қашқымбаева, Г.Т.Тасболатова және т.б.) адамдардың қарым-қатынасты жүзеге асыруда қажетсіну, басқа адамды танып білуге ұмтылу, ниет білдіру ерекшеліктеріне тоқталған [61; 62; 63; 64].

М.Жұмабаев өзінің «Педагогика» атты еңбегінде, келешек ұрпақтың тәрбиесі, дүниетанымдылығы мен мәдениетінің жетік болуы ұлттық тәрбиенің түп-тамырын сақтағанда ғана терең білім мен қабілеттің қалыптасуына психологиялық мүмкіншіліктері жетік болады. Баланың ішкі жандүниесіндегі құндылықтарды (ақыл-ой, сезім, ерік) жетілдіру үшін мұғалім деген тұжырымға келеді [57,18 б.].

Ғылымда «қарым-қатынас» — бұл өзіндік ерекше мәнге ие күрделі педагогикалық проблема деп қарастырушы қазіргі бірқатар педагогтардың еңбектерінен көре аламыз. Олар: Т.Тәжібаев [65], Қ.Б.Жарықбаев [66], Х. Т. Шерьязданова, А.Р.Ерментаева [67], К.Ж.Төребаева [68] және т.б. Осы ғалымдардың еңбектері негізінде педагогикалық қарым-қатынастың ерекшеліктері мен құрылымын зерттеп, болашақ мұғалімдердің бойына сіңдіріп, қалыптастыру мәселесі ұсынылады.

Заман талабына қарай педагогтың әлеуметтік бейнесінің қалыптастыруда педагогикалық қарым-қатынас мәселесіне келіп тіреледі. Әрбір адамның әлеуметтенуі өзінің ортасына қарай мәдени құндылықтар, өзара байланыстар, әлеуметтік талаптарға байланысты болады. Демек қарым-қатынас студенттің тұлға ретінде жетілуіне пайдасын тигізетін құбылыстардың бірі, яғни қарым-қатынас барысында өзге тұлғаларды қабылдап, олардың тілдік мәдениетіне бейімделеді және соған сәйкес қимыл қозғалыс қалыптасады. Сонымен қатар индивидтің әлеуметтік ортада: отбасылық жағдайымен моральдық нормаға, құқығымен міндеттеріне сүйеніп отырады. Студенттердің әлеуметтенуі екі принципке сүйенеді: еліктеу және бейімделу. Болашақ мұғалімнің тұлғалық бейнесін қалыптастыру үшін студент кәсіби ортада педагогпен қарым-қатынас барысында жалпы құндылықтарға ие болу және педагогикалық мәдени ерекшеліктерге көңіл аудару қажеттілігін айтамыз. Қарым-қатынасқа қажетті қалыптасқан дағдылар мен икемділіктер әлеуметтік фактор ретінде әсерін тигізеді, осы факторға жеке тұлғаның қалай қатынас жасайтындығына талдау жасай келе, оның әсеріне назар аудару.

Ол тұлғаның ортада әлеуметтенуіне тигізетін әсерін қандай жағдай болсада бейімділік, икемділік байқатады. Педагогикалық қарым-қатынас барысында әсер ететін жағдайлармен себептер бір-бірін жетілдіреді. Олардың өзара сәйкес болуын педагогикалық кадрларды тағайындау, қайта дайындау барысында көңіл аударылуы тиіс.

Педагогика ғылымының тарихында педагогикалық қарым-қатынас мазмұнын әлеуметтік бейімделуде коммуникативтік сапаға байланысты.

Әлеуметтік орта дәл тарихы бар, бұрыннан өмір сүріп келе жатқан өзіндік ерекшелігі, ережесі анықталған қоғамдық ұйым. Ал қазақ халқы қонақжай, кең пейілді ашық өзгелерді жатырқамай, әрдайым қарым-қатынаста болатын ұлт. Қарым-қатынаста мәдениетті, іскер, жоғары дәрежеде білікті, ұлттық рухани бейнесі қалыптасқан маман қазіргі уақытта дайындалып жатқан болашақ педагогтар ұлтымыздың болашағы деп білеміз.

Студенттермен қарым-қатынас жасауда тілдік байланыстың әсерінен туындаған ақпаратқа жауап қайтарады, оқу әрекетінің негізгі мақсатын қабылдай отырып, жаңа ақпаратты игереді.

Қарым-қатынаста жеке адамның әлеуметтену үрдісі жүреді, соның нәтижесінде оның қоғамдық рухани және материалдық құндылықтарға жақындау мен дәстүрлермен танысу жағдайы қалыптасады. Қарым-қатынас үрдісінде жеке адамдық ерекшелігін көрсетеді, үздіксіз қарым-қатынаста болатын қоғамға енеді. Тілдік байланыс әрбір адамның әрекет субъектісіне айнала отырып, қоршаған орта мен дүниені таниды және қарым-қатынасты дамытады. Тұлғаның ішкі мәдени дамуы бірте-бірте іс-әрекет барысында қалыптасады.

Жоғары саналылық, әділеттілік, ақылдылық, өнегелілік, қарым-қатынас мәдениеттің жоғары шегі. Қарым-қатынас теориясында мәселенің тереңдігіне көз жеткізу, әсіресе іс-әрекет пен оның тәуелсіздігі проблемалары қарым-қатынастың философиялық негізін құрайды. Кейбір зерттеушілер іс-әрекет пен қарым-қатынасты құбылыстың екі белгісіне теңейді, ал кейбіреулері адамның өмір сүруінің екі жолы және формасы дейді.

Қарым-қатынас пен қоғамдық қатынастың бірлігі, ұлттық қарым-қатынастың тұлғаралық байланысына әкеледі. Ғылымдағы кейбір бағыттар қарым-қатынас іс-әрекеттің түрі деп тұжырымдайды. Қарым-қатынасты іс-әрекет түріне балайды. Тұлға аралық қатынастар өзінің негізгі сипаттамасына орай іс-әрекеттің ерекшелігін білдіреді, қарым-қатынас секілді ол қажеттіліктерді өтеуге бағытталады.

Адамның мақсатына байланысты қарым-қатынас біріншіден, басқа адамдарды таниды, сол адамдардың әсерімен өзін-өзі таниды, бағалайды, екіншіден, өзге кісілермен әрекетте барысында мақсатты түрде белсенді жан иесі ретінде көрінеді.

Қарым-қатынас өзінің үздіксіздігімен, күту тұрақтылығымен, коммуникативтік дағдылармен көзге түседі. Мұндай ортада коммуникацияның жойылуы кездеседі, керісінше қарым-қатынас арнайы ынталық пен білімді қажет етеді.

*Екіншіден, функциялық* — рольдік коммуникацияның түрі едәуір іс-әрекетпен және өмір салтымен жіктелген жағдайда дамиды. Коммуникация ережесіне сәйкес адам әрекетінің статусына және қалыптасқан жүйесіне, кәсіптік рөліне сай келеді. Ауызекі немесе одан да көп жазба түрде араласу қарым-қатынас мәдениетінің қалыптасуына негіз бола алмайды. Тұлғааралық қарым-қатынас көптеген сатылардан тұрады. Мысалы, қала адамдары әдетте көшеде немесе қала көліктерінде бір-бірімен сұхбаттаспайды, олардың бірімен-бірінің танысу ережелері мақсатты жағдайда жүзеге асады.

*Үшіншіден, бұқаралық коммуникация* осы заманның бұқаралық қоғамының шеңберінде қалыптасады. Ол адамдардың әлеуметтік статусына және мекен жайына қарай ақпарат адамдардың көп шоғырланған ортасында бірден тарайды деген сөз. Мұндай коммуникация, тек қана ізденістің тым жылдамдығын және жалпылама болуын, ақпаратты өңдеу және таратуды қамтамасыз ететін жаңа технологиялық құрал-жабдықтар бар болғанда ғана мүмкін болады. Жаңа ақпараттық және коммуникативтік технологияның енгізілуі коммуникативтік процестерді өзгертіп қана қоймай, сонымен қатар адамдардың арасындағы байланыстардың түрлерін, материалдық және рухани өмір сипаттарын түбегейлі өзгертеді.

Жеке адамдардың өзара қарым-қатынасы адамдардың бір-бірімен қарым-қатынасындағы теңдігі мен иерархиясы, мәдениеттердің айырмашылықтарының өлшемі болып есептеледі. Сонымен бірге қазақ халқының ұлттық-мәдени қайта өркендеуі жағдайында студенттердің рухани қайта өркендеу негіздерін қалыптастыратын халық дәстүрлерінде тәрбиелеудің

заңды, объективті қажеттігі өсе түседі. Мұндай жағдай болашақ маман иелерінің өз халқының рухани қазынасымен, оның ұлттық мәдениетімен, әдет-ғұрыптары мен дәстүрлерімен неғұрлым тереңірек таныстыру қажеттігін тудырады.

Рухани білім, қарым-қатынас туралы білімі біліктілігі адамдардың қарым-қатынасын реттейді. Оның әртүрлі құралдары бар, оның ішінде тарихи ескеркіштер, көркемөнер, бейнелер, мәтіндер және дәстүрлер т.б. сонымен қатар топтың, қоғамның және азамматтың басқа да мәдени құндылықтарының жинақталған мұра мазмұны болып табылады.

Қазіргі кезеңде жас ұрпақтың тәрбиесіне қойылатын жаңа заман талабы – ол өз Отанын сүйіп және құрметтейтін, өзара қарым-қатынаста мәдениетті, өзін-өзі жетілдіру арқылы өмірлік мақсаттарына жете алатын, адамгершілік құндылықтарды қастерлейтін, жеке қызығушылықтары мен қажеттіліктерін қоғам талаптарымен үйлестіре білетін тұлғаны қалаптастыру үшін тәрбие үрдісін ұйымдастыруды кешенді түрде қараудың қажеттілігіне баса назар аудару. Әсіресе, әлемдік білім кеңістігіне ену, әлемдік жетістіктердің негізінде ұлттық мектебімізді жасауда қарым-қатынас мәдениеті қажеттілігі ерекше назарда болу қажет. Сондықтан бұл мәселені тиімді шешудің, оқу-тәрбие үрдісінде қарым-қатынас мәдениеттін қалыптастыру нәтижесін бағалаудың көрсеткіштері мен өлшемдерін, соған сәйкес деңгейлерін жасау маңызды.

## 1.2 Студенттердің қарым-қатынас мәдениетін қалыптастырудың педагогикалық – психологиялық тұғырлары

Болашақ маман иелері студенттердің жалпы қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыру барысындағы басты факторлардың бірі — ұлттық ерекшеліктер үнемі зерттеуде педагогтар мен психологтардың және мұғалімдердің өзіндік назарын аударуда. Мұғалімдердің кәсіби әрекеттеріндегі басты орынды қарым-қатынас мәселесі алатыны сөзсіз. Сондықтан болашақ маман иелеріне қарым-қатынас мәдениетінің

құндылығын, компоненттері мен көрсеткіштерін түрлерін жан-жақты түсіндіру аса маңызды болып көрінеді. Адамның қоршаған ортадағы қарым-қатынаста, өзара әрекеттестік педагог ісінің алға басуына мүмкіншілік береді. Жай қарым-қатынас емес, оған қойылатын талаптарға бойынша өз мамандығының беделді иесі болу үшін мәдениеттілік, этикалық құндылықтарды ескеру мазмұнды болып табылады. Сонымен бірге әрбір жеке тұлғаның шыққан тегі, яғни ұлттық ерекшеліктері мен этикалық өзіндік сана-сезімдері үлкен әсерін тигізеді.

Педагогикалық қарым-қатынас мәселесі дәл қазіргі жағдайда педагогикалық және психологиялық зерттеулердің негізгі объектісіне айналуда. Көптеген ғалымдарымыздың көзқарасы бойынша, келешекте жақсы маман дайярлауда студенттерге педагогикалық әдеп, іскерлік, дағдыны қалыптастырудағы басты компоненттерінің бірі — қарым-қатынас мәдениетінің ұлттық ерекшеліктерінің педагогикалық шарттарын айқындау болып табылады.

Бұл проблеманы шешудің басты жолы педагогикалық кадрларды дайындайтын жоғары оқу орындарының қабырғасында ескерілуі тиіс. Сондықтан заман талабына сай, студенттердің қарым-қатынас дағдылары мен икемділігін қалыптастыру, яғни студенттің педагогикалық қарым-қатынас кезіндегі әр түрлі жағдаяттарға бейімделуі, тез меңгеру қабілеттерін игереді, жұмыстастармен, білім алушылардың жағымды қарым-қатынасын құруға ұмтылу, қызығушылығы мен білімін әрдайым қажеттілігіне сай жетілдіру маңызды болып табылады.

Сонымен, теориялық зерттеулердің нәтижесінде болашақ мамандардың қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыруда жеке тұлғаның көрсеткіштері анықталды (1-сурет).

Студенттер – жастардың шығармашылық, танымдық-ізденімпаздық қабілеті бар, өзін қоршаған әлеуметтік орта, қоғамдық болмыс туралы өзіндік ішкі ой-пікірлері жүйелі түрде қалыптасып келе жатқан алдыңғы қатарлы тобы. Сондықтан да болар, кез-келген қоғам үшін студенттер, оның интеллектуалдық әлеуетін үнемі толықтырып отырар қайнар бұлақ көзі болып табылады.




1-сурет – Студенттер қарым-қатынас мәдениетін қалыптастырудағы маңызды жеке тұлғалық көрсеткіштері

Демек, студенттердің алған білімдерінің сапасының жоғарылығы, әлеуметтік-адамгершілік тұғырының беріктігі, кәсіптік біліктері мен рухани жан дүниелерінің байлығы қоғамның ілгері қарай прогрестік жолмен қарыштап дамуының кепілдік-тұтқалық сүйеніші.

Сөйлеу әрекеті жүзеге асу үшін әсер ететін бірінші жайт-қажеттілік Психологтар мен педагогтар да кез-келген іс-әрекет жеке адамға қажет болған жағдайда ғана орындалатынын және оның нәтижелі болатынын бір ауыздан қолдайды. Сондықтан студенттердің тұлғалық бейнесінің қалыптасуына қарым-қатынас мәдениетінің жеткілікті болуы үшін білімі, дүниетанымы, сезімталдығы, дағдысы мен икемділігі және ең бастысы қарым-қатынасқа ұмтылысы, белсенділігі, ішікі-талап тілектері болуы керек.

Студент сабақта, күнделікте тілдік қарым-қатынас кезінде алған білім көлемін, тілдік материалдарды ұзақ мерзімді есте жинақтайды. Ұзақ мерзімді есте адамның болашағына керекті білім мен біліктіліктер сақталады.

Жоғары оқу орындары студенттерінің басты міндеті таңдап алған мамандығы бойынша теориялық білімді, практикалық дағдыны және зерттеулердің қазіргі әдістерін меңгеруге оқу жоспарлары мен оқу бағдарламаларында көзделген тапсырмалардың барлық түрлерін белгіленген мерзімде орындау, ұлттық және жалпы адамзаттық, рухани-адамгершілік қазыналарды құрметтеу, ішкі тәртіп ережелерін сақтау, Қазақстан Республикасы заңдарында белгіленген басқа да талаптарды орындау болып табылады. Студенттердің жеке басының қалыптасуы жоғарыда жан-жақты талдап көрсеткеніміздей, өте күрделі процесс. Өйткені, студенттер де өздері басқалар сияқты қоғамның белгілі бір тарихи формасының жемісі. Олай болса, студенттердің жеке басының қалыптасуы туралы түсінік те жеке тұлғаның қалыптасуы туралы ғылыми теорияға сүйене отырып, қоғамдық қатынастардың жиынтығы ретінде қарастырады.

Жеке тұлға – әлеуметтік адами қадір-қасиеттердің биологиялық жанның, яғни индивидтің бойында көріну түрі. Әр бір жеке адам-дара тұлға, өйткені оның бойынан көрінетін

әлеуметтік белгілер индивидтің бойынан көрінетін адами қадір-қасиеттердің, оның қоғамдық табиғатының жиынтығы, көрінуі, білінуі. Сондықтан да болар, адамдардың әлеуметтік табиғатын сипаттау үшін социологиялық ғылыми әдебиетте «индивид», «жеке адам», «жеке даралық», «дара тұлға», «кісі» деген терминдер пайдаланылады. «Дара тұлға» термині адам баласының бір ғана өкілін даралап көрсету үшін қолданылады. «Жеке даралық» – жеке адамның өзіндік ерекшеліктері, өзіне тән мінез-құлқы, сезім-түйсігі, интеллектісі, ақыл-парасаты, бітім болмысы бар тіршілік иесі деген сөз. Осы ерекшеліктеріне қарай әр бәр адам, тіршілік иесі бір-біріне ұқсамайды. Бірін-бірі қайталамайтын ерекше жан, феномен ретінде қарастырылады.

Жоғарыда айтылған ой-пікірлерді талдау жасай келе, төмендегідей қорытынды жасауымызға мүмкіндік береді:

- дүниеге келген әрбір жеке адам-дара тұлға, кісі ретінде белгілі бір тарихи әлеуметтік ортада, отбасында, мектепте, еңбек ұжымында әлеуметтендіру барысында, яғни жеткіншек, жас ұрпақты оқыту мен тәрбиелеу процесінде белгілі бір тәртіпке келтіріп, жинақталған қажетті ғылыми білімдерді, рухани байлықтарды, мүдделер мен құндылықтарды, дүние танымдық тағылымдар мен салт-дәстүрлерді, әдет- ғұрыптар мен жөн-жоралғыларды, адамгершілік пен мінез-құлық нормаларын меңгерту арқылы оларды біртіндеп өздері өмір сүріп отырған қоғамның әлеуметтік-экономикалық құрылысына сәйкес әлеуметтік рольдер жүйесіне қосу барасында қалыптастырылады.

- дара тұлға тек белгілі бір тарихи әлеуметтік ортаның жемісі ғана емес, сонымен бірге сол ортада қалыптасқан қоғамдық қатынастардың, жасампаздық іс-әрекеттің, тарихи прогрестің белсенді субъектісі де болып саналады.

Жалпы жоғарыда айтылған пікірлерден түйіндейтінніміз, С.Д.Рубинштейн, Г.М.Андреева, А.А.Леонтьев, М.И.Лисина, Х. Т. Шерьязданова және т.б. көптеген зерттеушілердің барлығы дерлік, жеке тұлғаның әлеуметтік мәнін бірнеше орынға қояды. «Адамның бүкіл алуан түрлі қасиеттерінен жеке тұлғаға тән қасиеттер ретінде», - деп жазады белгілі психология ғылымдарының докторы, профессор С.Д.Рубинштейн [16, 96 б.].

Ғалымның ойын тұжырымдар болса, адамның қоғамдық мәні бар мінез-құлығын немесе әрекетін туғызатын қасиеттерімен ерекшеленеді. Сондықтан оларда уәждер және адам қоятын міндеттер жемісі, адамның қылығын туғызатын мінезінің ерекшеліктері (олардың адамның басқа қатынасын іске асыратын немесе білдіретін әрекеттері) және адамның қабілеттері, яғни адамды қоғамдық пайдалы әрекеттің тарихи түрде қалыптасқан нысандарына жарамды ететін қасиеттер негізгі орын алады.

Демек, тұлғаның білім мен икемділігінің жоғары болуы адамның мәдениеттілігін жоғарлатады. Білім, икемділік және дағдының даму деңгейінің адам мәдениетінің құндылығы болып табылады және мамандандырылған шеберлікті білдіреді, даму деңгейінің тұлғаның практикалық ойлау жүйесі екенін байқаймыз.

Студенттің болашақ маман ретінде қарым-қатынас мәдениетін ұлттық ерекшеліктер мен дәстүрлерді сақтай келе дүниетанымын нығайту, инттелектуалды іс-әрекеттің үйлесілімділігі, жүйелілігін қамтамасыз ету және қоғамның жаңа жағдайларына бейімдеу, дамыту болып табылады. Сонымен педогогикалық-тәжірибе негізінде төмендегі міндеттерге көңіл аударылды:

- Жалпы қарым-қатынас мәдениетінің практикадағы шынайы жағдайын қарастыру.
- Кәсіби педогогикалық қарым- қатынас мәдениетін қалыптастыруда халықтық педагогика идеяларын пайдалану мүмкіндіктерін айқындау, әдістемесін ұсыну.
- Практикалық жұмыстарға ұсыныстар мен ғылыми қорытынды жасау деген және эмпирикалық материалды жалпылау, болашақтағы даму бағаларын көрсету.

Қарым-қатынас жетістігі көп жағдайда әлеуметтік перцепция деңгейімен сипатталады, яғни өзге адамдардың бір-бірін, топта, әлеуметтік ұжымда, өзін түсіне алуы мен бағалауы қабылданады.

Әлеуметтік перцепцияда адамдардың бірлесіп қарым-қатынас жасауға талабынан туындайтта ортақ іс-әрекеттер жасалады. Қарым-қатынас жасау барысында әрбір жеке адам

шын пейіл білдірсе, оны басқа біреудің тағдыры қобалжытса, егер ол басқа біреуді (туысын, жолдасын) қуанышқа бөлегенінен өзін бақытты сезінсе – ол нағыз «Адам» болады деген сөз. Адамды сүю, құрметтеу, ар-ожданды, ұяттылықты, сөз бен істің, мінез-құлықтың бірлігін тәрбиелеу сонау балалық шақтан басталады.Жоғары деңгейде тәрбиелік, білімділік, парасаттылықты, инабаттылықты, әдептілікті, кішіпейілділікті, қарапайымдылық т.б. қасиеттерді қалыптастыруды-адамгершілік тәрбиесі дейміз. Адамгершілік тәрбиесі ─ белгілі бір мақсатқа негізделген көзқарасты сенімді, мінез-құлықты, дағды мен икемділікті қалыптастыруға және ұлттық сананы, қарым-қатынасты дамытуға, жалпы адамзаттық құндылықты тиімді пайдалануға бағытталған жалпы адамзаттық тәрбиенің құрамдас бір бөлігі.

Адам санасында адамгершілік қағидаларының бейнеленуі, адамның қоғамдағы және бір-бірімен қарым-қатынасындағы мінез-құлық пен іс-әрекетін реттеуші қызметін атқарады.

Ойлау жүйесінің нәтижесінде тілдік және қатысымдық тұлғалар дұрыс қолданып, сөйлесу мәдениеті әрекеті маңызды роль атқарады. Сондықтан тілді үйрету барысында әрбір оқушының жеке қабілеті, саналылығы еске алынып, жан-дүниесі, оның дұрыс ойлау жүйесін дамытуға назар аударылады.

Тілдік коммуникация ─ әңгіменің барысын дұрыс түсініп, тұлғаның сана-сезіміне әсер етіп, қажетті сөзді тауып ұғындыру. Демек қарым-қатынасты қалыптастыратын, дұрыс ретке келтіретін сөз, қимыл-қозғалыс, ым-ишара, тіл, ал осылардың психологиялық негізі ойлау, сөйлесу құбылыстары, ұлттық дүниетаным болып табылады.

Әр адамның бойына сіңірген ана тіліндегі тәрбиесіне байланысты кез-келген сөйлесімге қарым-қатынас кезінде сол мәселе жөнінде адамда ішкі ой, мен сөз қалыптасады. Дегенмен ішкі ой деген нақты процесс жоқ, тек қана әр адамның ішкі пікірі деген ұғымды процесте бар. Ойлау екі қызмет атқарады: танымдық және қарым-қатынастық. Танымдық үдеріс ретінде ойлаудың қолданылатын құралы – тіл. Сонымен қатар, ойлау мен сөйлеу басқа тілге үйренуге де өзінің қатысымдық қызметін

атқара береді. Дәл осы тұстада ойлау тіл мен сөйлеудің өте тығыз байланысын қарастырады.

Қарым-қатынас процесін қалыптастыруда тіл және сөйлеу мәдениеті мәселесінің мазмұнын айқындау маңызды болып табылады.

Ф.Соссюр тіл мен сөйлеуді ажырата келіп, олардың әрқайсысына тән айырмашылықтарды нақтылап көрсетеді:

1) Тіл ─ әлеуметтік, ал сөйлесу ─ жеке-дара құбылыс.

2) Тіл ─ тұрақты және ұзақ өмір сүретін процесс, ал сөйлеу тұрақсыз және жие өзгеріп отырады.

3) Тіл ─ адамның миымен, санасымен бірге өзі қалыптасатын процесс, ал сөйлеу әркімнің өзі дамытып отыратын процесс.

4) Тіл ─ адамның қарым-қатынасында және бәріне ортақ, ал сөйлеуде автордың өз қолтаңбасы болады.

5) Тіл ─ психикалық құбылыс, ал сөйлеу- психофизикалық құбылыс [45].

Жоғарыда айтылған пікірлердің барлығында, негізінен, тіл мен сөйлесуге қатысты Фердинанд де Соссюрдің айтқан ерекшеліктері сөз болады. Мәселен тіл мен сөйлесімнің психологиялық, физиологиялық жақтары, таңбалы жүйесі ретіндегі өзгешелігі, әлеуметтік-жекелік табиғаты, олардың қарым-қатынас құралы тарапынан ерекшелігі. Авторлардың көпшілігі бұл мәселелерді одан әрі жалғастыруды, дамытуды көздейді.

Сөйлеу әрекеті жүзеге асу үшін әсер ететін бірінші жайт ─ қажеттілік. Психологтар да педагогтар да кез-келген іс-әрекет жеке адамға қажет болған жағдайда ғана орындалатынын және оның нәтижелі болатынын бір ауыздан қолдайды. Сөйлеу әрекетіне үйрету де «қозғаушы тетік қажеттілік болған жағдайда ғана жүзеге аспақ.

Психологтар қажеттіліктің бірнеше түрін атап жүр. Олар:

а) сыртқы ( әлеуметтік) қажеттілік;

ә) жекелік қажеттілік;

б) ішкі (қатысымдық) қажеттілік [50, 55 б.].

Әлеуметтік қажеттілік қоғамдық деңгейдегі сұранысты өтеу қажеттілігі негізінде туындайды. Бұл қажеттелік оқу кезінде

студенттің өз елі алдындағы борышын дұрыс түсініп, өмірінде қандай маман болмасын жетістікке жетудің көзі білімді азамат болу екенін дұрыс түсінгенде, жүзеге асырылады. Адамзат жасаған бағалы мәдениеттің бірі – тіл болса, адам неғұрлым көп тілді білсе, солғұрлым таным өресінің кеңейе түсетінін түсіну де үйретуде естен шықпау керек.

Қазақ тілінің қарым-қатынастық аясының кеңейуі, егеменді елдің мемлекеттік тілге айналуы, бұл тілді өзге ұлт өкілдерінің өзара түсінуінің, тілдік қарым-қатынастың құралына айналдырудың әлеуметтік қажеттілігіне тоқталар болсақ:

- *жекелік қажеттілік,* әр студенттің қазақ тілін меңгеруді өзіне қажет деп санағанда, өзінің жеке басының мүмкіндігін дәлелдегісі келген жағдайда алға қойылады.

- *Ішкі немесе қатысымдық (коммуникативтік) қажеттілік,* қазақ тілін қарым-қатынас құралы ретінде қолдану қажеттігі. Сөйлеу мәдениеті қарым-қатынас үстінде, сөйлесу кезінде ғана ұштала түседі, әйтпесе ол өзінің мәнін жояды, жасанды халге түседі. «Оқу процесі кезінде табиғи сөйлесу мүмкіндігінің болмауы сөйлеу әрекетіне үйретуде көп қиындық келтіреді. Бұл қиындықты жеңу үшін оқытушы студенттердің қатысымдық қажеттілігін үнемі туындатып отыру керек» [69, 102 б.].

Адам баласы қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыру үшін, тіл қатынас жүйесі жөнінде жан-жақты білім алуы керек.

Білім – адамның ойлауы арқылы орындалатын іс-әрекеттер жасауы нәтижесінде жинақталатын мағлұматтар. Сөйлеу мәдениетіне үйрету де алған теориялық білімі мен оны күнделікті тұрмыста қолдану іскерлігі мен дағдысын қалыптастыру болып табылады, ал қарым-қатынастағы дағды мен икемділігі де маңызды роль атқарады. Дағдыны қалыптастыру үшін ой қызметінің белсенді әрекетімен тығыз байланысты. Сондықтан да сөйлеу тетігін түсіну үшін, ойлау тетігін жете білу керек.

В.Л.Скаткин адамдардың тілдік қарым-қатынасының бірнеше түрін атап көрсеткен. Аудитория жағдайында бұлардың аз ғана түрін: оқытушы-студент, студент-студент, қызы-шешесі, әкесі-баласы, дәрігер-емделуші; сатушы-сатып алушы

арсындағы тілдік қатысымның үлгілерін ғана көрсетуге болады [70, 24 б.]. Сөйлеудің де бірнеше түрлерін көрсетер болсақ:

- Қатысымдық сөйлеу, яғни үйренген тіл материалдарын қарым-қатынаста жұмсау.
- Ақпараттық (шындық өмірдегі құбылыстарды атап үйрену);
- Еліктеп сөйлеу (біреудің соңынан қайталып сөйлеу).

Сөйлеу әрекетінің жүзеге асу орнына қарай сөйлеудің:

- активті (айтылу,тыңдау);
- реактивті (оқу, жазылу) түрлері.

Сонымен бірге

- жоспарлы түрде сөйлеу;
- талдау (анализ) жасау арқылы сөйлеуге;
- сөйлеудің қажеттілігіне сай тіл үйренушінің өздігінен (спонтандық) сөйлеуі;
- тілдік жағдайға (ситуацияға) қатысты сөйлеу;
- мотивсіз сөйлеу түрлері (мақұлдау, келісу, келіспеу) бар.

Сөйлеуге үйретудің бастапқы кезінен сөйлеу қатысымдық сипатта студенттердің белсенді түрде қатысуымен жүргізілуі керек. Алайда практикада көбіне сөйлесу әрекеті оқу, жазылу жұмыстарымен шектеліп жүргізіледі де, тіл үйренушілердің қарым-қатынас белсенділіктері ескерусіз қалады.

Жеке адам аралық қатынастарда туындайтын ең қолайсыз құбылыс – бұл топтан шеттетілуі, яғни адами қоғамның арасында сыйымсыздығынан ұжымдық қарым-қатынастан шеткерілеп қалуы. Мұндай адамдар көпшіліктің жек көрушілігіне тап болып, назардан тыс қалады, еленбеді. Осыдан өзі қатарларынан оң қатынас таба алмай, ақырында адамгершілік қасиеттерінен айырылып, қауымдық өмір тіршілігінен айрылғандар да кездеседі.

Студенттік шақтағы қарым-қатынастардың ерекшелігі олардың эмоционалды болуында. Студент жолдастарымен араласа отырып, бір-біріне болған айрықша сезімдер мен ықыластарға кезігеді. Сондықтан жеке аралық қатынастар, әдетте, субъективтік сипатта болып, әр адамның шын мәніндегі тұлғалық оң не теріс қасиеттеріне сай келе бермейді. Олар

әрқашан көңіл-күйіне байланысты, бірінің екіншісіне деген сезім толғанысының ауысуымен өзгеріске келіп тұрады. Көңіл-күйдің бір сәттік болуынан, жеке қарым-қатынастар құбылмалы келеді: бүгінгі тәп-тәуір сыйлы қатынас күн өтпей-ақ кері сипатқа енуі баршаға аян құбылыс. Қызметтік байланыс жеке қарым-қатынастарға қарағанда біршама тұрақты, көңіл-күйге байланысты өзгере бермейді.

Сонымен, жеке тұлғаның бітім-болмысының қалыптасып, сомдалуы әрекет нәтижесі ретінде де қарастырылады. Айталық, А.Н.Леонтьев өзінің «Деятельность. Сознание. Личность» атты еңбегінде: «Адамның кейбір психологиялық немесе әлеуметтік-психологиялық ерекшеліктерінің жиынтығы арқылы, жеке тұлғаның ешқандай бітімін алуға болмайды, өйткені, жеке тұлғаның негіздемесі салынған генетикалық бағдарламаларда да, алынған білім, білік, дағдыда жатқан жоқ, осы білім мен білік арқылы жүзеге асырылатын әрекеттер жүйесінде жатыр. Адамның жеке әрекеттерін жалғастыратын түйіндер адам жасайтын қатынастар жүйесінде байланысады, ал оның жеке тұлғасының бітімі басты, іштей сатыландырылған, уәждік мақсаттардың тұрақты сипаты болып табылады»,-дейді [71].

Жеке тұлға үш өлшеммен сипатталады: адамның дүниемен байланысының ауықымымен, олардың сатылану дәрежесімен және олардың орталық құрылымдарымен сипатталады. Мұндай көзқарастың жеке тұлға психологиясындағы үйреншікті, аталған компоненттердің бәрі бір-бірімен байланыстырылған және бір-біріне тікелей ықпал етеді. Осыдан келіп танымдық, сезімталдық-уәждік және мінез-құлықтық компоненттерді түзетін жеке тұлға бітімі сомдалады. Кейбір зерттеушілер жеке тұлғаның мынадай бітімдік өлшемдерін: әлеуметтік-құндылықты, уәждік-қажеттілікті және операциялық өлшемдерді бөліп көрсетеді.

Қорыта айтқанда, дүниеде қанша адам болса, сонша мінез, сипат бар. Әркімнің жеке басына тән өзіндік қайталанбас ерекшеліктері, атап айтқанда, тек өзіне тән дауысы, жүріс-тұрысы, білімі, дағдысы, бет пішіні, түр-сипаты, азаматтық-адамгершілік қадір-қасиеттері т.б. бар.

## 1.3 Студенттердің қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыруда халықтық педагогика идеяларын пайдалану мүмкіндіктері

Қарым-қатынасты қамтамасыз ететін әрекет төрт түрге бөлінеді: сөйлеу, оқу, жазу, тыңдау. А.Байтұрсыновтың «Тіл – құрал» еңбегінің тіл танытқыш кітабында сөз болатын сөйлем жүйесі мен түрлерін оқып отырғанда, мұнда айтылған пікірлердің сөйлеу әрекеті мен оның түрлеріне де қатысты екенін байқауға болады [63]. «Мысал: тілші – ғалым жалпы сөйлем жүйесі туралы мәселені сөз ете отырып, тілдік қарым-қатынасқа сай сөйлеу процесін де анықтайды. Сөйлем дегеніміз – сөзді құрастырып, білгілі бір ойды жеткізу. Ой анық болу үшін, тіл анық болуы тиіс. Тіл – ойдың айнасы. Тілдегі сауатсыздық – адамның жалпы сауатсыздығының, мәдениеті төмендігінің көрінісі, рухани байлығының жетімсіздігі болып табылады. Сөз әдебі – дидарласушылардың тіл арқылы ақпарат алмасуын жүзеге асыру үстінде, олардың әлеуметтік рөлдеріне және әңгіменің ресми немесе ресми еместігіне сай таңдап алған қарым-қатынас қалыптарының жүйесі.

Қарым-қатынасты білім мен рухани ішкі дүниенің бөлінбейтін ішкі бөлшегі іспетті адами құндылықтар мен ақыл-ойды қалыптастырудың айрықша тәсілі болып табылады.

Адамдардың бір-бірімен қарым-қатынас жасауы, оның бойындағы жақсы-жаман қасиеттер туралы Абай идеясының мәні, осы проблема төңірегіндегі терең де, мазмұнды ізденіс І.Р.Халитова еңбегінде зерттеледі [72].

Ж. Р. Бәшірова қазақ халқының басқа халықтар сияқты өзінің тарихы-мен, әдет-ғұрып, салт-дәстүр ерекшелігімен, өркениетті мәдениетімен, рухани байлығымен көзге түскен ұлы халықтың бірі екенін ғылыми еңбектерінде атап көрсетеді [73].

Ерте кездің өзінде-ақ көшіп-қонып жүрген қазақ халқының мәдениеті ауыз толтырып айтарлықтай жағдайда болды. Оған куә болатын, сол кезден қалған жазба ескерткіш, ауыз әдебиеті, аңыз әңгімелер кейінгі қазақ ұрпағына еліміздің сақтар, атымызды жаңғыртар, ісімізді жалғастырар, мәдениетімізді жетілдірер өркен деп қараған. Олай болса, ғалымның тұжы-

рымдап отырған негізгі ойы, әрбір халықтық дәрежесін көтеріп дамыту үшін ұрпағына өзінің дәстүрін, қадыр-қасиетін, ана тілімен, тарихымен, әдет-ғұрыптарымен, мәдениетімен дарытады деген идеясымен үндесіп жатыр.

Қазіргі ғылыми жетістіктер қарым-қатынасты әлеуметтік өміріндегі адамның ішкі және сыртқы жағдайларын туындататын себептерді бірі болып табылады. Теориялық зерттеулер бұл тұрғыда әртүрлі бағыттар ұсынады, яғни тұлғаны дамытуда мәдени дамуды қарым-қатынас реттейді, оларды басқаратын және жіктейтін механизмдерін, заңдылықтарын анықтайды.

Адами қарым-қатынасты әртүрлі деңгейде, әртүрлі кезеңде қалыптастыруды қажет етеді. Қоғамның қазіргі рухани сұраныстары мен материалдық құндылықтар барысында қарым-қатынас проблемасы маңызды болып табылады. Қарым-қатынас жеке адам өмірінің іс-әрекеті, әсіресе білім, ғылым, өнер саларында бір тұтас бөлінбейтін құрылым болып табылады. Дәлелі ретінде білім мен дағды терең байланысты. Студент қауымының қарым-қатынасқа әсер етуші фактордың бірі тілдік қарым-қатынас, соның ішінде сөйлеу мәдениеті маңызды болып табылады. Сөйлеу әрекеті адамның қандай болмасын әрекеті сияқты екі негізгі шарттан тұрады:

- Бірінші- белгілі бір мақсатқа бағытталуы. Қазақ тілін үйретуде сол тілде өз ойларын, хабарламаларды жеткізе білу оны қабылдау және оған жауап қайтару, яғни қазақ тілінде тілдік қатысымға түсу. Осы мақсатқа жеткенде ғана әрекет тоқталады.

- Екінші – белгілі бір іс-әрекеттің құрылымын айтамыз. Іс-әрекет жеке дара әрекеттермен байланысты. Тілдік қатысымды жүзеге асыру үшін алдымен, хабарлау әрекеті, қатысымға қажетті тұлғаларды іріктеу, оны қабылдаушыға дұрыс жеткізу, қабылдау, хабарға жауап беріледі байланысқа түсіру әрекеттері негізінде жүргізіледі [74].

Ф.Оразбаеваның «Тілдік қатынас пен қатысым әдісінің ғылыми практикалық негіздері» атты еңбегінде бұл құбылысты былайша түсіндіреді: «Сонда тілдік қатынас жүзеге асу үшін Баяншыдан (Б) шыққан хабар (Х) тұлғалар арқылы (Т)

қабылдаушыға (Қ) келіп, одан әрі қарай қайтадан байланысқа түсіп, тілдік айналымда жұмсалады» [75].

Адамның өзіндік даралық, кісілік қасиеттерінің белгілі бір тарихи дәуірдегі қоғамдық қатынастардың, болмыстың идеялдық бейнесі ретінде қалыптасатындығын қалай түсінуге болады.

Егер оқытушы мен студент арасындағы қарым-қатынас мазмұнды, достық, ынтымақтастықта, бұған тән өзара сыйластық, сенім, көмек нормаларына сәйкес құрылса, онда қарым-қатынаста қиыншылықтар болмайды. Осы тұрғыдан алғанда халықтың педагогика идеялары қарым-қатынас мәдениетінің жоғары деңгейін көрсетеді. Мысалы, «Үлкенге-ізет, кішіге-қамқор», «Қызым, саған айтам, келінім, сен тыңда». Мұндай халықтық педагогика идеяларын пайдалану студенттердің қарым-қатынас мәдениетінде маңызды біліктерінің қалыптасуына негіз болады (2-сурет).

Мұндай, ең алдымен, адамның бойындағы даралық, кісілік қасиеттердің жоғарыда талдап көрсеткеніміздей, үш деңгейде болатындығын аңғару керек:

1. Барлық өкілдеріне ұқсас адами қасиеттерімен, сипатталады. Олардың қатарына шаттану, уайымдау, ата-ананы сүю, зұлымдық пен әділетсіздікті қабылдамау, махаббат, ұнатпау, әділдікті ұнату, т.б. басқада рухани-психологиялық құндылықтарды жатқызамыз.

2. Адамның психофизиологиялық ерекшеліктері әртүрлі және оның тек өз басына деген психологиялық өзгешеліктерді айтуға болады. Әр адамның мінез-құлқында, сезім көрінісінде, қызба жандылығында, қимылдары мен іс-әрекетінде, сөйлеу ырғағында, әсер еткен сыртқы факторлар, бөгде адамдармен байланысында, т.б. әрекетінде көрінеді.

Осы тұстағы ерекшеліктердің негізінде басқа адамның ұқсамайтын өзіндік қырлары туады. Бұл қырлардың негізі физиологиялық ерекшеліктерде жатқанымен, оған, әрине, қоршаған ортасы елеулі әсер етеді.

3. Әр елде, тарихи дәуірде, белгілі деңгейге жеткен адам материалдық және рухани мәдениет құндылықтарының жетістігімен жетіледі.




2-сурет – Студент жастардың қарым-қатынас мәдениетін қалыптастырудың маңызды бөліктері

Оның шыққан әлеуметтік (таптық), этникалық (ұлттық) деңгейі болады. Сол дәуірде, қалыптасқан тарихи дүниетаным

білім – тәрбие жүйесінен тағылым алады. Осылардың барлығы қосыла келіп адамның жан-дүниесінде өзіндік ізін қалдырады. Және сол уақыт ішінде анықталып, екшелене келіп, тұрақты рухани қасиеттерге айналады. Міне, осы дәуірдің, тарихи ортаның мәдениет деңгейінің адам санасы мен психологиясында кескінделіп идеалды бейнесін әлеуметтік-психологиялық, адамгершілік қасиеттер деп атаймыз. Оларға бекзаттық, жаугершілік, серілік, ақсүйектік, тәкаппарлық, елжандылық, нәсілшілдік, зиялылық, тағы басқаша болып аталатын қасиеттер жатады. Бұлардың ішінде жеке бір дәуірге, мәдениетке немесе тапқа, халыққа (ұлтқа) ғана тән қасиетер болады. Осындай нақтылы қасиеттерді бойына жинақтаған адамдар қауымы жеке адамның әлеуметтік және ұлттық (этникалық) тұрпатын береді.

Студенттің жеке тұлға ретіндегі ішкі жан дүниесі, оның сөзі мен тілінен айқын көрініп тұрады. Қандай сөздер мен тіркестерді қолдануына қарап, сөз ырғағы мен әуенін талдай отырып, олардың ерекшеліктерін байқауға болады. Ал қарым-қатынас мәдениеті оқу-тәрбие барысында пайда болып, қалыптасуы біртіндеп жүзеге асады. Әсіресе оқытушының қарым-қатынастағы мәдениеті маңызды роль атқарады, бұған үлкен мән берілуі қажет (3-сурет).

Кейір кездерде тұлғааралық қарым-қатынас нәтижесіз, тиімсіз болуына әсер ететін кедергілердің бірі – әлеуметтік-мәдени айырмашылықтар, олар мысалы, әлеуметтік, саяси, діни көзқарастарға, жынысы, жасына, мамандығына байланысты болады. Осындай жәйттерге ортақтасу барысындағы түсініктер мен ұғымдарды, сөйлеушінің бейнесін қабылдау тәуелді.

Тыңдаушының жасы мен әлеуметтік статусын жоғары адамның сөзін ешқандай кедергісіз қабылдаса, беделі төмен кісінің сөзін елемеуі мүмкін.

Мысалы, «Әкесі тұрып бала сөйлесе…» – жастардың ақыл-ойын менсінбейтін кісілер кездесіп отырады. Мәдениет өзінің ішкі механизмдерімен адам тұлғасына бағытталғандықтан, оны өзін-өзі танып білу немесе адамның рухани өмірбаяны деп есептелінеді.

Мәдениеттің өмір сүруінің шарты, ол бір ұрпақтан екінші ұрпаққа сабақтастықпен беріліп отырады.




3-сурет – Оқытушының педагогикалық қарым-қатынастағы басты ерекше қасиеттері

Сондықтан мәдениет өзін-өзі тарату мәселесін алдыңғы орынға қояды. Яғни, мәдениеттаным қабылдаудың, принциптерінің, түсініктердің жүйесі болып саналады да, солар арқылы мәдениетті трансляциялау процесі іске асады. Бұл жүйе адам тұлғасының өлшемі туралы мәдениетте жинақталған тиісті білімді, шеберлікті, тәжірибені қамамасыз етеді.

Демек, қарым-қатынас мәдениетіндегі сөйлесу мәдениетіне ерекше мән беріледі. Адам иманына тілдің, сөздің тигізетін ықпалы үлкен. Ислам мәдениетінде тіл ілімі, сөйлеу мәдениетіне ерекше жауаптылықпен қарайды. Тілдесу мәдениетін бағалай білетін халқымыз: «Тау мен тасты жел бұзар, адамзатты сөз бұзар» деп сөздің маңызын тани білген.

Құранда «Аллаһ жаман сөздің жария болуын жақсы көрмейді» –деп бұрыс сөйлеуге тиым салады [76]. Құраннан нәр алып және оған амал еткен бабаларымызда тілдің тәрбиелік мәнін ашып, келетін зияннан сақтандырған. XXI ғасырда Жүсіп Баласағұн: Аллаһ адамдарды жаратты үздік етті,

Оған өнер-білім, ақыл-сана берді
Ақыл мен білімнің тілмашы – тіл
Ердің мерейін көтеретін тілді біл

Ортағысырлық белгілі ақын Ә.Науаи: «Аузына келгенін айту – наданның ісі, Алдына келгенін жеу – жаманның ісі» – дейді. Тіл, жан, тән тазалығы – адам болмысының тазалығын құрайды [77, 47-б].

Құранда («Ахзаб» 70-71 аяттар): «Әй мүміндер, Алаһтан қорқыңдар да дұрыс сөз сөйлеңдер. Аллаһ істеріңді оңалтып, күнәларыңды жарылқайды» [76].

Яхия ибн Муъаз айтқан: «Жүрек - ішіндегілермен қайнап жатқан қазан тәрізді. Ал сөйлеу тілі – оның шөміші. Сондықтан бір адам сөйлеп жатқанда қараңыз, себебі оның тілі жүрегіндегі нәрсені шөміш тәрізді шығарып береді. Оның сөйлеу тілі тәтті ме, қышқыл ма, тұщы ма, ащы ма жүрегіндегілерді шығарып тұрады. Бұдан тысқары сізге, оның жүрегінің дәмін тілінің шөміші баяндап береді» [78]. Міне, осындай сөйлеу мәдениетінің қадір-қасиетін түсініп, маңыз берген, сөйлеу арқылы адамның құндылық бағыттарын ажырата білген, оған айрықша мән берген ұлттық мәдениетіміздің қайнар бұлағы – халқымыздың даналық мұралары негізінде жеке тұлға қалыптастыру маңызы міндет, ғылыми проблема.

Сонымен, «дара тұлға», «кісі» дегеніміз жаңа сапалы, индивидтің өзімен бірге іштен тумаған, белгілі тарихи-мәдени ортада өтетін өмір барысында қалыптасатын әлеуметтік-психологиялық және моральдық қасиеттер қосындыларының

иесі, ақиқат болмысты тануға және өзгертуге бағытталған жасампаз әрекет субъетісі [2; 35-36 б.]. Басқаша айтқанда, ол өзі өмір сүріп отырған қоғамның өмір тәжірибесі мен мәдениет жетістіктерін бойына сіңдіріп, жан-жақты әрі үйлесімді кемелденген тұлға, жетілген адам. Студенттердің жеке басын тұлғалық, рухани-адамгершілік деңгейге жеткізе қалыптастырып, дамытатын орта – ол жоғары оқу орны, оның ұжымы, оқытушылар қауымы, оқу-тәрбие процесі, оның жеке басынаң ғылыми зерттеулер мен қоғамдық істерге белсене қатынасуы, яғни өз бойында белсенді өмірлік бағытты қалыптастыра отырып, өзін-өзі тәрбиелеуі. Бұл процесті студентті әлеуметтендіру процесі деп атауға әбден болады. Себебі, әлеуметтендіру индивидке сырттан еріксіз таңылатын нәрсе емес, керісінше, оның белсенді араласуымен, өзінің іс-әрекеті мен мінез-құлқын қоғам талабына лайықтап, үнемі дұрыс жолға салып, өзгертіп отыруы арқылы іске асырылады. Соның арқасында адамда өз мінез-құлқын, әрекетін басқа адамдардың сондай қылықтарымен салыстыра бағалау, сөйтіп, өзінің кім екенін түсіну, ғылыми тілмен айтқанда, өзін-өзі тану қабілеті жетіледі. Ондай адам өзін-өзі тұлға, кісі ретінде қалыптастыра бастайды. Ол интеллекті жоғары ақыл-парасат иесіне айналады. Ол өткірлігімен, тапқырлығымен, көрегендігімен, қажымас күш-қуатымен, ақыл-парасатымен, басқаша айтқанда, көсемділігімен, шешендігімен, әділдігімен, өз мүддесін ұлт мүддесімен ұштастырумен, ұлт жандылығымен ерекшеленеді.

Халық басына күн түсіп, қиын-қыстау замана туғанда тұлға өзінің өзгеден ерен ісімен, пәрменді күшімен, құдіретті көріпкелдігімен танылады. Тұлғаны «ақ алмастай» етіп замана шыңдайды. «Ақ алмас, М.О.Әуезов айтқандай, – қаттыны жарады, жұмсақты тіледі, замана талабы туған кезде оттан шығып, жалын құшқан ақ алмас қынабынан жарқ етіп қадір-қасиетімен халқына танылады, «тарих» деген дарияны еркін малтып өтіп, өз тұғырына, ұлылық тұғырына қонады». Демек, көптеген адами қадір-қасиеттерді студенттердің бойларына сіңдіру, қарым-қатынас мәдениеті білімін жетілдіру жеке тұлға ретінде қалыптастырудың алғы шарттары болып табылады.

Жеке адамның басты құндылықтарын осылайша бөлу аса маңызды, себебі, қоршаған ортада, адамдармен байланыс материалдық және рухани дүниеге деген қатынастың қалыптасуы арқылы адами құндылықтарды дамыту мүмкін емес. Студент жастарымыз үшін қоршаған ортаға деген құндылық қатынастарын қалыптастыру өзге адамның басқа тұлғаға деген сыйластығынан бастап, эмоционалды-эстетикалық қабылдауға дейінгі басты сапаларын жетілдіреді. Білімдерді терең түсінуге, оларды үлгілік түрде түсініп, сезінуге, адами құндылықтарға үйрету іс-әрекетті ұйымдастыру қарым-қатынас мәдениетіне тікелей байланысы десек қателеспейміз (4-сурет).




4-сурет - Ұлттық салт-сананың мәдени қалыптастыру жүйесі

Сонымен жастардың қарым-қатынас мәдениетін тәрбиелеу барысында рухани дүниенің топта қабылданған адамгершілік нормалары мен қарым-қатынастың мәдени құралдарын игеру процесін талаптаса, екінші тұсынан коммуникативті қабілеттерді жетілдіру болып табылады.

Талаптың екінші жағы мынадай мәселелерді:

- өз өзіне, басқа адамға, қарым-қатынас процесіне қатыстылық бойынша (белгілі жерге орналасу) диспозиция жүйесін қалайды. Тиімді қарым-қатынасты жетілдіру, ынталандыру; серіктестерге (партнерге) жағымды көз қараспен

қарау; өзінің жүріс тұрысына сын қөзбен қарау, талдау жүргізу сондай-ақ нақтылы мәселелерге талаптануына қарай мінез-құлықты өзгертуге байланысты болады.

- қарым-қатынас барысында пайдаланылатын реттеушілік мінез-құлық нормалары мен стратегияларын, этикеттік талаптарын жалпыға бірдей белгілермен игеріледі.

- коммуникативтік біліктілік, дағдыларын дамыту, қарым-қатынасқа түскен серіктестің жүріс тұрысындағы негізгі белгілерді ажыратуға мүмкіндік береді; интерпретация жасауда мәдени рөлді іске асыруда; қарым-қатынастағы серіктесіне дұрыс бейімділік табуды; партнер мінез-құлығына өз мінезіңді үйлестіре білуіңді; өзіңді-өзің ашу мен қайтымды байланыс беруді дұрыс іске асыруды; өзіннің «сезімге алдырғыш құралдарынды» (дауыс, ишара-ым, пластика) коммуникативті міндеттерін шешілу жоспарына сай көзқарасынды, көңіл-күй сезім мен ойынды жеткізу, білдіру үшін қолдана білуді, сондай-ақ шиеленісті жағдай болғанда өзіннің көңіл-күй сезіміңді басқада білуді қамтиды.

Мұндай халықтың педагогика иделарынан бастау алған тәрбие алған ұрпақ дені сау, білімді, ақылды, адамгершілікті, иман жүзді, сұлу да сымбатты, ұлтжанды, жан-жақты дамыған мәдениетті азамат боп өседі. Сондықтан да халықтық педагогика идеяларынан нәр алған этнопедагогика – болашақтың педагогикасы, болашақ ізгілікті қоғамның педагогикасы деуге толық болады.

Мемлекеттік білім беру саласында діни сананы қалыптастыруды мақсат етпейді, бірақ дін – халық рухының, оның мәдениетінің ажырамас бөлігі, әрі ұлттық-этникалық сана-сезімді қалыптастырудың маңызды факторларының бірі. Діни құндылықтарды білмей, не бағаламай тұрып мәдениетті, ұлтжанды, өнегелі азамат тәрбиелеу ісі толымды болмайды. Бұл жөнінде Қазақстан жоғары білімді дамыту стратегиясында көрініс тапқан [27].

Жоғары білім саласында халықтық педагогика идеяларын студенттердің қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыру жұмыстарын ұйымдастыруда келесідегідей принциптер негізге алынады:

- тұлғаға бағытталған принципі;
- жеке адам мен қоғамдық сананың бірлік принципі;
- өмірмен еңбек байланысын жүзеге асыру принципі;
- өнегелі-үлгілік ету принципі;
- тәрбиелік ықпал ету принципі.

*Тұлғалық бағыт принципі* – студенттің даралығы мен жеке адами қасиеті, мүмкіндіктерін ескеру негізінде іске асырылады. Адами қасиет сапалар мәні: тұлғаның өмірлік бағыт-бағдары, болашақ кәсіби міндеттерін түсінуі, болашақ жоспары, құндылық бағыттары, ұстанымы, ұлттық мұраларға, ұлттық дәстүрлерге сыйлы көзқарас, оны үлгі тұтуы, ұлт үшін мақтаныш сезімінің болуы.

Студенттердің халықтық педагогика идеялары негізінде қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыруда оқытушыға мынадай міндеттер жүктелуі тиіс:

1) Студенттің жеке ерекшеліктерін, мінез-құлық, темперамент, көзқарас, талғамын зерттеу.

2) Студенттердің қарым-қатынас мәдениетін диагностикалаумен бірге ұстанымдарын, өмірлік бағыты мен ұлттық мәдениетті сыйлауы, үлгі тұтуы секілді тұлғалық сапаларының нақты қалыптасу деңгейін түбегейлі тану.

3) Студенттің мақсатқа сай ілгері дамуын қамтамасыз етуші күш-қуатына сәйкес, әрі біртіндеп дамытатын іс-шараларды ұдайы қарастырып отыру.

4) Болатын кедергілерді алдын-ала болжау немесе жаңа жағдайлар мен шарттарға тәуелді тәрбие бағытына дер кезінде өзгерістер енгізу.

5) Тұғаның ұлттық мәдениетке қызығушылығын ояту және ұлттық құндылықтарды қастерлейтін сезімдерін ояту.

6) Қарым-қатынас мәдениетін дамытуды өзіндік тәрбиесімен ұштастыру, оқушыға қарым-қатынас әдістері мен тәсілдерін таңдауға жәрдем беру.

7) Студенттерге тек басшылықпен шектелмей, табысқа жеткізер қарым-қатынастарды ұйымдастыру және бағыттай білу.

8) Студенттің дербестігін, ой белсенділігі мен мәдениеттілік дәрежесін үлгі ету, мадақтап отыру.

9) Оқу үрдісінде халықтық педагогика элементтерін үнемі ұтымды пайдалану, ұлттық санасын дамыту.

10) Ұлттық негіздегі қарым-қатынас мәдениет құндылықтары туралы білімін, біліктерін болашақ кәсіби еңбегінде пайдаланудың жолдарын үйрету, мектеп өмірімен сабақтастыру.

*Жеке тұлғалық және қоғамдық бағыттарының бірлігі принципінің* мәні қазіргі кезеңдегі еліміздегі саяси, әлеуметтік, экономикалық өзгерістерге сай, әлемдік өркениет үлгісінде қайта құрылуы білім саласында қазақ ұлттық мектебін жасау, ұлттық тәрбие беру, ұлттық мәдениетімізді жандандыруда болашақ мұғалімдерді кәсіби дайындау.

Сондықтан студенттің мінез-құлық және қарым-қатынас мәдениеті тәжірибесін жинақтауға мүмкіндік беретін іс-әрекет, қызмет процесінде жүзеге асады. Ал студент қарым-қатынасының мәдениеттілік мәнге ие болуы үшін, оның субъекті-студенттің соған деген қоғамдық құнды себеп-түрткілерді қалыптастыру қажет. Егер олар жоғары ізгілікті, қоғамдық мән-мағынасымен елеулі болып келсе, қарым-қатынас та мәдениеттілік сипат алады.

*Өмірмен және еңбекпен байланыстылық принципі.* Адамның қарым-қатынас мәдениеті еңбекте ғана дамиды: неғұрлым ол ауқымды, мақсатқа орай болса, тұлғаның дамуы мен әлеуметтену деңгейі де жоғары келеді. Студенттерді қоғамдық өмір, пайдалы істерге араластырумен оларға ұнамды көзқарас пен ізгі қарым-қатынастарын қалыптастыру керек. Тең құқықты мүше ретінде еңбек процесіне қатыса отырып, студент рухани және тәндік дамуға келіп, қарым-қатынас мәдениетін игереді, еңбектің қоғамдық мәнді себептерін ажыратып, өзінің моральдық сапаларын бекітеді, одан әрі жетілдіреді.

*Өнеге – үлгіні сүйеніш ету принципі.* Жан-жақты мәдениетті тұлға деп өз мәдениетіне де, өзге мәдениетке де тәнті адам деп танимыз. Төл мәдениетті терең білу, одан басқа мәдениеттерге қызығушылыққа іргетас қаласа, көп мәдениетті білу – өз мәдениетін мақтан тұтуға негіз салады.

Сонымен бірге студент өз ұлтының мәдениеті мен тілін қажет ете ме, оларды меңгеруге деген ұмтылысы, сайып

келгенде, өзін өз халқына теңеу ықыласы бар ма деген мәселе де өте маңызды. Сондықтан оқу-тәрбие үрдісінде өз халқының салт-санасын, дәстүрлерін, ұлы тұлғалар мен халық батырларын, олардың игі істерін, халықтың мұраларды үлгі ету арқылы ұлттық мақтаныш сезімін ояту, мәдениетті, тәлімді тұлға тәрбиелеуде маңызды болып табылады. Сонымен бірге оқытушылар, қоғам қайраткерлері мен жолдастарын да үлгі-өнеге ету жақсы ықылас етеді. Сондықтан студент бойындағы мәдениеттілікті дамытып, кері сапаларын мейлінше азайту – тұлғаны ізгілендіру жолындағы, қарым-қатынас мәдениетін қалыптастырудағы маңызды міндет.

*Тәрбиелік ықпалдар бірлігі принципі.* Бұл принциптен туындайтын мақсат – жеке тұлғаны қалыптастырудағы ықпалдарының аралығын (оқу орны, студенттер қоғамы, жолдастары, жанұя, жалпы қауым) бірлікті іске қосып, өзара келісілген талаптар қоюды жүйелеу.

Жеке тұлға мен қоршаған ортаның өзара қарым-қатынасына қарағанда шешуші 2 нәрсені ескеру қажет:

1) Жеке тұлғаға тигізетін қарым-қатынас әсерлерінің сипаты;

2) Әсер ететін жағдайларды өз еркіне, өз қажеттілігіне, өз мұқтажына бағындырып алу мақсатында жеке тұлғаның белсенділігі.

Жеке тұлғаның сыртқы ортамен қарым-қатынас аухымы неғұрлым кең болса, оның өмірдің әрқилы жақтарымен байланысы соғұрлым алуан түрлі болады, ол қоғамдық қатынастар дүниесіне соғұрлым тереңірек бойлайды, соғұрлым оның өз рухани дүниесі байи түседі.

Адамдар өз қажетсінулері мен оларды қанағаттандыру әдістеріне байланысты бір-бірімен қарым-қатынаста болады және осындай қарым-қатынас олардың рухани, адамгершілік, психологиялық дамуының факторы болып табылады. Бірақ қоршағандардың бәрі тұлғаның шын мәніндегі даму ортасы болып табылады.

Тұлғаның жеке дара дамуына тікелей әсер ететін ең жақын ортасы болады және олармен үнемі қарым-қатынасқа түседі. Ол микроорта – әлеуметтік ортаның бөлшегі, отбасы, оқу орны,

достар, құрдастар, жақын адамдар т.б. Сондықтан студенттің қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыруда уақытының көп бөлігін өткізетін оқу орны, достары, күнделікті кездесетін оқытушыларының тәрбиелік ықпалы зор. Мұндай түрлі ықпалдардың бірлікте және бір жүйеде өтуі көздеген мақсатқа жетуге мүмкіндік береді.

Болашақ мұғалімдердің қарым-қатынас мәдениетін қалыптастырудағы басты принциптерді талқылай отырып, тәжірибелік-эксперименттік жұмыстарында түрлі әдіс-тәсілдері сарапталды. Көрсетілген принциптерге сүйене отырып, студенттердің қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыруда мынадай әдіс-тәсілдерді ұсынуға болады. Мынадай шарттар ескерілуі керек: қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыру мақсаттары мен міндеттері; студенттердің қызығушылығы мен қажеттері; қоршаған әлеуметтік жағдайлар; қарым-қатынас жасау деңгейлері; күтілетін нәтижелер; оқытушының өз басының мүмкіндіктері.

Студенттердің қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыруда сананы қалыптастыру әдістері, іс-әрекетті ұйымдастыру және қарым-қатынасты қалыптастыру әдістері; ынталандыру әдістері деп жіктейміз.

*Сананы қалыптастыру әдістері.* Студенттің халықтық педагогика идеяларына негізделген қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыру оның қажеттілігін саналы түрде мойындауынан басталады. Осы сипатта дұрыс ұйымдастырылған оқу-тәрбие процесі студенттің қарым-қатынас мәдениетінің дамуына ықпал етеді. Сондықтан шәкірттің белгілі бір қасиеттің мәнін түсінбейінше, оның бойында сол қасиетті қалыптастыру, тәрбиелеу мүмкін емес. Жеке тұлғаның санасын қалыптастыру әдістері студенттердің халықтық педагогикадан алған білімдерін күнделікті тәжірибеде белсенді қолдануға, яғни қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыруда маңызды. Оқытушы өз сабақтарында халықтық педагогика мұраларын, ислам хадистерін, ақын-жыраулар тағылымдарын, Абайдың «Қара сөздері» секілді тәлімдік мәні зор материалдарды пайдаланып, этикалық тақырыптағы әңгімелер, түсіндірмелер,

түсініктемелер, лекциялар, этикалық әңгіме-сұхбаттар, ақыл-кеңестер, мысалдар қолдану өз нәтижесін беретіні дәлелденді.

Бұл әдістердің әрқайсысының өзіндік ерекшеліктері мен қолдану аясы бар, олардың әрқайсысы оқытушының жоғары біліктілігі мен педагогикалық шеберлігіне байланысты.

*Этикалық тақырыптағы әңгіме* моральдық бағамдар мен қарым-қатынас нормаларының мәнін түсініп, ұғуға жәрдемдеседі. Ол адамгершілікті қарым-қатынас ұғымы, түсініктерінің мазмұнын ашып қана қоймай, студенттердің инабаттылық талаптарына сәйкес болымды тұлғалық әрекеттеріне деген ұнамды қатынас өрбітіп, қарым-қатынас мәдениетінің қалыптасуында оңды өзгерістерге ықпал жасайды. Мұндай әңгімелер бірнеше қызмет атқарады:

1) халықтық педагогика туралы білімін жетілдіреді;
2) тұлғаның адамгершілік сапаларына негізделген қарым-қатынасын дамытады;
3) тәрбиелік ұнамды үлгі-өнеге, мәдениеттілікті қалыптастырады.

Жеке тұлғаның сыртқы ортамен қарым-қатынас ауқымы неғұрлым кең болса, оның өмірдің әрқилы жақтарымен байланысы соғұрлым алуан түрлі болады, ол қоғамдық қатынастар дүниесіне соғұрлым тереңірек бойлайды, соғұрлым оның өз рухани дүниесі байи түседі.

Адамдар өз қажетсінулері мен оларды қанағаттандыру әдістеріне байланысты бір-бірімен қарым-қатынаста болады және осындай қарым-қатынас олардың рухани, адамгершілік, психологиялық дамуының факторы болып табылады. Қоршағандардың бәрі тұлғаның шын мәніндегі даму ортасы болып табылады.

Тұлғаның жеке дамуына әсер ететін ортасымен үнемі қарым-қатынасқа түседі. Ол шағын орта-әлеуметтік ортаның бөлшегі, отбасы, оқу орны, достар, құрдастар, жақын адамдар т.б. Сондықтан студенттің қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыруда күнделікті кездесетін педагогтарының тәрбиелік ықпалы зор. Мұндай түрлі ықпалдың бір ізділігі көздеген мақсатқа жетуге мүмкіндік береді.

Халықтық педагогика идеялары арқылы қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыру күрделі де, көкейкесті мәселе. Оның күрделілігі оқытушыдан қазақ халқының тарихы, діні, мәдениеті, өнері мен салт-дәстүрлері, таным сенімдері туралы білімінің, рухани-адамгершілік мәдениетінің, саналы да жауапты іс-әрекетін қажет ететін үрдіс. Мәселені шешуде тек уағыз айту, ақыл айтып түсіндіру, (мысалы, «Ұрлық істеуге болмайды, ата-ананы, үлкендерді сыйлау керек, әдепті бол» т.б.) жалаң әңгіме, мысал айту құнарсыз нәтижеге тап болумен бірдей. Осы сияқты дүниелер Ислам хадистерінде де уағыз түрінде айтылады. Сондықтан Ислам дініндегі уағыздар мен қағидаларды өте дәлелді логикаға негіздеп, сенімді түрде сипаттап беру керек. Мысалы: «Ата-анаңды сыйла» дегенді жай айта салмай, «Ата-ананы сыйлау міндетің, егер олай болмаса Аллаһ жазаңды береді, өміріңде қиындыққа тап боларсың т.б.» деген сөздер әлдеқайда ұтымды болады деп есептейміз. Сондықтан имандылыққа негізделген қерым-қетынас әруақытта жетістікке жеткізері сөзсіз, бұл мәселе біздің эксперименттік жұмыстарымызда да дәлелденіп отырды. Демек, тәрбие басы – тіл, ұлттық намыс – салт-дәстүр, ел шежіресі – тарих, туған жері – атамекен, адами имандылық рухы – дін, осы бесеуін табиғи бірлікте ұрпақ бойына, санасына құю мәселенің шешіміне жетудің басты шарты ретінде, қайнар бұлағы ретінде қарастыру керек деп есептейміз.

Дәстүрлердің шектеушілік қызметі волюнтаризм мен өктемдікке қарсы қуатты құралы рөлін атқарады. Белгілі француз социологі Э.Дюркгейм былай дейді: «Дәстүр адамдардың қоғамнан даяр күйінде табатын, өздерінің тәртіптерін жөнге түсіріп және әрекетке келтіріп отыратын тетік болып саналады. Дәстүрді бұзғаны үшін берілген жаза тайпалардың бірлігін сақтауға көмектесетін қорғаушы құрал болып табылады».

Осыған орай ел ішінде ертеректе болған бір тұрпайы оқиғаны айта кетейік. Қазан төңкерісіне дейін және одан кейінгі алғашқы жылдарда Қарақалпақстанның Қоңырат қаласында молда-қазылар қан базарда кез-келген адамды ұстап алып: «Иманың неше түрлі?», «Мұсылманшылықтың шарттары

қандай?» деген сұрақ астына алатын болған, егер әлгі кісі сұрақтарға дұрыс жауап бере алмаса, оны қан базардың ортасында дүре соғып жазалайды екен. Бұл жөнінде әзіл-оспақ әңгімелер де жоқ емес. Бірде әлгі қазы-молдалар базарлап келген бір адамды тоқтатып: «Иманың неше түрлі?» - деп сұрағанда, ол: «Иманым сегіз түрлі» - деп жауап беріпті. Әлгі байғұс осы жауабы үшін өлгенше таяқ жеп, үйіне зорға жеткен. Болған оқиғаны естіген әйелі: «Отағасы, зорға екі түрлі деп айтуың керек еді», - деп кеңес бергенде, күйеуі: «Сегіз түрліні місе тұтпаған қазы екі түрліге тоқтаушы ма еді?» - деп жекіріпті.

Бұдан діни негізде бірлестік құрып, оның дәстүрлерін сақтауға деген талпынысты көреміз. Мәселен бұл жерде жазада емес, әнгіме бірлестіктің берік өмір сүруі үшін оған кіретін адамдарға дәстүр талаптарын орындаудың міндеттік табиғаты жайында болып отыр. Расында да, адамдар дәстүрді қажетсінеді, оны сақтауға объективті түрде мүдделі, яғни дәстүр адамдарды біріктіреді және сол бірліктің ыдырамауын қамтамасыз етеді.

Дәстүрдің тағы бір қызметі – *жақындастыру*. Бұл жерде әлеуметтік бірлікті қалыптастырудың құралы және ұйтқысы, низамы (ережесі) сипатында көрінеді. Мұның тарихтағы айқын мысалдарының бірі – рулық қауымдастықтар, олардың ауыз бірлігі, тұтастықтарын сақтауға ұмтылушылық. «Кімнің жерін жайлайсың, соның жырын жырлайсын» деген мақал соған байланысты айтылған. Шынында да, дәстүр жақындастырады, араластырады, біріктіреді. Сонымен қатар оның қоғамилығы кейде тікелей емес, сырттай, жанамалай да көрініс береді. Мысалы, «өзіміздің ағайын», «өзіміздің бала» ғой деген сияқты іш тартып, жақын көру сияқты.

Дәстүр *ақпараттық қызмет* те атқарады. Ол әлеуметтік ақпараттың жиналуының, сақталуының және басқаларға берілуінің өзгеше құралы рөлін де атқарады. Ақпарлар дәстүр арқылы екшеліп, қорытылып, қоғам жадында сақталады, сөйтіп, ғасырдан-ғасырға жетеді. Соған байланысты адамдардың дүниеге келген жаңа ұрпақтары өзара қарым-қатынас нормаларын қайтадан жасап, қалыптастырып әуреленіп жатпайды. Өздеріне дейін түзілген қоғамдасып өмір сүрудің дайын жүйесін, яғни бұрыннан қалған жол-жосынды

басшылыққа алады. Дәстүрде жинақталған ақпараттар арқылы ата-бабадан қалған материалдық және рухани мәдениетті бойына сіңіреді. Мысалы, қарақалпақтар мен қазақтардың. «Ата салған жол бар, ене пішкен тон бар», «Ата көрген оқ жонар, ана көрген тон пішер» деуінің мәні бұрынғыдан қалған жол-жосын, әдет-салттың басшылыққа алынуға міндеттілігін білдіреді. «Түбірлі мәселені шешерде түп атадан келе жатқан жолды ұстап» дейтін әлгі мақалдардың бір әулеттен келесі әулетке ұмытылмай жетіп келе жатуының өзі – дәстүр. Халық осындай дәстүр жасғастығын зор мұрат санайды. «Атадан ұл туса игі, ата жолын қуса игі» деген ұлы арман соған меңзейді.

Сонымен қатар дәстүр жеке адамдардың жан дүниесіне, көңіл күйіне де жағымды әсер етіп, қуанышқа бөлейді, оларды қоғамға, бірлестіктерге ынталандырады; адамдардың қоғамдағы өзара қарым-қатынастарына әсер етіп, ондағы әлеуметтік, психологиялық ахуалдың жақсаруына жәрдемдеседі.

Халықтық педагогикадағы өрнекті де салиқалы ұғым – «әдеп» әдеп-ұлттық мәдениет пен игі қарым-қатынастарды қамтитын жеке тұлғаның үлгілі іс-әрекеті ретінде қарастырған жөн. Себебі қазақ баласын мәдениеттілікке үйретуді әдеп үйретуден бастаған. Әдептілік қағидаларды басшылыққа алған адам толыққанды мәдениетті болары сөзсіз. Бұл ойларымызды халықтық мұраларды терең талдаған сайын, терең қойнауларына сүңгіген сайын дәлелдене түсті. Мысалы, Әл-Фарабидің ұлттық мәдениет, ғылым, білім, поэзия, музыка туралы педагогикалық, философиялық тұжырымдары, Ахмет Яссауидің діни тәрбиедегі рухани-адамгершілік қағидалары, Жүсіп Баласағұнидың кемелді ел болу жолдарын пайымдаулары, Мұхаммед Хайдари Дулатидың ұлы тәлімгерлік ойлары, Абайдың адам болмысы туралы көзқарастары, Ыбырай Алтынсаринның педагогикалық мұралары, Ахмет Байтұрсыновтың ұлттық білім беру жүйесі, Мағжан Жұмабаевтың психология, педагогикалық мұралары, Жүсіпбек Аймауытовтың жантану ілімі, т.б. қарастырылып отырған мәселенің жан-жақты, тұғырлы сипатта, кешенді түрде талқыланып, ғылыми негізін жасауда маңызды болды.

Қорыта айтқанда, осындай рухани мұраларымыздан өз көрінісін тапқан ұлттық дәстүрлі этикетіміздің ізін сақтай

отырып, халықтық педагогика идеяларының негізінде қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыру болашақта да уақыт талабына сай өз шешімін табуы тиіс.

Халықтық педагогикадағы қарым-қатынас мәдениеті кең ауқымды, күрделі проблема. Сондықтан біз қазақ этнопедагогика саласындағы моральдық-этикалық тәрбиеге негізделген қарым-қатынас проблемасын түрлі қырынан талдап қарастырған зерттеулерде бұл мәселенің мақсатты, ғылыми негізделіп, жан-жақты жүйеленгендігін және өз еңбегіміздің ерекшелігін ескере отырып, осы сұрақтың жеке тұстары жөнінде ғана сөз еттік.

Сонымен, халықтық педагогика идеяларының негізінде қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыру, оқу-тәрбие үрдісінде пайдалану болашақ мұғалімдердің рухани дамуына жол ашатын тәрбие мазмұнын адамгершіліктік тұрғыдан байытады.

## 2 Халықтық педагогика идеялары негізінде студенттердің қарым-қатынас мәдениетін қалыптастырудың теориялық негіздері

### 2.1 «Мәдениет», «қарым-қатынас мәдениеті» ұғымдарының мәні және мазмұны

Жоғары оқу орындарында студенттердің қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыру мәселесінің теориялық негізі «мәдениет», «қарым-қатынас мәдениеті» ұғымдарының мәні мен мазмұнын анықтауға байланысты. Сондықтан бұл ұғымдардың ғылыми-педагогикалық, әдістемелік, т.б. әдебиеттердегі талқылануы маңызды.

«Мәдениет» термины пайда болған кезде, ол адамдардың табиғатқа ықпал етуін анықтау үшін, яғни табиғаттың дүлей күштерін бағындырып, өздерінің көздеген мақсатына жететіндігін білдіру үшін қолданылған. «Мәдениет» ұғымы жайлы түсінік XIX-ғасырда буржуазиялық мәдениеттің өрлеу дәуірінде тарихшылар мен этнографтардың еңбектерінде кеңейтіліп «Мәдениет тарихы» деген арнайы жаңа пәнге айналған. Мәдениеттанушылардың пікірінше, «мәдениет» термины батыс европалық ғылыми әдебиеттерде 250-ден астам сипаттамасын айта кетуімізге болады.

Философия, психология, мәдениетаным өкілдері қарым-қатынас тұрғыдан басқару, адам қажеттілігін қанағаттандыру үшін, игіліктерді игеру үшін жетілдіру жолы жеке адамдар аралық қарым-қатынасты анықтайтын табиғи инстиктерді біріктіретін құбылыс деп көрсеткен.

Философтар «мәдениет» ұғымын терең теориялық мәнді ұғымдардың біріне санайды. Бұл ұғым адамның іс-әрекет жемісін даму процесінде көрсетеді. Сондықтан, мәдениет негізі – еңбектен туындайды. Ендеше, мәдениет – адам қарекетінің, саналы қызметінің көрінісі. Жалпы мағынада алғанда, мәдениет ұғымы адамзат дамуының өлшемі ретінде қарастырылады. Сол себепті, мәдениет ұғымы қоғам өмірінің түрлі салаларында жиі пайдаланылады. Кез-келген ғалым-зерттеушілер мәдениет мәселесін қамтымайынша дұрыс ғылыми пайымдаулар жасай алмайды.

Философтар «мәдениет» ұғымын терең теориялық мәнді ұғымдардың біріне санайды. Бұл ұғым адамның іс-әрекет жемісін даму процесінде көрсетеді. Сондықтан, мәдениет негізі – еңбектен туындайды. Ендеше, мәдениет – адам қаракетінің, саналы қызметінің көрінісі. Жалпы мағынада алғанда, мәдениет ұғымы адамзат дамуының өлшемі ретінде қарастырылады. Сол себепті, мәдениет ұғымы қоғам өмірінің түрлі салаларында жиі пайдаланылады. Кез-келген ғалым-зерттеушілер мәдениет мәселесін қамтымайынша дұрыс ғылыми пайымдаулар жасай алмайды. Қоғамдық мәдениет (адамзат жинақтаған мәдениет мұрасы) адами құндылықтарды үйлестіру мен интеграциялаудың маңызы зор және тәрбиенің іс-әрекет мақсатын айқындайды.

Адами құндылықтар мен қызметтестік, өзара байланыс, қарым-қатынас проблемасының тәрбиесі туралы Н.А.Добролюбов және Н.Г.Чернышевский де айтып кеткен. Н.А.Добролюбов көптеген мақалаларынада «соқыр беделді» талқылайды яғни «энергетикалық және мансап табиғатын» жоюға әрекеттерді көрсетеді. Сонымен бірге «педагогикалық күштеу мен зорлау» мәселесін Н.Г.Чернышевский талдай келе, мұндай жағдайда балалар оқытушысыз болғаны әлде қайда жақсырақ деген пікірді айтады.

Л.П.Буева қарым-қатынас пен іс-әрекетте бір-бірімен өз ара байланыстылығын қарастыра келе, келесідегідей дәлелдемесін көрсетеді: «Іс-әрекет пен қарым-қатынас – бір-бірімен байланысты, бірақ жеке дара, құндылықтары теңсіз, екі жақты тұтас (даралық және қоғамдық) өмірлік процесс». Мінездің әсерінен жасалынған іс-әрекеттің ұйымдастырылуы мен мазмұны қарым-қатынасқа әсерін тигізе келе, іс-әрекетке де әсерін тигізеді [36, 65 б.]. Ал бұл болашақ мұғалімдер үшін аса қажет, белгілі бір жұмысты ұйымдастыру үшін қарым-қатынас дағдылары мен икемділігін қалыптастыруға жағдай жасай отырып, өз кезегінде нәтижелі іс-әрекеттердің мазмұндылығына ықпал етеді.

М.С.Каган қарым-қатынас пен өзара әрекеттегі байланысы жөніндегі өзіндік көзқарастарын білдіреді. «Қарым-қатынасты адами іс-әрекеттердің бір түрі, ол әр түрлі формада байқалады:

ойын әрекетінде, күнделікті ақпарат алмасу кезінде, жүріс-тұрысында, адамдардың өзара байланысы кезінде үлкен орын алады», - деген болатын. Сонымен қатар автор іс-әрекетті жүйелендіру әлеуметтік қатынастардың қалыптасу негізінде құрылады және өзгереді. Бір жағынан іс-әрекетке төмендегідей сипаттама береді: «Субъектінің белсенділігі, объектіге немесе басқа да субъектіге бағытталады». Адам субъкт деп қарастырылғанымен, кейбір жағдай іс-әрекеттің объектісі ретінде танылады: объект, субъектінің белсенділігі. Белсенділік өзге субъектілермен коммуникативтік өзара байланыс кезінде субъектінің басқа субъектіге бағытталған белсенділік-коммуникативтік белсенділік немесе қарым-қатынасы», - дей отырып, автор субъектімен-объектінің қатынасына, және қарым-қатынастағы субъективтік белсенділіктерге аса көңіл бөледі [52, 11 б.].

Қарым-қатынас жасау механизмдері мен оның өзгеріп, даму, жетілу жағдайлары философтар мен социологтардың (М.С.Каган, И.С.Кон, т.б.), психолингвистердің (А.А.Леонтьев т.б.) әлеуметтік психология (Е.А.Ануфриев, Г.М.Андреева, т.б.), жасерекшелік және бала психологиясы (А.А.Бодалев, Я.Л.Коломинский, т.б.), педагогикалық психология (В.А.Кан-Калик, т.б.), саласындағы мамандардың зерттеу пәні болды [52; 79; 43; 80; 51; 81; 44].

Ғылымда қарым-қатынас пен іс-әрекет қана емес, оның құрылымын зерттеуде пікірталастар бар.

М.С.Каган қарым-қатынас процесі туралы өзіндік жүйесін жасаған, ол өзінің түйінді пікіріне рухани мәдениетті басшылыққа алады [52].

Қарым-қатынас компоненттерінің дамуы, өзгерісі нәтижесінде интегралды, тұтас құрылым пайда болады.Ол коммуникативті іс-әрекеттің даму деңгейін анықтайды. М.И.Лисина бұл ерекше құрылымдарды «қарым-қатынас онтогенезінің сатылары», «қарым-қатынас формалары» деп атаған [54].

Қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыру үшін іс-әрекеттің тиімділігі мен қоса белсенділік, ынталылық, еркіндік қажет және субъектінің өз құндылықтарынан көрініс табатын

қарым-қатынастың адамды тәрбиелеу үшін, дүниені қабылдау және түсіну үшін, адамдарға және өзіне, өзара әрекет субъектісі ретінде қатынасының негізгі құралы ретінде көрініс береді (5-сурет).




5-сурет - Оқытушы мен студенттердің қарым-қатынасының негізгі қызметтері

Педагогикалық қарым-қатынас мәдениеті – білім беру саласындағы ойлау мәдениеті, ырғақты сөйлеудің мәдениеттілігі, қарым-қатынас жасаудағы әңгімелесуші тұлғаның бет-әлпетіне, көңіл күйіне назар аудару, өзгенің сөзін соңына дейін тыңдау мәдениеті, педагогикалық іс-әрекет, қимыл қозғалыс мәдениеті және қарым-қатынас барысында қошемет көрсету мәдениеті, этномәдениет және т.б. ұғымдармен баламалас болып келеді.

Мәдениет түсінігіне тек ғылым, ағарту, өнер, тіл және әдебиет қана жатып қоймай, оған «сезім мәдениеті де» кіреді. Сезім мәдениеті адамның өз көңіл күйін және сезімін еркін билей алуының белгісі болып табылады.

Қоғамдық қатынастар жетіліп, адамдардың бірте-бірте ой еңбегі мен дене еңбегіндегі айырмашылықтар жойылады болмайды және әр адамның жеке басының үйлесімді жан-жақты жетілуіне қарай мүмкіндік болмақ. Демек мәдениет деген термині, адам баласының өмірі мен іс-әрекетін ұйымдастыру тәсілінен, олардың материалдық және рухани байлықты жасауынан көрінетін қоғам мен адамның белгілі тарихи даму дәрежесінің көрсеткіші ретінде түсінеміз. Мәдениет – адамдардың еңбегі мен қоғамдық қызметінің жемісі деп түсінгеніміз жөн. Ендеше, мәдениетті қоғам мен табиғаттың өзара байланыстылығы, қоғамдық сананың бір түрі ретінде мәдениеттің табиғаты мен мән-мағынасын материалистік тарихилық принцип тұрғысынан зерттеудің дұрыстығы анықталды. Бұл мәдениет философиясының заңдылығы.

Әрбір тарихи кезеңнің, қоғамдық-экономикалық формацияның өзіндік мәдениеті болған. Сондай-ақ әрбір халықтың да өзіне тән мәдени дәстүрлері мен салт-саналары болады.

Аталы сөздердің өміршеңдігінде, халықтың тіл құдіретін бағалай білуінде жатыр. Асыл сөздің қоғамдағы тәрбиелік мәнінде ертеден ерекше назар аударып, «Ақылдың көзі – аталы сөз» деп ұққан бабаларымыз сөйлей білуді өлмес өнер, асыл мұра деп бағалаған. Осы пікірді «Сөз тапқанға қолқа жоқ», «Шешеннің сөзі мерген, шебердің көзі мерген», «Сөз сүйектен

өтеді», «Жақсы сөз – жарым ырыс», «Жақсы сөз жан семіртеді» т.б. тұжырымдарды байқауға болады.

Ақылдың көзі логикалық дұрыс ойда жатыр. Логикалық жүйемен ойлай білу – дұрыс жүйелеп сөйлеу білуге жетектейтін жол, сөйлеу мәдениетінің алғашқы баспалдағы.

Қазіргі уақытта бұл проблемаға философтар Ж.М.Әбділдин, Қ.Ә.Әбішев, А.Айталиев, Г.Шалабаева т.б.айрықша мән береді [82, 56 б.; 83; 84]. Олар «адам-қоғам-адам» жүйесіндегі қарым-қатынас, мәдениет, дәстүлердің байланыстарын ашып көрсетеді. Демек адам қоршаған ортамен мәдениетті деңгейдегі қатынасын қалыптастыру үшін ұлттық психология тұрғысында, яғни дәстүрлік байланыстың да бар екендігін аңғарамыз.

Ішкі мәдениет адамның құндылығын анықтайтын, оны қоғамда сыйлы қылатын бастылардың бірі болады. Сондықтан студенттерде мінез-құлық мәдениетін тәрбиелеу оларда міндетті түрде моральдық бейнені, ұжымшылдықты, достықты жолдастықты қалыптастыруды меңзейді.

Әлемге есімі белгілі ғұлама Әл-Фараби жеке тұлғаны өз заманымыздағы ойшылдар тәрізді биологиялық тұрғыдан «сөйлейтін хайуан» деп қарастырмай, қоғамдық ортаның мүшесі ретінде, алға қойған мақсатты шешуге сәйкес қалыптасатынын көрсетті. Ол адамды мақсатқа жеткізетін үш түрлі қабілет түрін (ерекше жаралған дене құрылысы, жан құмарлығы, ой парасаты) атай келіп, оны дұрыс жолға қою оқу-тәрбиеге байланысты деп санады [85]. Сондай-ақ, ұлы ойшыл тұлғаның бойындағы он екі қасиетті айқындап, оның ішінде өнер-білімді өзге қасиеттермен ұштастырған адам ғана ұстаз болатындығын атаған еді.

Психологтар жеке тұлғаны іс-әрекетпен байланысты қарастыра келіп, ондағы мақсат жай ойдан шығарылған жасанды нәрсе емес, оның түпкі мәні адамның қажеттерін өтеу, ал оны іске асыратын адамның ақыл-ойы, білімдері және икемділіктері екендігін көрсетеді. Тұлға мұндай жағдайға бірден ие болмайды, оған біртіндеп жетеді. Сондықтан да біз жаңа туған сәбидің онтогенезінде өзіне тән дара ерекшеліктері бола тұрса да, оның жеке тұлғасы туралы сөз айтпаймыз. Мұны ескерген С.Л.Рубинштейн «Жеке адам-салыстырмалы түрде

қоғамдық-тарихи және онтогенездік дамудың соңғы туындысы»,- деп қарайды [16].

Психологияда жеке адам ұғымына түрліше сараптауға болады. Оның әдепкісінде жаңа туған баланы индивид деп қарайды. Бірақ, оған тұлға қажетті қасиеттер жаралуында белгіленген, ол онтогенездік дамуында айқындалады, яғни генотиптік белгілер әлеуметтік орта әсерінен айқындалады деп түсіндіреді.

Адамның табиғи жаратылысында берілген дене пішіні, жүйке жүйесінің типі, темпераменті т.б. белгілері онтогенездік дамуында өзгеріске ұшырамай қалған белгілер адамды тұлға етеді деп қарайды. Аталған екі пікірде де бала дүниеге келгенде белгілердің өзімен бірге келетіні мойындаға-нымен, онтогенездік дамуында белгілерді өзгеріске түсіретін себепті нақтылай алмайды. Рас, адамның тұлға болуында мына фактор бірінші, мынау екінші деп айту қиын. Дегенмен, көрнекті психолог Л.С.Выготский [86] зерттеулеріне сүйене келіп, баланың психологиялық дамып қалыптасуы табиғи пісіп жетілуге, ал білім беру дайын дамуға негізделеді деген пікірді теріске шығарады. Ол даму мен білім беру арасында диалектикалық байланыстың барлығын, дұрыс ұйымдастырылған білім беру ісі дамып қалыптасуға негіз болатынын көрсетеді. Осы тұста қалыптасу, даму, жетілу сөздерінің ұғымдық мәнін айқындап қолдану аясын белгілеген орынды. «Даму» деген термин философияда дүниетанудың негізгі әдіснамалық принципі, ал дамудың өзі объективті заңдылық негізінде болатын табиғи-тарихи процесс деп қаралады [87]. Дүниедегі қимыл және сыртқы күштің әсерінен болатын қозғалыс, өзгеріс құбылыстарынан дамудың айырмашылығы, ол өздігінен қозғалатын объекті болып табылады. Оның қайнар көзі даму кезінде объектінің өзінде деп қаралды. Ал қалыптастыру (қалыптасу етістігінің өзгелік етіс түрі) – тұрақтану, орнығу, бір ізге түсу үйрену деген мағына беруіне қарағанда, ол-адамның әрекетті меңгеруі, ал жетілу- істі жаңарту. Сонда сөздердің ұғымдық мәніне қарасақ, даму – тұлғаның ақыл-ойына, күш-қуатына тән, қалыптасу, жетілу тұлға іс-әрекетінің ерекшеліктерін танытады. Осы жағдайды

ескеріп, студенттің ақыл-ойында өздігінен болатын өзгерістерді – даму, іс-әрекетте түрлі әдіс-тәсілдерді, құралдарды, білім мазмұнын пайдалану арқылы істі меңгеруі- қалыптасу, ал орын алған істі өмірдің сұранысына байланысты ұйымдастырып, жаңа нәтижені көрсетуі – жетілу болып табылады. Демек, мұғалімнің іс-әрекетінде «даму» деген сөзден гөрі, «қалыптасу» деген сөзді пайдалану орынды. Себебі, даму тұлғаның табиғи өзгерісін көрсетсе, қалыптасу мақсатқа сәйкес тұлғаның іс-әрекетінде болатын өзгерістерді қамтиды.

Ж.Асанов жүргізген зерттеулерінде қарастырған: «адамның тұлға екендігін танытатын қасиеттің бірі – қарым-қатынас», деп көрсетеді [88, 69 б.].

Жеке адам деп тану, ғылыми тұрғыдан сипаттама беру; тұлғаның дамуы мен қалыптасуына, адам әрекетімен қылықтарын психологиялық тұрғыдан түсіндіру, тұлға құрылымы сияқты проблемаларды ғылыми негізде қарастырылады. Солардың ішінде К.А.Оразбекова адам баласының жеке ерекшеліктерін талдай келе анықтама береді. Ол тұлғаның ұлттық тәрбиесін философиялық, психологиялық, педагогикалық тұрғыдан қарастырып, оны жоғары мектептің білім беру жүйесінде пайдаланудың теориялық, әдістемелік жақтарын көрсетеді. Оқыту процесінде мұғалімді адами тұсынан, дәлірек айтқанда, адамгершілік қадір-қасиетін танытып, ұлттық негізде этнопедагогикалық білімдер мен икемділіктерін қалыптастыру болып табылады [26,19 б.].

Тұлғаның дамуы оның іс-әрекетінде жинақтаған икемділігі мен біліміне тәуелді. Өйткені адам бойындағы білімі мен дүниетанымы басты ерекшеліктерін айқындауға және іс-әрекетті ғылыми негізде құруға ықпал етеді. Сондықтан адамның бойындағы білімі, тәжірибесі Қ.Жарықбаевтың «қандай да болмасын бір іспен айналысатын, азды-көпті өмір тәжірибесі, білімі мен дағдысы, икемі, дүниетанымы, сенімі мен талғам-мұраты, бағыт-бағдары бар адамды тұлға деуге болады» деген тұжырымдамасынан бастау алады [18, 92 б.].

Адамның бойындағы білімі – қарапайымдылықпен кез келген істі оңтайлы шешу барысында қажетті білім мен икемділікті және дағдыны қалыптастыруға ұмтылады. Бұдан

биологиялық, әлеуметтік факторлардың тұлғаның қалыптасуына әсері жоқ, бір-біріне байланыссыз немесе бір-біріне қарама-қарсы деп қарауға болмайды. Ғылымда бұлардың әрқайсысының ықпалдық әсерін дәлелдейтін ілімдері бар [89; 90; 91].

Көпшілік жағдайда мәдениетті өмірдің рухани және көркемдік салаларымен ғана байланыстыра қарастырып келген. Шын мәнінде, мәдениет – рухани және материалдық мәдениеттен құралады. Мәселен, алғашқы еңбек құралдары ежелгі мәдениет ескерткіштеріне жатады. Еңбек құралдары мен өңделген еңбек заттары мен бұйымдары материалдық мәдениет құрамына кіреді. Олардың мазмұны мен түрлі әр заманның мәдени даму сатысын көрсетеді. Еңбек құралдары неғұрлым күрделі болған сайын, мәдениет те соғұрлым жаңа сипат алып отырады. Қазіргі заманғы ғылыми-техникалық прогресс жетістіктері, жаңа техника мен технология материалық мәдениеттің даму дәрежесін көрсетеді.

Жоғарыдағы теориялық білімдердің нәтижесінде қарым-қатынас дегеніміз бірнеше адамдардың адами қатынастарының нәтижесінде ортақ нәтиже жетуге мақсат еткен, ауыз екі келісімдері мен бірлестіктерінің негізінде құрылған өзара әрекеттерді айтамыз. Демек, біз жүргізген зерттеуіледің қарым-қатынас мазмұнын ашуға және іс-әрекет жүйесіндегі қарым-қатынастың орнына студент жастарымыздың қарым-қатынасқа керекті дағды, икемділік, білім, ұлттық рухани мотивтеріне аса аударып, болашақ педагогтарымыздың бойына сіңдіріп, қалыптастыруды мақсат еттік. Бұл туралы біз зерттеуіміздің келесі бөлімдерінде жан-жақты, жүйелі сөз етеміз.

## 2.2 Халықтық педагогика тұрғысынан студенттердің қарым-қатынас мәдениетін қалыптастырудың ерекшеліктері

Студенттердің қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыру мәселесінде ұлттық ерекшеліктерді ескере отырып, қарым-қатынас дағдылары мен икемділігін жан-жақты дамыту

маңызды проблемалардың бірі болып табылады. Бұл мәселенің маңыздылығын ашу мақсатында оның ғылыми әдебиеттерде кездесетін қайнар көздерін, түпкі нәтижелерін анықтауға назар аудардық. Осыған байланысты қарым-қатынас дағдылары мен икемділігін қалыптастыру ерекшеліктері психологиялық және педагогикалық тұрғыдан сипатталады.

Студент – қандай салада білім алса да белгілі бір, мамандықтың иесі, ал біздің қарастырып отырған педагогика саласы бойынша кәсіби даярлауда оның мәдениеттілігіне көңіл қою, бүгінгі мәдениеттілік дәрежесінде икемділік, дағдылардың сапалық деңгейін жасау арқылы оны әлеуметтік өмірге енгізу көзделеді. Осы тұрғыда қарым-қатынас дағдылары мен икемділіктің маңызы педагогикалық қарым-қатынас техникасын қолдану икемділігі, қарым-қатынас процесі кезінде шапшаң және жеңіл тіл табысу барысында сенімділікті, қызметтестік, жолдастық сезімді ояту, әңгімелесуші тұлғаның тақырыбын қызығушылықпен тыңдау, мимика, пантомимика қолдану тақырып бойынша ойын-қалжыңды түсінуде маңызды.

Қарым-қатынас мәдениеті дағдылары мен икемділігіне ие болған адамның тыныс тіршілігі оның әрекетін ұйымдастыру тәсілінен, материалдық және рухани байлықты жасауынан көрінетін, қоғам мен адамның белгілі тарихи даму дәрежесі іспетті, яғни оқу-білім, ғылым, қажеттілік, қызығушылық, мақсаттылыққа қол жеткізеді.

Белгілі бір мақсатқа жету үшін тұлғаның қызығушылығы, білімі, рухани қажеттілігі ұштасуы тиіс, демек мотивациялық сферасы кең, білімі терең адам болып қалыптасу үшін қоршаған ортамен қарым-қатынас маңызды, ал қарым-қатынас процесі сәтті болу үшін әлеуметтік ортаға икемделу, дағдыларына ие болу шарт.

Қарым-қатынас процесі кезінде шынайы жанашырлық көрсету, кеңпейілділік және түсінушілік, мәдениетті қарым-қатынас қалыптастыруда қазақ халқымыздың топырағында жинақталған өмірлік тәжірибесінің жиынтығы, өмір сүру бейнесі және өміршең рухани мұрасы болашақ мұғалімдердің талапқа сай қарым-қатынас икемділігі, дағдысы, мәдени даму сатыларына тәрбиелік әсері мол деп есептейміз.

Көшпелі елдердің қай-қайсысының болсын өзіндік өзгешелігі бар, олар өлең мен жырға бай, шебер екенін Шоқан Уәлиханов туындыларынан оқуға болады [59].

Қарым-қатынастың пайдасы жалпы қазақ халқының ойлау жүйесін алғаш рет әлемдегі даму мен өзгеруге, диалектикаға қатысты зерделеген Абай атамыздың өсиетті сөздеріне көңіл бөлмеу мүмкін емес. Егерде адам мәдениетін дүниежүзілік мұхитқа құятын ағысқа теңесек, онда дәстүрлер сабақтастығын қуат күшіне бірлестіруге болады [7]. Абайды қашанда біз гуманизмнің көзі дейміз. Жалпы алғанда ұрпағымыздың дамып, өркендеуіне, оларды инабаттылық, имандылық қарым-қатынасқа тәрбиелеуде оқу-білім қажет деген ой-тұжырымы ғылымдағы жаңа да, құнды зерттеулерде толық көрініс табады.

Әлемдік педагогика классиктері Аристотель, Платон, Квинтиллиан, Коменский, Песталлоцци, Локк, Гербарт, Ушинский және т.б. өздерінің еңбектерінде халықтық педагогика мұраларын тәрбиеге қолдану туралы өте құнды пікірлер қалдырды [ 46; 92; 93, 211б.].

Платон балаларға айтылатын әңгімелердің мазмұнын іріктеп алуды талап етсе, Аристотель баламен қарым-қатынаста сөйлеу мәдениетіне, моральдық тәрбиеге мән берген. Моральдық тәрбиенің үш көзі – табиғи нышандар, дағдылар мен сананы дамытуды ұсынады [ 46,141 б.].

Марк Квинтиллиан шешендікке тәрбиелеуде балалардың тілін дамыту, сөйлеуге көңіл бөлу, тілді және музыканы үйретуді маңызды деп есептеген.

Халық педагогикасы ауыз әдебиеті арқылы ұрпақтан-ұрпаққа беріліп, жастарды мәдениеттілікке тәрбиелеу шығыс елдерінде кеңінен таралған.

Қазақ халқының тәуелсіз ел болуы елімізде асқақ руханият пен азаматтықты өркендету үшін бүкіл халықтың күш-жігерін жұмылдыруға қажетті құбылыстың бірі – Қазақстанда ұлттардың мәдени-этикалық мүдделерін жүзеге асыру, ұлттық, өзара мәдени қарым-қатынасын қалыптастыру саясатын белгілеу болып табылады. Қай халық үшін де ұлы мұрат – ана тілі мен төл мәдениетін сақтау және болашаққа аманаттау міндеті – ең алдымен білім беру саласымен байланысты.

Алайда, қазақтың халықтық педагогикасын бүгінгі күннің ғана проблемасы деуге болмайды. Бұған түрлі тарихи кезеңдерде бала тәрбиесінің құралы ретінде ерекше мән берілген. Оны ұлы ойшылдар (Әл-Фараби, Жүсіп Баласағұн, Махмұд Қашғари т.б.) [ 4,17 б.; 5, 52 б.] мен ағартушылардың (Шоқан, Ыбырай, Абай) [ 59,103 б; 60,215 б.; 7,102 б.] қазақ зиялылары мен ғалым-педагогтардың еңбектерінде (Ж.Аймауытов, А.Байтұрсынов, М.Жұмабаев, М.Дулатов, т.б.) халықтың бала тәрбиесі жөніндегі тәлім-тәрбиелік тәжірибелерін, ауызекі халық шығармашылығын, салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптарын ұрпақ тәрбиесінде пайдалану туралы айтқан идеяларынан көруге болады [ 10,17 б.; 94; 57,25 б.; 11,51 б.].

Әл-Фараби адамгершілік-этикалық тұжырымдамасын негізге ала отырып –өзі қабылдаған білім мен біліктілігі, мәдениеті арқылы бақытқа жетеді, қоршаған ортада жан-жақты жетіледі деген болатын. Ол «Бақытқа жету жайында» деген трактатында: «Бақытты болуы – мінезділікте деген болатын. Кейбір адамдар қолдағы барынан оп-оңай айырылып қалады, тіпті бақытсыздыққа да ұшырайды. Оны мұндай жағдайға түсіретін оның нашар мінезі» – деген болатын. Мінез-құлықтағы мәдениеттің маңыздылығын баса көрсетеді деп түсінуге болады. Әл-Фараби: «адамды өз мінезіндегі теріс қылықтарын жеңуге үйрету және оң әдеттерді дамытуға қабілетті ету, ол үшін адамға жас кезінен этикалық тәрбие беру арқылы жетуге болады», - деп қарым-қатынас мәдениетін ерте кезден бастау алады [ 4,67 б.].

Әл-Фараби «Қайырымды қала тұрғындарының көзқарастары» атты трактатында тәрбие туралы сөз ете келе: «Тәрбиелеу дегеніміз – халықтардың бойында білімге негізделген этикалық ізгіліктер мен өнерлерді дарыту деген сөз», «Тәрбиелеу негізінде халықтар мен қала тұрғындарына білімге негізделген қасиеттерден тұратын іс-әрекеттер дағдысы сіңіріледі», «Этикалық ізгіліктерді – білім, тәрбие арқылы дамыту керек, сол арқылы адам игілікті істерге талпынады» деп ғұламалық ойларын айтып кеткен [4,91-б.].

XIX ғасырдың 20-30 жылдары Қазақстанда этномәдени білім мен ой-пікірлердің дамуына үлес қосқан қазақтың ағартушы-педагогтары А.Байтұрсынов, Ж.Аймауытов, М.Жұмабаев, М.Дулатовтың еңбектері ұлттық қазынамызға айналды [ 94; 10; 9; 11].

А.Байтұрсынов еңбектері Қазақстанда ұлттық білім беру жүйесінің қалыптасуына зор үлесін қосты. Ол ұлттық мәдениетіміздің жанданып, әрі қарай дамуын көкседі. А.Байтұрсынов 1913 жылы «Қазақ» газетінде: «Өзіміздің елімізді сақтау үшін бізге мәдениетке, оқуға ұмтылуымыз керек» деп атап өтеді.

А.Байтұрсынов еңбектерінде ұлттық сана, мәдениетті қалыптастыруды нақты іске асыру жолдарын дамытуға байланысты құнды пікірлер айтылған [95].

М.Жұмабаев мұраларында ұлттық мәдениетті дамыту идеялары тыс қалмаған. Әсіресе, этномәдениетті қалыптастырудағы ұлт тілінің маңызына тоқталған: «Ұлт тілі – ұлт мектебіне ана болуға тиісті», - деп атап өткен [9,71 б.].

«Педагогика» деген еңбегінде: «Ішкі сезімдер», «Сұлулық эстетика сезімдері», «Құлық сезімдер, олардың өркендеу жолдары», «Мінез», «Баланың жалпы жаратылысы» тақырыптарында қарым-қатынас мәдениетін қалыптастырудың педагогикалық-психологиялық негіздеріне тоқталған. Әсіресе, қарым-қатынас мәдениетінің балалық шақтағы маңызына ерекше тоқталып өтеді: «... бала шақта алынған әсер ержеткенде адамның ақылының, ой-пікірінің һәм мінезінің қандай дәрежеде һәм түрде болуына негіз салады. Балалықта ылғи жағымды әсер алынса, адам өмір бойы шат көңілді болмақ. Балалықта жағымсыз әсер алынса, адам өмір бойы қасіретке бейім болмақ», - дейді [58, 81-102 б.].

Ж.Аймауытовтың «Тәрбиеге жетекші», «Психология» т.б. еңбектері маңызды болып табылады. Ол жас ұрпаққа эстетикалық тәрбие бере отырып, дүниетанымын, мәдениетін қалыптастыруды негізгі мақсат етіп қояды. Адам жанының нәзіктігін айта отырып, оның дамуына, жеке тұлғасының қалыптасуында үлкендердің психологиялық, рухани тірек болуын көздейді. «Тәрбие» атты мақаласында: «Адам

табиғаттың емес, тәрбиенің құлы болуы керек. Қиянат, зорлық, бірін-бірі өлтіру тәрбие болмағандықтан, адамның тек табиғаттың құлы болып өмір сүргендігінен», - дей отырып, ол тәрбие мәселесіндегі мінез-құлық мәдениетіне тоқталып өтеді.

Ол «Ана тілін қалай оқыту керек?» деген мақаласында сол кездегі ұлт мектептерінде ана тілін оқытудағы кемшіліктерді көрсете отырып, сөйлеу мәдениеті мәселесіне тоқталып өтеді [95; 96]. Ж.Аймауытов ұлттық мәдениеттің, тәрбиенің ұлттық сипатта болуын қалаған және сол бағытта жұмыс істеген ғалым-ұстаз.

М.Дулатов ұлттық тәрбие беру идеяларын дамытқан ағартушы ретінде тарихта қалды. Міржақып Дулатовтың мұғалімдерге: «бастауыш мектепте алған тәрбиесінің әсері күшті, сіңімді болуы, қай халықтың мектебінде болса да оқу кітаптары ана тілімен, өз ұлтының тұрмысынан һәм табиғаттан жазылып, баяндап оқытудың асыл мақсұтына муафиқ үйретуден, осылай біліп, баяндап оқытқанда, балқыған жас баланың ойына, қанына, сүйегінде ұлт рухы сіңісіп, ана тілін анық үйреніп, керекті мағлұмат алып шығады. Мұндай балалар бастауыш мектепті бітіргенен кейін қай жұрттың мектеп-медресесінде оқыса да, қай жұрттың арасында жүрсе де, сүйегіне сіңген ұлт рухы жасымайды. Қайда болса да, тіршілігінде қандай ауырлық, өзгерістер көрсе де, ұлт ұлы болып қалады. Оқудан мақсат жалғыз құрғақ білім үйрету емес, біліммен бірге жақсы тәрбиені қоса беру» деп, өз халқының тілі, ұлттық әдеп, салт-дәстүрлерінің озық үлгілері арқылы жүргізу керектігі туралы айтқан ой-тұжырымы өзінің көкейкестілігін бүгін де жоғалтқан жоқ, керісінше заман талабымен үндесіп жатыр [11, 202 б.].

Дулатов еңбектеріндегі идеялар ұлттық рухани мәдениет мәселесін қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыруда маңызы ерекше.

Х.Досмұхамедұлы еңбектерінде де ұлттық мәдениет мәселелері көрініс тапты [96]. Қазақ ағартушыларының еңбектері арқылы қазақ этнопедагогикасының қалыптасуына алғы шарттар жасалды. Олар бүкіл қазақ халқына ұлттық тәрбие

беру, ұлттық ой-сана мен мәдениетті қалыптастыру, қазақ ұлттық мектебін жасауды негіздеді.

Жоғары оқу орындарында болашақ мұғалімдерді даярлауда халықтық педагогика және этнопедагогика материалдарын пайдалану проблемасы бірқатар отандық ғалым-педагогтар зерттеулерінде көрініс тапқан.

Белгі ғалым Қ. Бөлеев өзінің еңбегінде болашақ мұғалімдерді оқушыларға ұлттық тәрбие беруге кәсіби дайындық мәселесін жан-жақты зерттеген [24].

Ж.Наурызбайдың зерттеулерінде болашақ мұғалімдерді оқушыларға мәдени-этникалық білім беруге даярлау проблемалары шешімін табуға талпыныс жасалған [97].

К.Ж.Кожахметова, С.А.Ұзақбаева еңбектерінде студенттердің этнопедагогикалық даярлық деңгейлерін арттыру мәселелері талданған: «XXI ғасырға өзінің ұлттық мәдениетін, әдет-ғұрпы мен дәстүрлерін сақтаған толыққанды ұлт ретінде аяқ басу үшін, ең алдымен бүкіл қазақ халқының этнопедагогикалық мәдениетін көтеру, ал ол үшін барлық білім беру деңгейлерінде этнопедагогикалық жалпы оқу ұйымдастыру қажет», - деп атап көрсетеді [22; 21, 155 б.].

Зерттеліп отырған мәселеге байланысты жүргізілген теориялық талдаулар Қазақстан ғылымының дамуына үлесін қосқан мынадай докторлық диссертациялар орындалған: 1973-1998 жылдар аралығында ұлттық негізде музыкалық-эстетикалық тәрбие беру мәселелерін М.Х.Балтабаев, С.А.Ұзақбаева; халықтың тәлім-тәрбиенің ғылыми-педагогикалық, әдіснамалық негіздері С.Қ.Қалиев, Ж.Ж.Наурызбай, К.Ж.Қожахметова, ал 1999-2004 жылдар аралығында халықтың музыка құралдары арқылы оқушыларды тәрбиелеу мәселесінде Ш.Б.Құлманова, жеке тұлғаға ұлттың тәрбие берудің педаогикалық негіздерін қарастыруда К.А.Оразбекова, Р.Қ.Дүйсембінова, Қ.Бөлеев, С.Ғаббасов, Е.А.Битабаров, т.б. еңбектері маңызды болып табылады [14; 21; 27; 97; 22; 93; 28; 98; 24; 99; 100].

Ал біздің зерттеу тақырыбымызға тікелей байланысты мынадай кандидаттық зерттеу жұмыстары орындалған. Оқушылардың эстетикалық мәдениетін қалыптастыру

мәселелері Е.Ш.Қозыбаев, айтыс өнері арқылы тәрбие беру Ұ.Асанова [88], оқу-тәрбие үрдісінде халықтық педагогиканың озық үлгілерін пайдалану туралы Р.К.Төлеубекова [101], халық педагогикасын оқу-тәрбиесіне ендіру жолдары Ә.Т.Қоңыратбаева, т.б. ; техникалық колледжде этномәдениетті қалыптастыру Б.Е.Каирова, Н.М.Көшеров, Т.М.Шакирова, Л.К.Көмекбаева, Г.Н.Көшербаева, Г.А.Тілеужанова т.б. [102; 103; 104; 105; 106; 107; 108] Аталған зерттеулер көтеріліп отырған мәселенің шешімін табу және жаңаша бағыттарын айқындауда маңызы болды.

Халық педагогикасы – ұлт мәдениетінің негізі. Ол халықтың халық болып тарих сахнасына шыққанынан бері ғасырлар бойы еліміздің тәлім-тәрбиенің пәрменді құрал қызметін атқарып келеді.

Халық педагогикасы халықтың қызметі және халықтың өмір сүру тәсілі деуімізге болады. Мұндай себеп пен салдар ажырамас байланыста. Этнопедагогикасыз халықтың өмір сүруі мағынасыз, өйткені педагогикалық ой үнемі мәдени дәстүрді, халықтың рухани мәдениетін туғызып, адамдарды рухани және материалдық өмірде ең жоғары деңгейге жетуге ынталандырып отырады.

Халық педагогикасының тарихын зерттеу, оның мағлұматтарын бүгінгі және болашақ ұрпақтың игілігіне айналдыру, салт-санамыздың, әдет-ғұрпымызды, ұлттық дәстүрімізді өскелең өмір талаптарына сай жүзеге асыру – аса басты міндеттердің бірі.

Жастарға тәлім-тәрбие беруде тек ұлттық дәстүрлермен шектелуге болмайды. Сондықтан тәрбие ісі тиімді болуы үшін халық педагогикасына кешенді қараған жөн.

«Этнопедагогика», «халықтық педагогика» ұғымдары жөніндегі анықтамалар жүйесін зерттеу еңбектердің мазмұндық ерекшеліктерін ескере отырып, салыстырып, зер салып қарайтын болсақ, олардың мазмұны жағынан жақын, бірін-бірі өзара толықтырып, байыта түсетінін аңғаруға болады.

Гашимов А.Ш.: «Халықтық педагогика дегеніміз – кең мағынасында алғанда халық бұқарасының тәрбие мәселелері жөніндегі көзқарастарының, идеяларының, әдет-ғұрыптарының,

дәстүрлерінің жиынтығы. Оның нысанасы – тәрбие, ал тәрбие объектісі – жасы мен жынысына қарамастан адам, жеке адам», - деп түсіндіреді [109].

Жалпы халық педагогикасы жайлы ұғымды анықтау, әр түрлі ғылыми-педагогикалық көзқарастарды қалыптастыру проблемаларына көптеген ғылымдар, педагогтар көңіл аударды, құнды пікірлер айтты, өмірлік мұра қалдырды.

Этнопедагогика саласының өкілі, ғалым Г.Н.Волков: «халықтық педагогиканың ерекшелігі: оның дүниеге келген күннен бастап, бірге жасасып келіуінде, еңбек тәрбиесінің алғашқы адамдар өмірінде басты рөл атқарғаны, тәрбиенің басқа түрлерінің кейін туғандығы, халықтың тәрбие жөніндегі қағидаларының өмірлік тәжірибеге негізделген эмпирикалық білім болып келуі, оның ұлттар мен ұлыстардың жазу мәдениеті шықпай тұрған кезінде пайда болып, халық арасында ауызша тарауынан», - деген болатын [110]. Ғалым, шығарушы авторларының аты-жөнінің халық жадында сақталмай бүкіл халықтық мұраға айналып кетуі, халықтың ұрпақ тәрбиелеудегі озық тәжірибелері мен ой-түйіндерінің сол халықтың ой-тілегімен, арманымен ұштасып келгендіктен озық үлгілерінің мәңгі сақталып, ал тозығының біртіндеп тәрбие жүйесінен шығып қалуы, халық педагогикасы өнерге, еңбекке негізделгендіктен үнемі жетілдіру, ұшталу үстінде болатындығын меңзеген болатын. Сондай-ақ халық педагогикасының ғылыми жүйеге, теорияларға, құрылмай жеке бастың тәрбиенің озық үлгілеріне және оның нәтижесіне құрылуы, тәрбие тәжірибесінің ғасырлар бойы жалғасып үзілмей келуі алғашқы тәрбие түрлерінің қоғамда бөлінбей тұтас түрінде берілуі деп саралаған. Халық педагогикасы ру, тайпа, ұлттар мен ұлыстардың ұрпақты тәрбиелеу тәжірибесіне негізделген, халықтық тәрбие құралдары салт-дәстүр, әдет-ғұрып, ойын түрлері, ауыз әдебиеті үлгілері арқылы іске асыруға құрылса, ал этнопедагогика теориялық ойларға, ғылымға негізделеді.

Афанасьев В.Ф.: «Халықтық педагогика дегеніміз – балалардың және халықтың өзнінің күнделікті өмірі үшін қажетті білімдерді меңгеруін қамтамасыз еткен және

қамтамасыз етіп келе жатқан халық бұқарасы білімдерінің жиыны халықтық педагогиканың мәнін құрайды», - дейді [111].

Я.И.Ханбиков: «Халықтық педагогика дегеніміз – халықтық эмперикалық білімдер саласы, оларда тәрбиенің мақсаттары мен міндеттері, еңбекшілердің кең бұқарасы қолданатын тәрбие мен оқытудың халықтық құралдары, іскерліктері мен дағдылары мен көрініс табады», - деп жазады [112].

М.Р.Шабаев пікірінше: «Халықтық педагогика дегеніміз – белгілі бір халық белгілі бір жерде қолданатын тәрбие тәсілдері мен әдістерінің жиынтығы, ол бір ұрпақтан екінші ұрпаққа беріліп отырады және олар ең алдымен адамдардың тіршілік процесінде ие болған белгілі бір білім мен дағдылар ретінде меңгеріледі [113].

Измайлов А.Э. анықтамасы бойынша: «Халықтық педагогика дегеніміз халық бұқарасының тарихи және әлеуметтік тәжірибесінің өнімі ретінде, көбіне ауызекі түрде ұрпақтан-ұрпаққа беріліп келген, жинақталған және практикада тексерілген эмперикалық білімдердің, мәліметтердің, іскерліктер мен дағдалардың жиынтығы» [114].

С.А.Ұзақбаева: «Халықтық педагогика дегеніміз тәрбие мен оқыту саласындағы халық бұқарасы білімдерінің, іскерліктерінің, дағдыларының жиынтығы, солардың негізінде ұрпақтан-ұрпаққа халық шығармашылығы арқылы беріліп отыратын әдет-ғұрыптар мен дәстүрлер. Халықтық педагогиканың мақсаты – ата-бабалар тәжірибесінің ең жақсы мұраттарын бойына сіңірген рухани бай ұрпақты тәрбиелеу» [21].

Қ.Б.Жарықбаев: «Халықтық педагогика дегеніміз тәлім-тәрбиелік ой-пікірдің ілкі бастауы, халықтың рухани мұрасы» [16].

С.Қ.Қалиев: «Халықтық педагогика дегеніміз ұлттар мен ұлыстардың ұрпақ тәрбиелеудегі әлденеше ғасырға созылған ұлттық әдет-ғұрыптары мен дәстүрлерінің, мәдени ойлау жүйесінің эмперикалық негіздегі озық үлгілерінің жиынтығы» [27].

Қ.Б.Жарықбаев: «Этнопедагогика дегеніміз халықтық тәлім-тәрбиені, оның тәжірибесін қорытындылап, жүйелейтін теориялық сипаттағы ғылым саласы» [16].

С.Қ.Қалиев: «Этнопедагогика дегеніміз фольклорлық шығармалар мен ұлттық салт-дәсүрлердің тәлім-тәрбиелік мән-мағынасы мен оны оқу-тәрбие жүйесінде қолданудың әдіс-тәсілдерін зерттейтін педагогика ғылымының бір саласы» [27].

С.А.Ұзақбаева: «Этнопедагогика дегеніміз әлеуметтік және қоғамдық жағдайлардың ықпалымен қалыптасқан ұлттың өзіне тән тарихи жолын, сол жолда тәрбие саласында қалыптасып, жүзеге асқан өзіндік ерекшеліктерін зерттейді, атап айтқанда, діни ілімдерде, халық шығармашылығында (поэтикалық, музыкалық, сәндік-қолданбалы), отбасы өмірінде, тұрмыста, салт-дәстүрлерде орын алған халықтың балаларды тәрбиелеу мен үйрету туралы білімін, халықтың бүкіл даналығын, сондай-ақ, жеке адамның әлеуметтік және тарихи-мәдени тұрғыда қалыптасуына ықпал еткен философиялық, этикалық, педагогикалық ой-пікірлері мен көзқарастарын, яғни тәрбие барысында қалыптасқан педагогикалық қағидаларын, ережелерін, заңдылықтар мен принциптерін, құралдарын, әдіс-тәсілдері мен амал-жолдарын жинақтап жүйеге келтіреді», - дейді [115, 41 б.].

К.Ж.Қожахметова: «Этнопедагогика дегеніміз педагогика ғылымдары жүйесінің бір бөлігі. Қазақ этнопедагогикасы – педагогика ғылымы мен этнография, қазақ философиясы, этнопсихология, этнос теориясы, педагогика тарихы, қазақ тарихы, фольклористика, этнкалық мәдениет нысанасы, қазақ этностық тәрбие жүйесі болып табылатын мәдениеттану түйісер тұста қалыптасқан, біртұтас жүйелі білім беруге болатын, адам өмірінің өн бойында және білім беру мекемелерінде жүзеге асырылатын дербес педагогикалық оқу пән», - деген анықтама береді [22].

К.Д.Ушинский әрбір елде халықтың мүддесіне, мұқтажына сәйкес өзіндік білім және тәрбие беру жүйесінің қажет екендігін айтты. Ол өзінің педагогикалық теориясында тәрбиенің ұлыстық принципіне сүйеніп, тәрбиенің халықтық идеясын дәлелдейді. К.Д.Ушинский халық дәстүрлерін, әдет-ғұрыптарын, салт-

саласын жақсы білген. «Дерексіздік идеяларға сүйеніп жазылған ең жақсы тәрбие жүйесін, халықтың мол тәжірибесіне негізделген тәрбиеге еш уақытта тең бола алмайды» – деп тұжырымдады. Осыған орай халық педагогикасының тәрбиелік ықпалын өте жоғары бағалады [48, 82 б.].

Мәдениеттің өмірдегі көрінісі – ұлттық тәрбиенің жемісі. Әдебиет – тәрбиенің басты құралы болып табылады. Кез-келген әдеби шығарманың эстетикалық мәні тәрбиеленушінің этикасы мен этникасын қалыптастыруға себін тигізеді, әсер беріп, адамшылығын қалыптастырады.

Ұлттық мәдениеттің даму кезеңдерінің қай дәуірін алсақ та, ол халықтың ұлттық педагогикасымен сабақтасып жатқанын көреміз. Ұлттық мәдениет ұлттық тәрбие арқылы қалыптасады. Ал тәрбие дүниетаныммен, өмір заңдылықтарымен тығыз байланысты.

Қазақтың ұлттық тәрбие негіздері ең әуелі дүнетануды, содан кейін тәрбиелеуді, ол үшін өмір заңдылықтарын үйретуді көздейді.

Жоғарғы оқу орнында білім алып жатқан студенттерге қарым-қатынас мәселесінің маңыздылығын және оның қажеттілігін түсіндіре келе, мәдениетті қарым-қатынас жасау үшін үлкен дайындық қажет екенін айту керек.

Г.П.Афанасьева өзінің ғылыми жұмыстарында келесідегі дәлелдемелерді ұсынды: Проблеманың түп мәселесі сонау мектеп қабырғасында оқушылық кезден басталады. Мектеп бітірушілерді педагогикалық мамандықты аса құрмет тұтып, сол мамандыққа ұмтылуын бақылау жасап, төмендегідей қортындыға келіп, оны үш топқа бөлді:

1) қарым-қатынас жасауға икемділігі жеткілікті және оны әрі қарай қалыптастыруға қызығушылығы бар.

2) Қарым-қатынасқа икемділігі аз, бірақ дайындығын тереңдеткісі келеді.

3) Тәжірибесі жоқ және оны қалыптастыруға мүлдем ұмтылмайды [116].

Осы ғылыми жұмыстың тұжырымына сүйенсек, демек біздің қарастырып отырған мәселеміз, болашақ маман иелерін қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыру үшін үлкен дайындық

болу керек. Студенттерді кәсіби дайындауда мынадай критерийлерді басшылыққа алған жөн:

*Бірінші критерий* студенттің мамандыққа бейімделу құндылығы, педагогикалық еңбектердің маңыздылығын ұғынуға, бағытталады. Мотивациясының даму көрсеткіші шығармашылық – ізденіс сипатында, жоғары дәрежеде дамыған қызығушылығы және қабілеті, педагогикалық міндеттерді ойша шешуге бағытталған және мақсатқа жетуге, оны шығармашылық тұрғыдан құруға ұмтылыс.

*Екінші критерий* жеке тұлғаның адамгершілік – тәрбиесі мен қазіргі заманғы тұжырымдамаға сүйеніп оқыту және педагогикалық зерттеу іс-әрекетін білімін жинақтау, ұлттық сана-сезімі, осы бағыттағы білімі.

*Үшінші критерий* педагогикалық икемділік пен дағдыны оқу- әрекетін психологиялық жағымдылықпен ұйымдастырушылық, коммуникативті функцияларға ие болу үшін қалыптасу деңгейін білу.

*Төртінші критерий* жүріс-тұрысын өз бетінше реттеу және белсенділігін сипаттау және жеке тұлғаның мақсаттылығын, жауапкершілігін, өз еркімен даму деңгейін білу.

Педагогикалық икемділік пен дағдыны оқу-әрекетінде ғана емес ортада жағымды психологиялық жағдайды болдыру үшін және сөйлеу мәдениетін қалыптастыруда аса маңызды.

## 2.3 Студенттердің қарым-қатынас мәдениетін қалыптастырудың жаңаша жүйесін айқындаудағы педагогикалық шарттар

Бүгінгі қоғамда құндылықтар бағыты қатарында ұлтжандылық, отаншылдық сезімдер, яғни өз халқымызды, оның салт-дәстүрін, тілін, мәдениетін, әдеттерін, қарым-қатынастарын, туған ел табиғатын құрметтей білу – жоғары маңызға ие болып отыр. Сонымен бірге әрбір адам үшін жоғары құндылықтар өмірде болатын ынтымақтастық, ізгі қарым-қатынастар, рухани мәдениет, гуманистік қатынастар негізі – әр адамның өз басын сыйлауы, адамгершілікке негізделген қарым-қатынас, адамдарды ізгілікті қадір тұту. Мұндай қоғамдық,

азаматтық, рухани-адамгершілік құндылықтардың бекуі, өзара қарым-қатынас мәдениетінің қалыптасуы арқылы көрініс береді, ал бұл маңызды мәселе оқу-тәрбие жүйесінде жүзеге асатыны белгілі.

Жоғары оқу орындарында болашақ кәсіби еңбекке даярлау үрдісінде бұл құндылықтарды түсінуі, оны қадір тұту, рухани-адамгершілік бағытта іс-әрекет жасау жоғары инабатты құндылық ретінде оқу еңбегін бағалау т.б. маңызды міндет және ғылыми проблема.

Болашақ мамандардың қарым-қатынас мәдениетіне тәрбиелеуде «тұлғаның базалық мәдениетіне» мән беру керек.

Педагогикалық әдебиеттерде тұлғаның базалық мәдениетін түзуге көмектесетін бірнеше жеке элементтер аталады (Бабаев С.):

- табиғатқа бағытталған құндылықтар (адамгершілік трбиесі, тұлға сапасы ретінде танылған дұрыс та тұрақты қатынастар жасау);
- өмір, тіршілікке бағытталған құндылықтар (адам құқын және оның құндылық мәнін дәріптеу; бақыт, еркіндік, ар-намыс, әділдік-теңдік, ізгілікті қарым-қатынас т.б. сынды құндылықты категорияларды қалыптастыру);
- қоғамға бағытталған құндылықтар (қоғамның құқықтық негізі және оның саяси құрылымымен танысу: қоғамдағы және жеке адам проблемасын зерттеу: «Мен» және қоғам, отаншылдық тәрбиесі);
- еңбекке бағытталған құндылықтар (еңбек дағдыларын үйрету т.б.).

Қазіргі кезеңде оқу-тәрбие беру үрдісінде ұлттық негізді дамытуға, мәдениетті, тіл және дін, қарым-қатынаста ізгілікті мәдениет қалыптастыру, оны жалпы адамзаттық мәдениет мән-мазмұнымен байыта түсуге бағытталған жаңа әлеуметтік жаңа ахуал қалыптасып келеді. Бір кездерде идеологиялық институтқа айналдырылған мектеп қазір мәдениет шамшырағының қасиеттерін өз бойына жинай бастады. Мәселен, Қазақ халқының дәртүрлі педагогикалық мәдениетін зерттеуші ғалым Г.Р.Бахтиярова: «Дәстүрлі педагогикалық мәдениеттің өмір сүруінің ең маңызды механизмдерінің бірі

қоғам талабына сай үйлесімділікте, жан-жақты жетілген адам тұлғасын қалыптастыруды көздейтіндігі», - деп әрбір адамның халықтың озық дәстүрлері арқылы жеке тұлға бейнесін қалыптастыруды сипаттаған болатын [117]. Сан мыңдаған жылдардан келе жатқан халықтық педагогика идеяларымен оқу-тәрбие үрдісін сабақтастыру арқылы, ұлттық ерекшеліктерімізге тән жастарды тәрбиелеу басты бағдар ретінде қарау қажеттілігін ерекше айтуға болады.

Жоғары мектепке болашақ мұғалімдерді даярлаудағы басым идея-өзін ең алдымен өз халқының бөлшегі, Қазақстан елінің ардақты азаматы, өз елін, жерін сүйетін мәдениетті, білімді және білікті маман даярлау болып отыр.

«Қазақстан Республикасының этникалық мәдени білім беру тұжырымдамасында» мынадай міндеттер көрсетілген:

- жан-жақты мәдениетті тұлғаны тәрбиелеу;
- тұлғаның өзіндік төл мәдениетіне сай болуына және өзге мәдениеттерді игеруіне жағдай жасау, мәдениеттер алмасуына, олардың бірін-бірі байытуына бағдар ұстау;
- көп тілді жеке адамды қалыптастыру: ана тілінде еркін ұғынысуға қабілетті азаматтарды даярлау. Сол арқылы өз этникалық тобына қатысты да, мемлекетіне қатысты да «бірдей адалдық» үлгісін іске асыру (Берсиев).

Жоғары оқу орындарында халықтық педагогика идеяларын негізге ала отырып, болашақ ұстаздардың қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыру мәселесі мәдени мұраның мынадай тарихи көздерін білуге байланысты:

1) ұлттық діни-мәдени мұра (наным - сенімдері);
2) қазақы төл мәдени қазына (ауыз әдебиеті, ұлттық тарих, өнер т.б.);
3) ұлттық тәлім-тәрбие
4) ұлттық мемлекеттік дәстүрлер т.б.

*Халықтық педагогика* – ғасырлар бойы қалыптасқан ұлттық мұра, оның философиялық, дүниетанымдық, мәдениеттанымдық, тәрбиелік мәнін жан-жақты терең зерттеп, ғылыми жүйесін саралап, сараптап пайдалану ісі аса жауапкершілік пен қажырлы ғылыми еңбектерге байланысты.

Сондықтан ғылыми тұрғыда негізделген, ұлттық мәдени – білім кеңістігін жасау маңызды болмақ.

Мәдени-этникалық білім кеңістігі – білім алушылар үшін қажетті объективтік жағдай жасау, ал мақсаты – жан-жақты мәдениетті тұлға тәрбиелеу.

Н.Берікұлы: «Жан-жақты мәдениетті тұлға деп өз мәдениетіне де, өзге мәдениетке тәнті адам деп танимыз. Төл мәдениетті терең білу оған басқа мәдениеттерге қызығушылыққа іргетас қаласа, көп мәдениетті білу өз мәдениетін мақтан тұтуға негіз салады», - дейді [118, 44 б.].

Қ.Бөлеев: «Ұлт – адамдардың тарихи, әлеуметтік, этникалық тұтастығы. Ал ұлттың – белгілі бір ұлтқа тән, оның ерекшеліктерін көрсететін, қамтитын дәстүр. Ұлттық ерекшеліктер оның тілінен, тарихынан, мәдениетінен, салт-дәстүрінен көрініс береді. Егер осы ұлттық ерекшеліктерді ескере отырып, жеке тұлғаны тәрбиелесе және оқытса, ол ұлттық тәрбие алады. Сонда ғана оның ұлттық мінезі, санасы, намысы, дүниетанымы ұлттық сипатта дамып, біртұтас болып қалыптасады» [24, 68 б.].

Болашақ мұғалімдерге төл тарихимызды оқытудан басатағанда ең алдымен мәдениет тарихына ерекше мән берілуі тиіс. Пәндер мәдениет тарихын, әлемдік және ұлттық философия, дәстүрлер мен әдет-ғұрыптар тарихын оқытудан басталса, рухани дамыған, сан қырлы мәдениетті меңгерген, әрі бағалай білетін мамандарды тәрбиелеуге едәуір ықпал етпек [24,116 б.].

А.Айталы: «Тарихи сананы қалыптастыру – тарихи танымның дұрыс қалыптасуына тәуелді. Ал тарихты тану, қазіргі кейбіреулердің ойлап жүргеніндей, тарихи оқиғалар мен деректерді білу ғана емес, сол тарихи оқиғалар мен деректерді талдау арқылы ақиқатқа жету. Мұсылмандық мазмұнда өркениеттілік жатыр: дүнеге көзқарас, таным мен сезім, салт-дәстүр арқылы белгілі бір идеялар мен құндылықтар жүйесі қалыптасып, болмыс – құлқына ықпалын тигізеді. Егер руханилықтың зайырлық кеңістігінде ұлт болмысы діни өркениеттен алшақтай бастаса, «Құдайын ұмытқан адам» деп шектен шығып, аналық, әкелік, перзенттік, өлім мен өмір,

ұлттық, жалпы адамдық қасиеттен айрылған деп атайды», - деп атап көрсетеді [83,76 б.].

Әрбір адам өз Отанына деген мақтаныш сезімі тарихи танымы негізінде, өз ұлтын терең сүю үшін салт-дәстүрін түсіну арқылы басқа ұлттарды танып, құрметтеудіде ұлттық сезім қалыптасады. Ұлттық сезім – өзінің ұлттық өкілділігін мойындай отырып, ұлтына деген сүйіспеншілік, жанашырлық, халық мұраларын бағалай білу болып табылады. Ал, ұлтжанды ұрпақ тәрбиелеу үшін әлеуметтік ортадағы мәдениеттілік, қарым-қатынасты қалыптастыруға бағытталған жүйелі шаралардың маңызы зор. Сондай шараның бірі тәрбие үрдісін тиімді ұйымдастыру болып табылады.

Тәрбие үрдісінің тиімділігін зерттеуде мыналар ескеріледі:

- тәрбие үрдісін ұйымдастыруды бағалау;
- тәрбие үрдісіне қатысушылардың өзара қарым - қатынасын бағалау;
- оқушының тұлғалық өсуін бағалау;
- тәрбие үрдісі арқылы тұлғаның табысты әлеуметтенуін бағалау;
- тәрбиенің нәтижесін бағалау [118, 67 б.].

Студенттердің қарым-қатынас мәдениетінің тәрбие үрдісін ғылыми түрде ұйымдастыру төмендегі өлшемдермен бағаланады:

- тәрбие үрдісі мазмұнының жоспарланған мақсат пен міндеттерге, оқушы қажеттілігі мен қызығушылығына сәйкестігі;
- нәтиженің жұмсалған педагогикалық күш пен әдіс-тәсілдер дәрежесіне сәйкестігі;
- жоспарланған мақсаттардың соңғы нәтижеге сәйкестігі;
- педагогикалық әдіс-тәсілдердің тиімділігі (қазіргі заманғы тәрбие технологиялары, жаңашыл әдіс-тәсілдер қолдану);
- студенттердің өзін-өзі басқару ұйымының болуы (жоспардауға ұжымның араласуы).

Бұл өлшемнің көрсеткіштері жеке тұлғаның дүниетанымы, көзқарасы, кәсіби, әлеуметтік қасиеттерін қамти отырып, жүргізілген тәрбие жұмысының нәтижесі ғылыми тұрғыда

негізделіп мектеп бітірушісінің үлгі моделін құруға мүмкіндік береді.

Тәрбие үрдісіне қатысушылардың өзара қарым-қатынасын сипаттайтын біршама маңызды белгілер өлшемі төмендегідей:

- студенттер қауымының бірлесіп жұмыс істеуі мен сыйысымдылығы;
- тұлғаның психологиялық қорғалу деңгейі мен еркіндігі;
- өзара әрекеттестік, өзара тану, өзара түсінушілік, өзара әсер етушілік сияқты негізгі қасиеттерінің дамуы.

Болашақ маман иелерінің бірлесіп жұмыс істеуі мен сыйысымдылығының маңызды көрсеткіштері:

- оқшауланған тұлға саны (социометрия);
- ұжымдағы қарым-қатынасқа жоғары баға беруші тұлға саны;
- оқушылардың өзін-өзі басқару ұйымы коэффициентінің дамуы;
- педагогті үлгі тұтатын студенттер саны;
- педагогтар қарым-қатынасына жақсы баға беруші тұлға саны;

Психологиялық қорғалу деңгейінің көрсеткіштері:

- бейтарап қалған студенттер саны;
- қабылданбаған студенттер саны;
- тыңдалған студенттер саны.

Өзара әрекеттестіктің негізгі сипаттамасын дамытады мына көрсеткіштермен анықтауға болады:

- ұжым мүшелерінің өзара қарым-қатынасына, ұйымдастыру процесін басқаруға қанағаттануы;
- үлкендер мен кішілер, ересектер мен балалар, басшылар мен тәрбиеленушілер арасындағы өзара түсіністік;
- өзін - өзі басқарудың дамуы мен ұжымды басқарудың деңгейі;
- бірлескен іс - әрекеттің нәтижелілігі мен ұйымдасқандығы;
- ұжымның әрбір мүшесінің жеке басын құрметтеуі, өз ұжымы үшін мақтанышы.

Тұлғаның ішкі рухани өсуі өлшем ретінде 2 бөлімнен тұрады:

- өзін - өзі сыни бағалауы (өзін - өзі түсінбеу, өзін - өзі кінәлауы);

- өз - өзінің дамуына бағытталуы (өзін-өзі кінәлауы)

Теориялық зерттеулер мен оның практикадағы қолдану аясын, мүмкіндіктерін зерделеу, жинақтаған оқу құралдары мен бағдарламаларды талдау оқыту үрдісінде халықтық педагогика идеялары негізінде студенттердің қарым-қатынас мәдениетін қалыптастырудың педагогикалық шарттарын анықтауға мүмкіндік берді.

Сонымен, халықтық педагогика мұралары мен одан бастау алған ғылыми ізденістер, зерттеулер мен озат педагогикалық тәжірибелерге талдау жасау негізінде студенттердің қарым-қатынас мәдениетін қалыптастырудың өлшемдері мен көрсеткіштеріне сүйене отырып, біз студенттердің қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыру мәселесін қамтамасыз ететін *педагогикалық шарттарды* анықтадық:

- болашақ мұғалімдердің халықтық педагогика негізіндегі қарым-қатынас мәдениетін мақсаттылықпен, тиімділікпен ұйымдастыру, халықтық мұраларды, этнопедагогиканы, ұлттық психологияны, Қазақстан тарихы пәндері жүйесін оқып үйрету;

- қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыруда студенттердің дара ерекшеліктерін зерттеу, олардың тұтастай ішкі психологиялық дербестік ерекшеліктерін, олардың қабілеттерін және әдіснамалық принциптің сана мен іс-әрекеттің бірлігі негізінде, олардың мінез-құлықтарының, қызығушылықтары мен іс-әрекетінің өзгешеліктерін айқындау арқылы осы іс-әрекеттің тұлғалық субъектісі деп тану.

- субъектілердің жаңа әлеуметтік-мәдени орта жағдайында халықтық педагогика идеяларына негізделген ынтымақтастық сипаттағы қарым-қатынасын орната отырып, қарым-қатынас мәдениеті мазмұнын талдауда және рухани-адамгершілікті қарым-қатынас аймағын кеңейтуге бағытталған педагогикалық жұмыстарды қамтамасыз ету.

- қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыру арқылы ұлттық ой-санасын дамыту; студенттердің өз бетінше ізденушілік, ұлттық мәдениетті дамытушы тұлға ретінде қарауы.

Сонымен, халықтық педагогика идеялары – бұл жинақталған және эмперикалық білімнің практикамен тексерілген, ұрпақтан-ұрпаққа берілетін мағлұматтар, іскерлік пен дағдылар жиынтығы, халықтың әлеуметтік және тарихи, мәдени тәжірибесінің жемісі. Халықтық педагогика идеяларын қазіргі ғылыми-педагогикалық мәліметтермен ұштастырып, заман талабына сәйкес тиімді пайдалану көкейкесті мәселе.

Педагогикалық-психологиялық әдебиеттердегі теориялық талдаулар нәтижесін мынадай анықтама беруге мүмкіндік берді: *«Халықтық педагогика идеялары негізіндегі студенттердің қарым-қатынас мәдениеті»* дегеніміз – болашақ мұғалімдердің қазақ халқының рухани құндылықтарын түсінуі арқылы оларды қарым-қатынаста қолдана алуымен анықталатын, кәсіби мәнді, тұлғалық қасиеттерінің қалыптасуын құрайтын адамгершілік, саналық әрекеттері.

## 3 Халықтық педагогика идеясы негізінде студенттердің қарым-қатынас мәдениетін қалыптастырудың жолдары

### 3.1 Халықтық педагогика идеялары негізінде студенттердің қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыру мүмкіндіктері

Қазіргі таңда студенттердің коммуникативтік икемділігін, бір-бірімен қарым-қатынаста тез, әрі шапшаң тіл табысу, қабілетін қалыптастыру үшін педагогикалық теорияда, практикада жоғары оқу орындарына бағытталған диалогтық және дискуссиялық әдістемелердің топтамасы қолданылды. Бұндай әдістемелер жастардың қарым-қатынас барысындағы иілімділікті, қызығушылықты, тартымдылықты көрсете біліп, бар зейінімен тыңдап, өз көзқарасын дәлелдей білуге және сұрақтарды нақтылықпен жеткізе білу қабілеттерін қалыптастырады. Студенттерде педагогикалық қарым-қатынастың мәдени деңгейін қалыптастыру мақсатындағы эксперимент барысында коммуникативтік элементтерін пайдаланған болатынбыз. Біздің ойымыз бойынша коммунникативтік икемділікті дамыту педагогикалық практика барысында да өзара байланыс жүйесінде де, теориялық оқытуда да өзара мәні зор.

Демек, студенттердің жоғары оқу орнына қабылданған алғашқы күндерінен бастап-ақ оқуға ынталылығын арттыру, өз бетінше жұмыс істей білудің озық формалары мен әдістерін тиімді меңгеру барысында қарым-қатынас мәдениетінің кейбір өлшемдерін меңгеру аса маңызды болып табылады. Себебі, студент қауымының ішінде тұлғалық көрсеткіші, мәдениеттілігі мен іскерлігі, әдептілігі жағынан «нашар» көрінгісі келетін студент жоқ. Мысалы, 1) «Сіз оқытушы болсаңыз, студенттің қарым-қатынас мәдениеті ұлттық деңгейде дамыту үшін, қандай шаралар қолданар едіңіз?» - деген сұраққа 56%-ы ұлттық дүниетанымын қалыптастыру мақсатында «Тілім – тірегім», «Өз ұлтым – ұлттық мақтанышым», «Өркендеймін, өсемін десең, тіліңді пайдалан», және тағы басқада тақырыптарда мәдени шаралар, пікір талас жасауға мүмкіншілік жасайтын дөңгелек столдар өткізер едік дейді.

2) «Студенттердің жеке адамдармен, топтармен қарым-қатынас процесінде шапшаң және жеңіл тіл табысу икемділігі қандай деңгейде болуы керек ?» – деген сұраққа 67%-ы «жоғары» деңгейде болуы керек десе, ал келесілері студент қауымның тіл табысуға икемділігінің болуы тұлғалық беделін көтере түседі деген пікірді айтады.

3) «Қарым-қатынаста ішкі құндылықтар, талап тілектер, жағымды психологиялық климатты қалыптастыру аса қажет пе?» –деген сұраққа 44%-ы қарым-қатынасқа іштей талпыныстар болмаса, қызығушылықтар, ұмтылыстар және жағымды психологиялық тілектер де болмаған болар еді деген жауап берді.

4) «Қарым-қатынас мәдениетінің даму деңгейін білімнің қандай өлшемі арқылы білуге болады ма?» - деген сұраққа 36%-ы сөйлеу дағдысын, әңгімені дұрыс жүргізе алу икемділігін қалыптастыру аса маңызды факторлардың бірі болып табылады десе, ал 22%-ы қарым-қатынастағы мәдениеттілікті ұлттық нақышта сақтау үшін салт-дәстүрдің, әдет-ғұрыптық негізде шаралар өткізіліп, дәрістер, практикалық сабақтар өткізіліп отыруы тиіс деген пікірді білдірді.

5) «Қарым-қатынаста сөйлеу дағдысын, әңгімені дұрыс жүргізе алу икемділігін жетілдіру қажет пе?»- деген сұраққа 53%-ы қазіргі таңдағы жастардың өз ойларын толық ашып жеткізе алмайды және де көп жағдайда әңгіме арасында орысша сөздерді қосу, немесе жағымсыз сөздерді қосып сөйлеуінің өзі осы әңгімелесу икемділігін толық білмегендігінен болса керек деген пікірлер айтылған болатын.

6) «Қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыру барысынды қандай әдіс-тәсілдерді қолдануға болады деген сұраққа 64%-ы мәдениеттіліктің негізі сәлемдесуден басталады десе, ал 31%-ы қарым-қатынастағы мәдениеттілікті қалыптастырудың әр түрлі тақырыпта пікірталас, әңгімелесу, дөңгелек үстелдер, сайыстар өткізер едік дейді.

*Тренинг барысында мәдениетті қарым-қатынас дағдыларының даму көрсеткішін анықтау.*

Қарым-қатынас дағдылары

1) Салмақты тілдесу

2) Құрмет көрсете алу

3) Қамқорлық жасай алу

4) Мәліметтерді, өтініштерді ықыласпен орындау

5) Мінез құлық, жүріс-тұрыс ережесін сақтау

6) өзге білім алушыларға достықпен әсер ету

7) Ұстамдылық таныту

8) Өзіне көпшілік незерын қежет етуі

9) Дауысты реттей алу.

Біз зерттеулер барысында студенттерге төмендегідей сауалнамалар беріп, жүргізген болатынбыз:

1. Адамдармен, қарым-қатынас процесінде шапшаң және жеңіл тіл табыса аласыз ба?

2. Студенттік топта басымдылық сапаларын айқындау икемділігіңіз бар ма?

3. Қарым-қатынаста қалжыңды қолдана білесіз бе?

4. Қарым-қатынасты бағалау және дәлелдеу икемділігіңіз бар ма?

5. Қарым-қатынас мәдениеті дегеніміз не?

6. Халықтық педагогика идеялары қарым-қатынаста қажет пе?

7. Ұлттық мұралар туралы біліміңіз жеткілікті деп есептейсіз бе?

8. Ұлттық дәстүрлеріміздің тәрбиелік мәні қандай?

9. Халықтық педагогика идеяларының қарым-қатынас мәдениетін қалыптастырудағы мәні қандай?

10.Оқу-тәрбие үрдісінде халықтық педагогика элементтерін пайдалану жағдайына талдау жасай аласыз ба?

Зерттеу студенттердің қарым-қатынас дағдысын анықтауға арналған. Бақылау мына кесте бойынша жүзеге асырылды.

*I. Студенттердің өзара және ұстаздармен қарым-қатынасы.*

1) Әңгімеге тарта алу, қызықтыру, байсалдылықты сақтай отырып, өзінің тілегін, өтінішін білдіруі, ересектердің қойылған талапты орындаудан бас тартқан кезіндегі реакциясы, сыпайы сөздерді қолдану ситуациялары оның өзінің көзқарасына иландыра алу икемділігі (зерттеу жұмысының нәтижесі бойынша 40%).

2) Өзінің іс-қимылын ұйымдастыра алуы, өзін-өзі, өзара бағалай алуы. Әңгімені бастамас бұрын ойды жинақтап, сөйлеу барысына мақсат қою дағдысы, сөйлесіп отырған тұлғаның сөзін бөлмей, жауапты тура беру (27%).

3) Сөйлесушіге ықыласын білдіре алуы, жәрдем бере алуы, өтінішті ескеруі, қамқор бола алуы (33%).

*II. Құрбыларымен қарым-қатынас*

1) Құрбыларымен сыпайылылық сақтап, қарым-қатынас жасауы: сәлемдесу, қоштасу әдетінің қалыптасуы; есімімен шақыра алуы, сыпайылылық, байсалдылық сақталуы. Сыпайы сөздерді ситуацияларда қолдануы (47%).

2) Құрбысына ықыласы: құрбысының көңіл-күйдің аңғаруы жәрдем беруге ұмтылуы, іс-әрекет барысында кедергі жасамау, пікірін ескеруі – нәтиже бойынша 58%.

3) Құрбыларымен қақтығыстарының кездесуі мен себептері, оның шешілуі. Қақтығыстағы мінез-құлқы; сабыр сақтауы сөз арқылы қалжыңдауы (13 %).

4) Құрбыларымен қарым-қатынаста кішіпейілділік танытуы, бір қалыпта болуы, енжарлық көрсетуі, тұйық және ашық қарсылықтың болуы.

Алынған мәліметтер бойынша студенттер мынадай топтарға бөлінді (1-кесте)

Кесте – 1 Тренинг қорытындысы

| **I топ** | **II топ** | **III топ** |
|---|---|---|
| Қарым-қатынаста сөйлеу дағдысы бір қалыпты, әңгіменің бағыт-бағдарын тез ұғынып, сөзді бөлмейді өзара, өзін-өзі бағалай алады және оған аса назар аударады. Әңгіменің барысына мақсат қоюға дағдыланған, қоғамдық орын-дарда мінез-құлық дағдысы, ересектермен, | Сөйлесу икемділігі бар, бірақ көп жағдайда әңгімені ұштастыра алмай сөз барысын жүргізе алмай қалады. Бірақ әңгімені мұхият тыңдап сөзді бөлмейді. Өзін-өзі бағалауы орташа. Құрбылармен ренжісу барысында сөз таластыруға дайын, бірақ өзін-өзі кейбір ситуацияда тез меңге-реді. Әңгімені өз | Қарым-қатынаста сөйлеу, сұрақ қою икемділігі төмен. Құрбыларымен сөз-таластырып, айқай, конфликтіге, төбеле-суге дейін бар. Әңгіменің барысын жүргізе алмайды (өз бетімен). Өзін-өзі рухани-сөздік тұрғыдан өзін-өзі реттеу қабілеті төмен. Сөздің барысында |

| | | |
|---|---|---|
| құрбыларымен қарым-қатынас жасау дағдысы бекітілген. Құрбылармен қақтығысу барысында қалжыңмен кикілжіңсіз шығып кете алады. | бетінше іліп алмай, өзгелердің сілтемесін қажетсінеді, бірақ тез іліп алып кетеді. | мақ-сат қоя білу икемділігі жоқ. |

Студенттердің қарым-қатынас мәдениеттін ұлтық деңгейде жетілдіру негізінде, қарым-қатынас дағдысы мен икемділігін қалыптастырудағы педогогикалық мәдениеттілікті қалыптастыруға негізделген арнайы курс тағайындалды. Практика барысында әдістемелік және рольдік ойындарды модельдеу, тренингтер қолданылды.

Кәсіби-педагогикалық қарым-қатынастың технологиялық мазмұны «коммуникативтің міндетпен» тығыз байланысты және бір жүйеде қалыптасады. Коммуникативтік міндеттің өнімділігі төмендегідей жұмыстардың мазмұнынан көрінеді: белгілі жағдайды талдау, тиімді шешімді табу, таңдау, коммуникативтік өз ара әрекеттестік және нәтижесін талдау. Мысалы: педагогикалық ситуацияға талдау жасау, ең дұрыс жауапты таба білу, әдістеменің бағытын табу және педагогикалық әрекеттің мазмұнын ашу. Барлық педагогикалық міндеттің шешімін табу мақсатында педагог қарым-қатынас технологиясын педагогикалық тұрғыдан ұйымдастырудың жолдарын қарастыру, іздестіру.

Біздің көптеген педагогтарымыз коммуникативтік міндетті педагогикалық процестің компоненті ретінде есепке алмай, дегенмен оны күнделікті уақытта қолданғанын байқамай да қалады. Педагогикалық өз ара әрекеттегі коммуникативтік міндеттің қолдануын алдын-ала жоспарлау. Жалпы коммуникативті міндеттер хабар алуға және оны жалғастыру үшін қолданылады.

Сонымен бірге педагог коммуникативті міндеттерді шешу барысында екі негізгі мақсатқа жүгінеді: оқушыларға хабарды жеткізу немесе белгілі бір әрекетке ұмтылдыру, яғни оларға әсер ете білу.

Коммуникативтік міндет оқу әрекетіндегі проблемаларды шешуге және белгілі бір бағыттарға, қабілеттерге негізделген.

Қарым-қатынас процесінің негізінде сабақ үстіндегі әр түрлі оқыту проблемаларын шешу барысында әр түрлі педагогикалық функцияларды қолданады. Оқытушы коммуникативтік әрекетін жасау барысында үш функция қолданады: *сүймелдеуші, басқарушы, ұйымдастырушы.*

Мұғалім тек қана білім алушылардың оқу әрекетін ұйымдастырып, басшылық жасап қана қоймай, оның оқу әрекетін айқындаудың жолын табатын педагогикалық коммуникативті міндеттерді шешуге ұмтылады.

Педагогикалық қарым-қатынастың технологиясы толық шешілмей коммуникативті міндеттердің орындалу сатысы төмендегідей болып табылады: қарым-қатынас жағдайына бейімделу, сырттағы адамдарды өзіне қарату, объектінің жан дүниесін жаулап алу; сөздік қарым-қатынасты іске асыру; эмоционалды және мазмұнды байланысты ұйымдастыру.

Педагогикалық қарым-қатынас төмендегідей жүйені қамтиды жәна педагогикалық үрдіске (ой қорыту, синетздеу және бағалау) сәйкес бір бағытқа ие болады:

- Атаулы шаралар барысында сабақты дайындау үрдісі кезінде қарым-қатынасты қалыпқа келтіреді.
- Қарым-қатынастың ұйымдастырылуын үзбей қамтамасыз етеді.
- Педагогикалық процесте қарым-қатынасты басқару.
- Әр түрлі педагогикалық міндеттерді шешу барысында модельдеудің және қарым-қатынастың жаңа технологияларын іске асырудың жолдарын табу болып табылады.

Педагогикалық тиімділіктің салыстырмалы-сәйкестігі, әр түрлі жұмыс түріне, әдістемелерге сәйкес келеді. Бұндай әдістемелер жастардың қарым-қатынас барысындағы иілімділікті, қызығушылықты, тартымдылықты көрсете біліп, бар зейінімен тыңдап өз көзқарасын дәлелдей білуге және сұрақтарды нақтылықпен жеткізе білу қабілеттерін қалыптастырады. Коммуникативтік икемділікті дамыту педагогикалық тиімділіктің салыстырмалы-сәйкестіктің талдануы әр түрлі формада және әдістемелерге сәйкес келеді. Сонымен бірге үлкен топтарда коммуникативтік әрекеттіктегі пікірталас арқылы *дөңгелек* стол сәйкес жүргізілген әбден

дұрыс. Дискуссияға қатысушыларды екі топқа бөліп аса белсенділік көрсететін 2 топтан да 2 немесе 3 студент ортаға шақырылады, яғни пікірталас кезінде топтарының абройын сақтау үшін, ал қалған топ мүшелері дөңгелектеніп қоршауға алып отырады. Олар тек қана топтан шыққан студенттерге жазбаша түрде ғана пікір білдіре алады, бірақ пікірталасқа қатыспайды. Жаңа проблемалардағы тақырыптар жөнінде жаңа пікірлер туындауы үшін ойларына ерік беруі тиіс.

*Пікірталас-панелі* – студенттердің арасындағы қарым-қатынас формасының көпке танымал түрі. Көп жағдайда пікірталасқа бірнеше студент қатысады. Оны топ лидерлері өткізеді және еркін күшпен қарым-қатынастың түрі қолданылады. Пікірталас-панелінің соңғы жағында басқа да қатысушылар өз ойларын, пікірлерін айтып ой бөліседі. Пікірталас-панелі тақырып бойынша байланысының негізінде шағын ортаның мүмкіндіктерін – қала, жоғарғы оқу орны, топ, яғни студент қауымның ортасында жүргізіледі.

Еркін жүргізілетін пікірталасқа қатысушылар сұрақ-жауап түрінде *форум* деп аталады. Ол пікірталас аяқталғаннан кейін қарапайым талдау түрінде талқыланады. Оған қатысушылардың ата-анасы, қоғамдық мүшелер, мамандар шақырылады, бұл қызығушылық пен белсенділікті арттырады.

Дөңгелек столға қатысуға қонақтар, мамандар т.б. шақырылуы қарым-қатынаста сенімділікті арттырады және өзара әрекеттестіктің жеңіл және еркін жүруіне мүмкіндік береді. Коммуникативтік белсенділік студенттердің симпозиумдағы және дебаттағы, дөңгелек-столдағы, пікірталастағы эмоционалдық сезімдерін қажетті жерінде пайдаланып, өз ойын жинақтап, пікірін түйіндеп алғаннан кейін, жазбаша түрде жеткізеді немесе барлық айтылған сөздер, пікірлер жазылып отыруы тиіс. Студенттердің шапшаң еске сақтауы, материалдың сөзбе-сөз айтылуын және ақпараттың дұрыс, еркін жеткізуіне көмектесу қажет.

Студенттердің қарым-қатынас мәдениетінің қалыптасуына *іскерлік әңгімелердің* үлесі зор, оның тағы бір түрі, ол *интервью.* Оқытуда сұрақты қоя білу икемділігін қалыптастыру үшін белсенді түрде интервьюдің әр түрлі формаларын қолданамыз.

Сонымен бірге оқытушы студенттерге көпшіліктің арасындағы бір қонақты таңдап алып, теледидарлық студия тәрізді, ол кісіден интервью алуға кіріседі. Сұрақ қоюшы респонденттің хабарламасына сәйкес сұрақтар қойып және ерекше қиял мен түрлі мазмұнды сұрақтар қойылуы тиіс. Барлық қойылған сұрақтар топта талқыланады және кейбір мүмкін емес мәселелер төңірегіндегі сұрақтар 3-5 сұрақтан әрбір студенттердің өздеріне жүктеледі. Содан кейін студенттер педагогтың тапсырмасы бойынша теледидарлық журналистердің қонақтарға қойған сұрақтарына зейін аудару ұсынылады. Интервьюдің мазмұны үш қатарлы таблицаға кіргізіледі: 1.Қонақтар. 2.Сұрақ қоюшылар, 3.Сұрақтар. Осыдан кейін студенттер өздерінің сұрақтарын салыстырады және түзетеді. Сонымен бірге интервьюдің құрылымын талқылап, стильін, айтылу барысын, интервьюге қатысушылар мен қарым-қатынасты ыммен ғана түсінуі, яғни әңгімелесу барысында күлімдеу, ым-ишара, және т.б. Бұған мысал ретінде: Хабар агенттігіндегі, Қазақстан, Ел арна, КТК, НТВ және т.б каналдардағы журналистердің саясаткерлермен, жазушылармен, кәсіпкерлермен әңгімелесу жүйесін, сұрақ қою мәнерін негізге алған болатынбыз.

Сұрақты қою мен сұрақ беру және оны тыңдау барысында өзін-өзі ұстай алу мүмкіншіліктеріне *іскерлік ойынның* көмегі өте зор. Студенттер шағын ғана топтарға бөлінеді және барлығы 5-10 минуттың ішінде ректораттан немесе оқытушы қауымнан өздерін мазалап жүрген мәселелер жөнінде мағлұматтар алуға тырысады. Көбінесе интервьюлер магнитофондық (диктофондық) таспаларға жазылады да, кейін қайта тыңдалып, студенттер өздері талдау жасап, қортындылар шығарады. Өздерінің қарым-қатынас жасаудағы тәжірибелерін өзара бөлісе де алады және кез-келген мерекелік шараларды өз беттерімен жүргізе де алатындығына мол сенім білдере алады.

Студенттердің кәсіби-педагогикалық қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыру барысында тәрбиелік құндылығын жоғарылататын шараларды *диалогтық* және *дискуссиялық* түрде өткізу өте тиімді істердің бірі болып табылады.

Кері байланыс, қарым-қатынас кезінде сөз арқылы әсер етудің психологиялық ерекшеліктерін түсіну техникасын ұғыну

барысында көз жеткізуге болады. Адам баласының тілдік қабілетінің көрсеткішін вербалсыз икемділігін, яғни жымию, мимика, жүріс-тұрыс, жеткізілу мәнерасы, дауысының ырғағы және т.б. Болашақ мамандардың қарым-қатынас мәдениеттілігін көтеру мақсатында әңгімелесушілермен эмоционалды тұрғыда қатынас жасайды. Әдістемелік нұсқау ретінде әртүрлі көріністегі суреттерді, драматизациялауда әңгімелесулер мен драмалық көріністер қолданылған. Болашақ мұғалімдердің қарым-қатынас мәдениетін ұлттық деңгейде қалыптастыру үшін, біріншіден, жеке басының ерекшеліктері мен ішкі қажеттіліктерін ескере отырып, қимыл қозғалыстарын, сөйлеу мәнерін, эмоционалды жағдайларын пайдаланудың мүмкіндіктерін негізге алған болатынбыз. Бірінші жаттығу ретінде: өзгенің көңіл күйін түсіне білу, оның іс-әрекетіне назар аудару, оның қандай оймен, көңіл-күйді сезіне білуді айтамыз. Содан кейін белгілі іс-қимылды қарым-қатынас жасау барысында қолданылатын ым-ишаралар арнайы түрде қолданыла бастады. Жұмыстың нәтижелілігі тренингке қатысқан студенттерден кейін қарым-қатынас барысында өздерін ұстауы мен сөйлеу мәдениетінің өзгергендігін көрсетеді.

Зерттеу барысында көрсеткендей, студент пен оқытушының арасындағы қарым-қатынас ерекшелігін анықтап, деңгейін талдау және оған баға беру қарым-қатынастың мәдениетінің деңгейін өлшей алу мүмкіншілік беретіндігін айта кетуге болады.

Студенттерді тілдік қатынасқа дайындаудағы зерттеу барысында *эвристикалық әдісті* пайдалану қажет. Барлық тапсырманы төрт топқа бөлеміз: ұйымдастырушылық, сүймелдеуші, әсерді білдіру және бақылаушы. Әрбір топқа берілетін тапсырма үш сатыдан өтеді: а) өзге адамның тілдік қатынастағы ерекшеліктерін түсіндіру және оны талдау, бақылау, ә) жүріс-тұрысты жаңғырту (имитация және трансформация), б) проблемалық жағдайда өзінің тілдік белсенділігін білдіру.

Педагогикалық іс-әрекеттердің тиімділігі сөйлеу мәдениетін қалыптастыру мен байқау әдістері жөнінде көптеген ақпараттарды меңгеруінде. Мұны қарым-қатынаста ескеру

тиімді, себебі көптеген оқытушылар студенттермен тіл табысып, қарым-қатынас жасау барысында қиындықтарға кезігеді. Біздің жүргізген бақылауымыздың нәтижесі бойынша оқытушылардың кейбіреуі шәкірттерінің тұлғалық ерекшеліктеріне, түсініктеріне және ішкі жан дүниесіндегі уайымы мен сезіміне көңіл бөлмейді. Педагогтың мұндай қарым-қатынасының төмен болуының себебін төмендегідей түсіндіруге болады, яғни педагогикалық әрекетке деген жағымсыз қатынас, өзінің еңбегіне қанағаттанбағандығының және тілдік қатыстағы икемділіктің дұрыс дамымағандығының нәтижесінен қарым-қатынас мәдениетіне көңіл бөлмеуі деуге болады. Ұсынылған жаттығуларды, әдістерді практика барысында қолданып қайталана берсе, онда студенттердің болашақ маман ретінде сөйлеу мәдениеті және жүріс-тұрысының мәнері, не нәрсе болсада уақыттында орындауы, білім мен икемділік сапасы жоғарлайтындығы сөзсіз.

Студенттердің тілдік икемділігінің қарым-қатынасын толығымен қалыптастыруға *іскерлік ойындардың* үлкен маңызы зор. Іскерлік ойын өз мамандығының тілдік мазмұныны игеруге және өзінің қажеттілігін қанағаттандырып, кәсіби дағдысы мен икемділігін қалыптастыруға мүмкіншілік береді.

Іскерлік ойынның мақсаты – болашақ мамандарда кәсіби тілді игерудегі тұрақты дағдыны игеруі. Іскерлік ойынның бірі – «келіссөз жүргізу» ойыны. «Келіссөз жүргізу» ойынының негізгі педагогикалық мақсатын төмендегідей етіп сипаттаймыз:

1) Әдеби тілді меңгеру (жазудағы, сөйлеудегі ережелерді және граматиканы, сонымен бірге кәсіби іс-әрекетте дағды, икемділіктерін белсендіру).

2) Сөздік қарым-қатынастағы оқыту (диалогты және монологты сөйлеудегі белсенділікті игеру).

3) Кәсібилікті тұрақтандыру (кәсіби қызығушылықты белсендіру).

Іскерлік ойындарын қолданғанда оқу-жаттығу келесі кезеңдерді қамтиды:

1) *Алдын-ала дайындық.* Бұл кезеңде іскерлік ойынына қатысатындарды дайындау және оларға берілетін практикалық тапсырмалары үш топқа жіктеу:

а) грамматикалық және синтаксикалық конструкцияларын өңдеу тапсырмалары;

б) коммуникативтік хабарламаларды өңдеу, монологтық пікірін айту және оны дайындау, диалогиктық сөйлеу коммуникациясын, іскерлік қағаздарды дайындауды өңдеу тапсырмалары;

в) іскерлік және мамандыққа қарым-қатынасын айқындау, мәтіндерді және оның тапсырмаларын дайындау.

2) *Ойынның тақырыбын анықтау.*

Ойынның тақырыбы студенттердің дайындық мазмұнына байланысты, және болашақ мұғалімдердің қажеттілігі мен қызығушылығын ескеріп, оқытушы өзі анықтайды. Іскерлік ойынының тақырыбы функционалдық қарым-қатынас мақсатының анықтығын дәлелдейді. Келіссөздерді өткізудің қиындығы субъективтік факторларға байланысты, коммуникативтік қабілеттігіне, серіктестердің ептілігіне, олардың әр саладағы тәжірибелерінен, қатысушылардың темпераментіне олардың кәсіпкерлік дайындығына байланысты болады. Практика бойынша, келіссөздерді ойынға қолданылуы өте тиімді, себебі ол көптеген мүмкіншіліктерді белсенді түрде анықтай отырып, сөйлеу әрекеттерінің даму түрлерін көрсетеді.

*3) Оқу процесін қалыптастыру.*

Имитациялау, іскерлік немесе кәсіптік келіссөздер, іскерлік ойындарын өткізу жағдайы, жоспарлық мақсат, сонымен қатар сөйлеу дағдылары анықталып, кәсіптік-педагогикалық қарым-қатынасының мәдениеті анықталады.

Іскерлік ойындардың оқу мақсаттары:

-сөйлеу мәдениетінің негізгі оқу процесін тездетуі және оны белгілі бір мақсатқа айналдыру;

-кәсіптік деңгейдегі тапсырмаларын тез және дұрыс орындауға ықпал жасау;

-ойынның нәтижесіне жету мақсатында ойыншыларды ынталандыру;

-ойыншыларды өзара міндеттері мен құқықтарын бөлісуді және ойын арасында бір-бірімен жиылысты дәл ұйымдастыруды үйрету;

-іске асатын кәсіпкерлік коммуникация кезінде ауызша және жазбаша түсінігін қамтамасыз ету;

-ұлттық сана-сезімін қалыптастыру.

4*) Имитация (еліктеу) объектісін табу.*

Іскерлік ойындардың имитация объектілерін біз мынадай мәселелерге қарап шеше аламыз:

-студенттің сөйлеу мәдениетінің даму дәрежесіне қарай;

-қатысатын ойыншылардың өз тәжірибесін, олардың белсенділігі мен қызығушылықтарын;

-оқытушының қызығушылығын, оның кәсіпкерлік тәжірибесін есептей отырып;

-студенттердің және оқытушының тақырыпқа байланысты ақпаратының бар болуына байланысты.

5) *Ойынның негізгі сатылары*.

Іскерлік ойын кезеңдері деп өзіндік міндеті және негізгі оқу-тәрбиелік мақсатқа бағытталған бөлімдерін айтады. Осы кезеңдерден жалпы ойынның құрылымы да тәуелді болады. Бұл құрылым келіссөздердің барысына байланысты, өйткені ол кәсіптік әрекет болып есептеледі.

6) *Қатысушылардың құрамы мен олардың рольдері*.

Келіссөз: Іскерлік ойында әр студент өз ролін ойнайды. Ойын ситуация бойынша болады, ол үшін әр қатысушының эмоционалдық қызығушылығы мен психофизиологиялық қабілетін талап етеді. Сондықтан болғандықтан әр рольдің өзінің жеке ерекшелігі болады. Рольдерді бөлгенде ең маңызды кезең ойынның табысты болуы. Бұл кезде сөйлеу қарым-қатынас дәрежесі есептелініп, жеке тұлғаның мәдениеттілігі мен оның білім деңгейі көрінеді.

«Келіссөз жүргізу» Іскерлік ойынның рольдерін бөлгенде келесі нұсқаулар қолданылады:

1) Рольдер студенттердің жеке тұлға ретінде іскерлік сапасына қарай береді. Ойынның барысында кейбір көзге көрінбеген студенттердің іскерлік сапасы байқалып, оның кәсіби қабілеті және білімінің деңгейі байқалады. Бұл нұсқаның тиімсіздігі таңдаудың аздығында, сондықтан рольдерді бөлгенде студент туралы өз пікірің мен ұжымның пікірін салыстыру қажет.

2) Студенттер өздері рольдерін бөліседі. Бұл нұсқа өте алғыр және ұйымшыл топқа сәйкес.

3) Рольдерді кездейсоқ бөлу. Бұл рольдерді «жеребе», «санағыш», лотерея арқылы бөлу. Бұл нұсқаның тиімділігі бұл ойын тұтас объективті болып келіп, ойынның барысын кеңейтеді. Бірақ бұл нұсқа бірінші және екінші нұсқасындай кемшілік тұстары да бар.

*7) Ойыншыларды бағалау.*

Іскерлік ойындарды бағалау жүйесі баллдық жүйені талап еткенімен, өзінің ерекшелігі болады.

Біріншіден, іскерлік ойынның мақсаты қарым-қатынасқа үйрету болғандықтан, бағалау аспектілерінің көбісі оның кәсіби іскерлігін көрсеткендіктен, бағалауға жатпайды.

Екіншіден, баллдарды қосып немесе алынып тасталуы ойындағы тіл модельдерін, кәсіптік, этикалық, ұлттық және т. б. лексиканың қолданылуы лингвистикалық жағынан айырмашылығы бар.

Үшіншіден, адамның қозғалысы емес оның тіліндегі қолданған әдістері есептелініп тұрады.

Төртіншіден, қатысушылардың жеке тұлға ретіндегі сапасы ашық түрінде емес, өйткені ойынның субъективтік түріне байланысты болады.

Бесіншіден, маңызына қарай бағалау жүйесі емес, белгілеу жүйесі қолданылады.

Әр эпизодқа белгілі бір жүйедегі балл беріледі.

*«Келіссөз жүргізу»* іскерлік ойынында мадақтау және айыптау, бағалау жүйесін енгіздік. Айыптау ұпайлары ойынның бақылаушыларымен беріледі.

Жаңалық табу технологиясы қатысушылардың оқуға ынталануына және зерттеу әрекетіне байланысты. Бұл оқытушы мен студент арасындағы өзара серіктестіктің нығаюына көмектеседі

Педагогикалық эвристикалық технологияны қолданғанда бұл қарым-қатынас «субъект-субъекттік» болып есептеледі. Мадақтау ұпайлары студенттер үшін маңызға ие (2- кесте).

Кесте – 2 Мадақтау ұпайлары

| **Мадақтау түрлері** | **ұпайлар** |
|---|---|
| Әрбір этикеттің түрін қолданғаны үшін | +1 |
| Әрбір кәсіби терминді қолданғаны үшін | +1 |
| Әрбір қолданған синонимдер үшін | +2 |
| Сөйлеу мәнерін қолданғаны үшін | +3 |
| Салыстыру бағыттарын қолданғаны үшін | +3 |
| Қарым-қатынастағы нақты себепті білгені үшін | +3 |
| Халықтық педагогика мұраларын қолдана алғаны үшін | +4 |

Ұпай әр тапсырманың орындалу дәрежесіне байланысты қойылады. Мысалы: сөйлеу мәдениеті әдеби, сенімді деректер бойынша, әйгілі адамдардың, мақал-мәтелдерді т.б. қолдануына байланысты өлшенеді.

Студенттер сөйлеу мәдениетін сақтамағаны үшін айыпталу ұпайлары қойылады (3 кесте).

Кесте – 3 Айыпталу ұпайлары

| **Айыптаудың түрі** | **Ұпайлар** |
|---|---|
| Сөйлеу мәдениетінің ережесін сақтамағаны үшін | -1 |
| Грамматикалық қателіктер | -1 |
| Сөйлеу қателіктері | -1 |
| Кәсіби терминдерді дұрыс пайдаланбағаны үшін | -3 |
| Айтылған пікіріндегі сенімсіздік | -3 |
| Әдепсіз сұрақ қою немесе реплика айту | -3 |
| Халықтық мұраларды пайдаланбағаны үшін | -4 |

Қарым-қатынастың әлеуметтік маңыздылығының арқасында жеке тұлғаның адамгершілік сапасы мен бірге әлеуметтік жағдайға деген көзқарасы қалыптасты. Жалпы білім алу процесінде эвристикалық, педагогикалық технологияны ұйымдастыруы бойынша қатысушылардың өз бағалауларын анықтайды.

Студенттерге «Педагогикалық қарым-қатынас мәдениеті» бойынша мынадай сұрақтар берілді:

1) Мәдениет дегеніміз не?

2) Педагогикалық қарым-қатынас мәдениеті ?

3) Кәсіптік қатынас мәдениеті дегеніміз не?

4)Ұғымдардың ұқсастығы мен айырмашылығын анықтау?

5) Кәсіптік мәдениеттің элементерін анықтау?

6) Халықтық педагогика негізіндегі қарым-қатынас мәдениеті дегеніміз не?

Сауалнама мынадай жұмыстармен ұштастырылды:

1) Проблемалық лекция.

2) Кестелермен жұмыс істеу.

3) «Кәсіптік мәдениет» ойыны.

Студенттердің жауаптарын саралай отырып, мынадай жұмыстар жүйесі ұсынылды.

1) Студенттерді алдын-ала тестілеу.

2) Шығармашылық топ ұйымдастыру.

3) Студенттерді модульдық проблемаларға міндеттеу.

4) Оқу материалын меңгеруін жете зерттеу мақсатында:

-әлеуметтік феномен ретінде мәдениет және қатынас туралы хабарлама.

-студенттердің «қатынастың мотивациялық факторлары» кестесімен жұмыс жасауы.

- «іскерлік қатынас мәдениет» ойыны.

5) Іскерлік қағаздар модулін жарыққа шығару.

6) Студенттердің өзіндік жұмысының байқауы.

Студенттер алдындағы өзінің мәселесін модульдік мазмұн бағдарламасын қолдана отырып, оларды тестіден өткізеді. Ал бұл тест әдісін қолдануы студенттерге жаңа білім беріп қана қоймай, өзіне деген ұжымның көзқарасын көре алады. Сонымен бірге оқу процесін белсендіру мақсатында ақпараттарды көбейтіп қана қоймай, студенттердің де пікірін өзгертіп, әсіресе олардың өз қарым- қатынасы мен танымдық әрекетін ынталандырып, іске асырады.

Эвристикалық проблемалық-модульдің технологиясы оқушылардың танымдық әрекетіне жетуге көмектеседі. Ол елестету деңгейіне көтеріліп, шығармашылық ойлауын жетілдіреді. Алгоритмдік программалардан және оқу процесінің ұйымдастыру әдісі тек қана танымдық қызығушылықты қамтамасыз етіп қоймай, олардың болашақ кәсіптік

әрекеттерінің іскерлік белсенділігін арттырады. Қарым-қатынастың педагогикалық технологиясы өте маңызды процесс болғандықтан ол адамның интеллектуалдық, рухани және жеке потенциалын дамытады. Арнайы топтарда маңызды орынды кәсіптік педагогикалық қатынастың әдістері, әсіресе, әлеуметтік- психологиялық тренингтер алады.

Әлеуметтік-психологиялық тренингтер қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыруда мынадай ережелерді ұсынады:

- «еріктілік» яғни әрқайсысы өзінің көргеніне, үйренгеніне жауап береді;
- өзіңді субъективтік әсерленулерге сенуді үйрете отырып, қауіп қатерден қорықпау;
- ашық, шын көңілмен тілектес болу;
- басқалардың істегеніне көңіл бөле отырып, солардың айтқанын жасағанын түсіне білумен қатар, сол кезде тап болатын өз сезіміңді де түсіне білу, болжамың мен ойыңды тексеріп отыру;
- жеке тұлғаның ақыл-кеңесін ғана бағалап қоймай, іс-әрекетінмен бірге сезімін де бағалау;
- күнделікті өмірде мүмкін болмайтын іс-әрекеттерді жасамауға тырыс;
- ешкімді еріксіз мәжбүр етуге болмайды, ешкім ешкімнің алдында өз қарым-қатынасына, өз шешіміне есеп беруіне тиісті емес;
- бір-біріне қарама-қарсы байланысы бар адамдар өзінің субъективтік сезіміне сүйенуге тиісті;
- адамға оның ұнамайтын жерлерін, кемшіліктерін ескерту.

Тренингтер т.б. арқылы сана сезімін қайтадан жаңартуы шығармашылық процесс болып табылады. Ол жаңадан көзқарас, жаңа сана пайда болып, осының бәрі кәсіптік-педагогикалық қарым-қатынас мәдениетіне шығармашылық әсер қалыптастырады. Сондықтан қатысушылар бір-біріне тілектес болып, өз еркіндіктерін қолдана отырып, жақсы нәтиже көрсете алады.

Мынадай мәселелерді ескеруі қажет:

I. Пікірталас барысында өзін-өзі қалау ұстау керек? Іс бойынша қысқа сөйлеу керек. Дискуссияда ешкім үндемей қалмай қатысып отырады. Ешкімге сөз айтудан қарсыластық жасамау керек. Айтылғандар есептелінеді. Жалпылама заттар туралы айтуға болмайды және айтылған заттар қайталанбайды. Пікірталас бір-бірінен қорықпайтын ашықтықта болуы керек. Бір-бірін талқылауға салудан қорқатындарға кете беруге болады. Кім талқыланғаны үшін агрессия білдірсе, оған ауырлығына қарамай пікірлер айтылуы керек.

II.Айтудың алдында не туралы айтысар соны ойланып ал. Қасыңдағы достарыңның ойларын бұлжытпай орында. Айтысар алдында анық айт, есіңде болсын түкке тұрмайтын фактілер қажет емес, сөзің анық және айқын болуы керек. Өз сөзіңмен айтуға тырыс. Егер де сен қателессең, қатеңді мойындауға тырыс.

III. Бұл жерде сыбырлап айту, күлкіге айналдыруға бомайды. Анық айтылған сөз қабылданады. Достық кемшілікті жоюға, ойыңдағыны айта тұрып, ойлап, ренжімей шындықты қабылдауға үйрен. Сынды өзіңнен баста. Шын жүректен адал, ашық, тіке сөйле. Дискуссия дегеннің өзі еркін пікір алмасу. Әрқайсысы өзінің келіспеген жағдайын айтады. Дискуссияның ең керектісі логика, факт, дәлелдей білу. Бұл жерде мимика қабылданбайды.

Ұйымдастырушы пікірталастың мақсатын анық көріп, негізгі тақырыптың бөлімшелерін айқындайды.

Пікірталасты ұйымдастыру ол шығармашылық іс. Өйткені ол формальдық емес, аяқ асты болуы керек. Сонымен бірге пікрталастың жетістігі оның ұйымдастырылуы мен шыққан әңгімені жоймау. Ол ұйымдастырылып өткізетін жерді, уақытын, қатысушыларды және аудиторияны әшекейлеуден басталады. Пікірталас алдында ұйымдастырушы қатысушылар мен сөйлесіп алуы керек. Сонымен бірге пікірталастың мақсатын, көңіл-күйлерін, пікірлерін білуге алдын-ала анкета алуға болады.

Әр пікірталас қайталанбайды. Бірақ алдымыздағы осы үш ситуация өте жиі кездеседі:

1-ситуация. Талқылауды ұсындыңыз, тапсырма бердіңіз, бірақ ешкім қатыспайды, бәрі үндемеді. Өзіңізді қалай ұстайсыз?

2-ситуация. Пікірталастың бір қатысушысы өзінің ойын айта отырып қызып басқа тақырыпқа ауысып кетті, ол 10 минут сөйлеп жатыр, бұл жағдайда сіз не істейсіз?

3-ситуация. Сіздің жүргізіп жатқан пікірталас бір сағаттан асты. Бірақ оған 2-3 адам қатысып отыр. Пікірталасты өткізу үшін ұйымдастырушының режиссерлік, шығармашылық таланты болуы керек. Әдетте пікірталас бастау үшін жүргізуші кіріспе сөз айттады. Ол 15 минуттен аспауы керек.

Жүргізуші жай сұрақ пен айтыс сұрақтардың арасын шешеді Пікірталас басталмай тұрып, орындарынан әзіл-қалжың айтуға тыйым салынады. Дискуссия барысы қатысушылардың саны мен сапасына байланысты. Қатысушылар үшін ең қиын екі кезең бар:

1) Конструктивтік айтыс ұйымдастыру, ол эмоционалды, қызу және нәтижесіз болады. Бұл жерде қарама-қарсы жақ бір-біріне өздері туралы ренжігендерін айтады, бір-біріне тіл тигізеді. Сондықтан ұйымдастырушының міндеті қатысушыларды бір-бірімен айтысуға үйрету. Сол үшін жүргізушілер айтыстың міндеттерін, ережелерін біле отырып қатысушыларға түсіндіру керек.

Айтыс принциптері:

а) айтыс екі жақтың алдын-ала келісімімен өткізіледі;

б) айтысты бастаған адам алдын-ала мақсат қойып, оған жетуді ойластырып, алдын-ала айтатын сөздерін білу керек;

в) айтыс нақты болу керек;

г) қатысушылардың мәселелері айқын болу керек;

д) қатысушылар адал ойнауы керек.

2) Пікірталастың 2-ші кезеңі. Ол шешімнің оптималдық нұсқасын көрсетеді. Ұйымдастырушының айтатын сөздері, пікірлері, шешімдері талданған болу керек, соңғы нәтижесі айқындалады.

Сонымен, студенттердің қарым-қатынас мәдениетін қалыптастырудағы зерттеулермен олардың нәтижелерін бағалаудағы педагогикалық теориялар мен тәжірибелер күрделі

проблемалардың бірі болып табылады. Себебі оқу-тәрбие үрдісінде ішкі жағдайы ғана емес, сыртқы жағдайлардыңда өзіндік әсері бар екеніміне көз жеткіздік .

Қарым-қатынас мәдениетін қалыптастырудағы бағалау өлшемдерінің көрсеткіштері анықтама мен деңгейлерден құралады. Егер «өлшем» педагогикалық бағалау болса, «көрсеткіш» – оның сипаттамасы болып табылады. Қандай деңгейде дамығандығы «деңгейлерді» көрсетеді.

Студенттердің халықтық педагогикаға негізделген қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыру үрдісін ұйымдастыру арқылы педагогикалық мақсат, міндеттеріне сай, соңғы нәтиже бойынша анықтауда жүргізілген зерттеулер. Зерттеулер нәтижесі бағалау өлшемдерінің көрсеткіші қарым-қатынас мәдениетінің қалыптасу деңгейлерін анықтаймыз.

1) Зерттеу мәселесі бойынша, философия, педагогика, психология ғылымдары бойынша жарық көрген ғылыми, әдістемелік еңбектерге жасалған талдаулар барысында халықтық педагогика идеяларымен мәдени және тәлім-тәрбиелік, қарым-қатынастық мәні зор мұрасын, оны оқыту мен тәрбиелеуде қолданудың теориялық-әдістемелік негізінің осы уақытқа дейін толық қарастырылмағандығы анықталды.

2) Жоғары оқу орындары оқыту үрдісінде болашақ мұғалімдердің халықтық педагогика идеяларына негізделген қарым-қатынас мәдениетіне тәрбилеу мәселесін ғылыми-теориялық тұрғыда сараптай отырып, «Қарым-қатынас мәдениеті», «Мәдениет» ұғымдарына талдау жасай отырып, нәтижесінде алғаш рет «халықтық педагогика идеялары негізіндегі студенттердің қарым-қатынас мәдениеті» ұғымының анықтамасы берілді.

3) Зерттеу жұмысының мәселелері бойынша студенттердің қарым-қатынас мәдениеті құрылымы, оның жоғары оқу орны оқу-тәрбие үрдісінде қалыптастырудың мазмұндық сипаты анықталды.

4) Жоғары оқу орындарында болашақ мұғалімдердің халықтық педагогика тұрғысынан қарым-қатынас мәдениетін қалыптастырудың ерекшеліктері айқындалып, оны практикада қолданудың мүмкіндіктері көрсетілді.

5) Зерттеу жұмысы бойынша жасалған тұжырымдар, қағидалар, әдістемелік ұсыныстар, пайымдаулар мен қорытындылар жоғары оқу орындарында мамандарды кәсіби даярлау процесіне елеулі әсер етіп, ұлттық рухтағы болашақ мамандардың келешек ұрпаққа тәлім-тәрбие берудегі бағдарын қалыптастырып, еліміздің кемелденіп өркендеуіне үлес қосатын саналы азамат етіп тәрбиелеудегі әсері мол.

## 3.2 Студенттердің қарым-қатынас мәдениетін қалыптастырудың математикалық-статистикалық бағасы

Студенттердің халықтық педагогика идеяларына негізделген қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыруда этикалық тақырыптағы әңгіменің нәтижелі болуы үшін мынаны ескеру керек:

- әңгіме мазмұнының студенттің жас, дара ерекшеліктері мен олардың әлеуметтік тәжірибесіне сәйкес болуы;
- әңгіме халықтық мұралардың бай, әсерлі, тәлімдік дүниелерге толы болуы;
- әңгімеде пікір алысу мен студенттердің белсңділігінің болуы, өздерінің ой-пікірлерін білдіре алулары өте маңызды;
- әңгімеге қоса көрнекіліктерді бірге қолдану (бейнелеу өнерінің туындылары, суреттер, халықтық қолөнер бұйымдары т.б.) оны дұрыс қабылдауға орны ерекше;
- мазмұндауда тілінің әдеби сауатты болуы.

*Әдептілік - сұхбатқа* студенттер белсенділік таныту үшін оның жоспары толық талқыланып алдын-ала беріледі. Баяндамалар алдын-ала дайындалады. Әңгіме – сұқбат кезінде студенттер жағдайлар бойынша қойылымдар ойнайды. Алдын-ала әдебиеттер тізімі беріледі, олар өмірден немесе әдебиеттерден деректер мен мысалдар жинастырады. Жүргізуші баяндама жасап, әңгіме – сұқбатқа қатысушылар алдына мәселелер қояды, олардың белсенділігін оятады, әрүрлі көзқарастарды тыңдап, студенттерге баяндамаларға баға беруді ұсынады, айтылған ой-пікірлерді толықтырып, түзеп, қортындылайды, әңгіме – сұқбаттың қортындысын шығарады.

Әдептілік сұқбаттың нәтижелі болуының шарттары:

- сұқбаттың проблемалық сипатта болуы, яғни көзқарастар мен пікірлер таласы;

- сұқбат мазмұнының студенттердің тәжірибесі мен жас ерекшеліктеріне сай болуы;

- сұқбаттың студенттердің өз ойын жеткізуге, басқалардың пікірін сыйлауға, шыдамылықпен әрі дәйекті түрде дұрыс көзқарасты қалыптастыруға үйретуі;

- сұқбат лекцияға айналмауы керек (оқытушы сөйлеп, студенттер тыңдап отыруы);

- сұқбаттың жағымды әрі жайлы ортада жүргізілуі; оған әңгіме – сұқбат жүргізілетін бөлменің іші, дауыстың сенімділік ырғағы, студенттер жауабын ден қойып тыңдау, дұрыс жауаптарды мақтап, дұрыс еместерін мәдениетті түзету, орынды айтылған әзіл-сықақ, мазмұнның дұрыс таңдалып алуы жағдай жасайды;

- сұқбаттың қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыратындай ықпалының болуы.

Сонымен бірге алдын-ала жоспарланған әңгіме-сұқбаттар басқа адамдардың қарым-қатынаста тап болған қиыншылықтар, жоспарланбаған әңгіме түрінде іске асады. Әңгімелесу барысында ортақ әңгіме жүргізу шәтижелі болып табылады. Болашақ мұғаліммен дұрыс педагогикалық сұқбат барысында ақыл-ойын түсініп, өз ынтасын дұрыс ұғынып, әрекетін дұрыс шешім қабылдауға, қарым-қатынас барысында ілтипатты болуға ұмтылдыру.

Мұндай іс-әрекеттердің нәтижелілігі көбіне оған болған педагогикалық қолдаудың дұрыс ұйымдастырылуына тәуелді:

- студенттің денсаулығы мен психикалық қалпына, оқуына, тұрмыстық, кәсіби кедергілердің алдын алу және нақты іс-әрекеттік көмек көрсету;

- студенттің жеке ерекшеліктерін қалыптастыру бағытталған педагогикалық қызметтер;

- қарым-қатынас қиыншылықтарын жеңуге бағытталған ықпалды әрекеттердің түрлері;

- қарым-қатынаста жеке студенттерге жәрдем беру;

- халық тәлім-тәрбиесін үлгі-өнеге ету;

- халықтың тәлімге негізделген қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыру проблемасын өзінің өмірлік бағытына айналдыру.

Студенттердің қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыруда педагогтың ықпалымен болатын педагогикалық тәжірибенің маңыздылығы: ұнамды психологиялық ахуал; адамның өз бойынан мүмкіндіктерін өзінше іске асыруына жағдай жасалады; салт дәстүрлеріне т.б. мақтан тұтуын қаматамасыз ету; көмек көрсету, үлгі-өнеге болу; оқытушының кәсіби деңгейі мен мәдениеттілігінің жоғары болуы болып табылады.

Студенттердің қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыруға қолданылған жұмыс формалары:

*Дәріс* – халықтық педагогикадағы бай мұраларынан жарқын ақпараттар, деректер, қызықты мысалдар т.б. негізіндегі дәріс оқу жастардың ынта-ықыласын тудыратын мүмкіндіктерді қарым-қатынас мәдениетінің қыр-сырын ұғынуға мән беру.

*Сократтық пікір талас* – баяндамаға қосымша сұрақтар қоя отырып, оларға берілген жауаптардың ішіндегі қызықтысын таңдау, қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыру мәселенің біраз шешімдерін кеңінен қарастыру.

*Ашық сұқпат* – кәсіби жас маман үшін өзара қарым-қатынас мәдениетінің қалыптасу жағдайларын және оның дамуын халықтың педагогика идеяларының ықпалы жөнінде талқылау.

*Ғұламалар күні*– халқымыздың батыр ұлдары мен қыздары, ұлттық мақтаныштарымыз болған Ұлы тұлғалар (Абай, Ыбырай, Міржақып т.б.) танымдық, құндылық көз қарастарын әртүрлі рөлдерге еніп, ой пікірлерін аудиторияда кеңінен талдау шараларын мерекелік қызықты да мазмұнды шара.

*Ой – талас* (мысалы: «Сіз мәдениеттісіз бе?», «Мен кіммін» қарым-қатынасы, т.б. тақырыптарда) екі топқа бөлініп өз кезегімен ойларын ортаға салып, шешімдерін ұсынып, жобаларын баяндайды.

*Сырласу* – қоғамдағы өзгерістерге сай, жеке адам аралық байланыстарын орнату ерекшеліктері; халықтық педагогика идеяларындағы ой-пікірлердің құндылығы; жастардың қарым-қатынас мәдениеті мен төл мәдениетіміздің өзара

сабақтастыған, мәселенің шешімін табу жолдарын сыр сағаты сырласу.

*Ұлттық мұралар акционы* – салт дәстүріміздің, мәдениет пен өнердің жастар мен қолөнер бұйымдарын т.б. «сатып алу» мақсатындағы білімділер сайысын ұйымдастыру.

Аталған шараларды оқу-тәрбие процесінде тақырыппен сәйкес жүргізу болашақ педагогдарымыздың қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыруға мүмкіндік береді. Демек, адам баласының іс-әрекеті – тұлға дамуы мен қалыптасуының басты факторы болып табылады. Дұрыс ұйымдастырылған оқу-білім, еңбек, іс-әрекет т.б. тұлғаны дамытады, өмірлік дұрыс бағыт таңдауына және сол мақсатта игілікті қарым-қатынас жасауына мүмкіндік береді [45].

Біз студенттердің қарым-қатынас мәдениеті деңгейлерін анықтауда түрліше тапсырмалар беріп отырдық, үлгі ретінде “Сіз қандайсыз?” атты сұрақтар парағын бердік.

**«Сіз қандайсыз?»**

Студенттердің қарым-қатынас мәдениетін деңгейін анықтаудағы сұрақтар парағы (“иә” деген жауапқа +, “жоқ” деген жауапқа - қойылады).

1) Үнемі араласатын достарыңыз көп пе?

2) Сіздің пікіріңізге достарыңыз көп жағдайда қолдау көрсете ме?

3) Жолдасыңызға ренжіген жағдайдағы сезіміңіз көпке жете ме?

4) Кенеттен туындаған ситуацияларда (жағдайларда) шешім қабылдауда қиналасыз ба?

5) Өзге адамдармен жаңа таныстықты ұнатасыз ба?

6) Қосымша жұмыспен айналысқан сізге ұнай ма?

7) Өзге адамдармен қарым-қатынас жасағаннан гөрі, кітаппен уақыт өткізу ұнайды деген пікірге келісесіз бе?

8) Сіз өз пікіріңізден тез өзгересіз бе?

9) Өзіңізден әлде қайда үлкен адамдармен шапшаң тіл табысып кете аласыз ба?

10) Халықтық педагогика идеяларының тәрбиелік ықпалына мән бересіз бе?

11) Халықтық мұраларды қарым-қатынаста пайдалана аласыз ба?

12) Жаңа топқа тез бейімделе аласыз ба?

13) Бейтаныс адаммен қарым-қатынас жасауда мәдениеттілік көрсете аласыз ба?

14) Сіздің жолдастарыңыздың ұлттық мәдениет туралы білімі бар деп есептейміз бе?

15) Жаңа ұжымда үйренісу сізге қиын ба?

16) Сіз өзіңіздің берген уәдеңіз, міндеттеріңізге байланысты жолдастарыңызбен дауласпайсыз ба?

17) Халықтық педагогика идеяларын бейтаныс адаммен танысуда пайдалануға бола ма?

18) Сіз өзіңізді жеткілікті деңгейде мәдениеттімін деп есептейсіз бе?

19) Қоршаған адамдар сіздің жүйкеңізге тие ме және сіз жалғыз болғыңыз келе ме?

20) Белгісіз жағдайда сіздің бағдарлау мүмкіндігіңіз нашар екені рас па?

21) Үнемі адамдармен қарым-қатынас жасау сізге ұнай ма?

22) Ұлттық тәлім-тәрбие қажет пе?

23) Бейтаныс адаммен танысуда, қарым-қатынаста сіз қиналасыз ба?

24) Жолдастарыңызбен қарым-қатынаста сіз үнемі тез шаршап қаласыз ба?

25) Топтық ойындарға қатысқан ұнай ма?

26) Ұлттық тәрбие жөніндегі бар білетініңізді қарым-қатынаста жүзеге асыруды қалайсыз ба?

27) Бөгде ортада сіздің сенімсіз әрекет ететініңіз рас па?

28) Ұлттық ерекшелігімізді мақтан тұтуға ұялатыныңыз рас па?

29) Өз пікіріңізбен топты өзіңізге қарата аласыз ба?

30) Халықтық мұраларды қарым-қатынаста қолдана алудағы әдіс-тәсілді меңгердім деп есептейсіз бе?

31) Қарым-қатынаста өзіңізді шектейсіз бе?

32) Халықтық салт-дәстүрлердің біздің қарым-қатынасымызға әсері жоқ деген пікірге қосыласыз ба?

33) Ұлттық сипатымыз қарым-қатынас мәдниетін қалыптастыруда маңызды ма?

34) Қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыруға бағытталған шараларға белсене араласар ма едіңіз?

35) Кездесуге, сабаққа үнемі кешігесіз бе?

36) Халықтық дәстүрлер, ырым-тыйым сөздер сізге ұнамайтыны рас па?

37) Сіздің достарыңыз көп пе?

38) Жолдастарыңыздың арасында беделіңіз бар ма?

39) Оқытушылармен қарым-қатынаста өзіңізді қолапайсыз сезінесіз бе?

40) Жолдастарыңызбен бірге тәлімдік-тәрбиелік мазмұнда кештер өткізуді ұнатпайтыныңыз рас па?

Кесте -4 Жауап парағы (үлгі)

| | | | |
|---|---|---|---|
| 1 | 11 | 21 | 31 |
| 2 | 12 | 22 | 32 |
| 3 | 13 | 23 | 33 |
| 4 | 14 | 24 | 34 |
| 5 | 15 | 25 | 35 |
| 6 | 16 | 26 | 36 |
| 7 | 17 | 27 | 37 |
| 8 | 18 | 28 | 38 |
| 9 | 19 | 29 | 39 |
| 10 | 20 | 30 | 40 |

Дешифратор көмегімен «Жауап парағындағы» жауаптардың саны есептеледі.

Кесте – 5 Студенттердің қарым-қатынас деңгейлерін анықтау дешифраторы

| | | | |
|---|---|---|---|
| 1 + | 11 - | 21 + | 31 - |
| 3 - | 13 + | 23 - | 33 + |
| 5 + | 15 - | 25 + | 35 - |
| 7 - | 17 + | 27 - | 37 + |
| 9 + | 19 - | 29 + | 39 - |

Кесте – 6 Студенттердің қарым-қатынасында халықтық мұраларды қолдану жағдайын анықтау дешифраторы

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 2 | + | 12 | - | 22 | + | 32 | - |
| 4 | - | 14 | + | 24 | - | 34 | + |
| 6 | + | 16 | - | 26 | + | 36 | - |
| 8 | - | 18 | + | 28 | - | 38 | + |
| 10 | + | 20 | - | 30 | + | 40 | - |

Студенттердің халықтық педагогика идеялары негізінде қарым-қатынас мәдениетін қалыптастырудағы бағалау коэффициенті (К) мынадай формуламен анықталды:

$К = \frac{М}{20}$ Мұндағы М – дешифратор жауаптарымен сәйкес келген жауаптар саны.

Сонымен қатар тәжірибелік-эксперимент жұмыстарында студенттерге мынадай тест ұсындық.

## Қарым-қатынас мәдениетін анықтауға арналған тест

Студент 16 сұраққа жауап беруде «иә», «жоқ», «кейде» деп белгілейді.

1) Сізді маңызды кездесуге күтіп тұр делік, сізде қобалжу сезімі бола ма?

2) Дәрігерге көріну сияқты маңызды мәселелерді соңғы сәтке қалдырасыз ба?

3) Жиналыс, конференция немесе көпшілікке арналған шараларда сіз баяндамамен шығуға қобалжисыз ба?

4) Сізге таныс емес ортаға барып, белгілі бір мәселені шешуге жұмсаса, сіз бұл жұмыстан қашуға тырысасыз ба?

5) Сіз өз ой-пікіріңізді басқамен бөлісуге асығасыз ба?

6) Бейтаныс адамның көшеде белгілі бір өтінішпен (жол көрсету, уақыт айту, қандай да сұрақ) сізге жолығуы ұнамсыз сезім тудыра ма?

7) Өмір сүрген кезеңінің әр түрлі болуына байланысты адамдар бір-бірін түсінісуі қиын деген (мысалы: “Әкесі мен баласы” т.б.) пікірге келісесіз бе?

8) Сіз өзіңіздің жолдасыңызға бірнеше ай бұрын берген қарызыңызды сұрауға ұяласыз ба?
9) Ұлттық ерекшеліктер туралы айтылған пікірталасқа қатысасыз ба?
10) Қарым-қатынас жасауда сіз оның бірінші бастауын күтесіз бе?
11) Көпшілік жиналған жерлерден қашасыз ба?
12) Халықтық мұралар, дәстүрлер жөнінде айтылып жатқан дауларды шешуден қашасыз ба?
13) Адамдар арасындағы қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыру жөнінде сіздің ұсыныс – пікіріңіз бар ма?
14) Қате айтылып жатқан пікірді ести отырып, сіз оны түзетуге асығасыз ба?
15) Сізден қандайда бір сұраққа, тақырыпқа көмек беруіңізді сұраса, сізге ол ұнай ма?
16) Сіз өз пікіріңізді ауызша формада бергенді ұнатасыз ба?

**Бағалау:**

«Иә» жауабына 2 ұпай, «кейде» - 1ұпай, «жоқ» - 0 ұпай қойылып, жалпы қорытындысы шығарылады.

30-32 ұпай: Сіз қарым-қатынаста қиналасыз, ол өзіңізге де ұнайды.Сізге жақын адамдарыңызға да оңай тимейді.Ұжымдық жұмыстарға тартылмайсыз. Сіз өзіңіздің іс-әрекетіңізге, басқалармен қарым-қатынысыңызға талдау жасап, адамдармен араласуға тырысуыңыз қажет. Сіз де түсінетін адамдар бар.

25-29 ұпай: Сіз тұйықсыз, көп сөйлемейсіз, жалғыз қалып, оңаша болғанды ұнатасыз. Сіздің достарыңыз да аз. Өзге жұмыс және жаңа байланыстар сізді алаңдатады. Сіз өзіңіздің бұл әрекетіңізді жақсы білесіз. Сол үшін кейде өзіңізді ұнатпай қаласыз. Бірақ сіз өзіңіздің бұл ісіңізді талдай білетіндігіңіз жаңа жағдайға, шешімге келуге, өзгеруге мүмкіндік береді. Сіз өзіңіздегі кедергілерді жеңіп, сілкініс жасасаңыз жаңа достар табатыныңыз сөзсіз.

19-14 ұпай: Сіз таныс адамдармен қарым-қатынаста сөйлегіш, таныс емес ортада да өзіңізді еркін ұстай аласыз. Жаңа проблемалар сізді қорқыта алмайды. Бірақ бейтаныс адамдармен тез үйренісіп кетпейсіз, пікірталастарға белсенді қатыспайсыз. Сіздің пікірлеріңізде кейде негіз жоқ

дәлелдемелер де көптеп кездесіп қалады. Бірақ бұл қателіктерді сіз жоя аласыз.

14-18 ұпай: Сіз дұрыс қарым-қатынас жасай аласыз халықтық педагогика
идеяларын қолдану мүмкіндіктерін білесіз. Сіз ашық,өзгелерді тыңдай аласыз және қарым-қатынаста төзімділік танытып, өз пікіріңізді білдіруде ұстамсыздыққа жол бермейсіз. Бөгде адамдармен еркін танысасыз, ұлттық ерекшеліктеріңізді мақтан етесіз. Сіз шулы ортаны, орынсыз іс-әрекеттерді ұнатпайсыз көпсөзді, мылжың адамдар сізде ұнамсыз сезім тудырады.

9-13 ұпай: Сіз қарым-қатынаста еркінсіз (кейде шамадан тыс). Әңгімешілсіз көпшілсіз, әр нәрсені білгіңіз кеп тұрады, түрлі сұрақтарда өз пікіріңізді білдіріп отырғанды ұнатасыз, бірақ бұл өзгелерге ұнамайды. Бөгде адамдармен тез тіл табысып кетесіз. Адамдардың өтінішін орындауға тырысасыз, бірақ кейде орындай алмайтын кездеріңіз бар. Кейде тез ашуланасыз, бірақ тез басыла да қоясыз. Халықтық дәстүрлер, ұлттық ерекшеліктер туралы білесіз, оны пайдалану жағына да қарсы емессіз. Сіз шыдамды, ұстамды және кедергілер мен қиыншылықтарға төзімді болуыңыз керек. Бірақ бұлардың бәрі өзіңізге байланысты, сіз жақсы жағына сөзгере аласыз.

4-8 ұпай: Сіз сөзшең адамсыз. Қарым-қатынас жасау, сөйлесу, пікіртала сіз үшін түк те емес. Пікірталаста еркін, белсендісіз. Сізге таныс емес сұрақ болса да, сіз оны білетіндей бастырмалата сөйлеп, басымдылық танытып кетесіз. Кез-келген істен қорықпай, жауапкершілігіңізге аласыз, бірақ кейде ол аяғына дейін жетпей қалып қоятын кездері бар. Сондықтан сіз өзіңіздің беделіңізді, өзіңіздің қабілеттеріңізді, ісіңізді көрсеткіңіз келсе әр іске, сөзге жауапкершілікпен қарауға үйреніңіз. Бұл маңызды нәрсе. Ойланып, өзіңізбен жұмыс істеңіз, сіз көп нәтижеге жететін адамсыз.

3 ұпай және одан да аз: Сіз адамдармен қарым-қатынаста қиналасыз. Сіз көп сөйлегішсіз, өзіңізге қатысты болмаса да іске араласасыз. Сондықтан айналаңыздағы адамдармен дауға тап боласыз. Қызуқанды, ашуланғыш, кейде жүйесіз боп та кетесіз. «Халықтық дәстүрлер – сіз үшін өткен тарих, қазір – жаңа кезең», жауапкершіліктен қашасыз. Сізге төзімді, ұстамды

кісілермен сыпайы қарым-қатынасты үйрену керек, өзіңіздің денсаулығыңызды ойлаңыз, себебі мұндай қарым-қатынаста өміріңізде қиындықтарға тап боласыз. Өміріңізді өзгерту – сіздің қолыңызда.

Тәжірибелік эксперименттік жұмысымыздың барысында Т.Лиридің жеке тұлғалар арасындағы қарым-қатынасты диагностикалайтын әдісін қолдандық. Бұл әдісті 1954 ж. Т.Лири, Г.Лефорджем, Р.Сазектер құрастырған, субъектінің өзін-өзі туралы түсінігімен «Мен» ерекшелігін топтар арасында өзара қатынасын зерттеуге бағытталған. Осы әдістің көмегімен адамдардың өзін-өзі бағалауы және өзара бағалауының қатынасының басымды түрі көрінеді. Жеке тұлғалар қатынасындағы өзгерістерді, студенттердің жеке тұлғасының өсуін бағалауға қолдануға болатын әдіс.

Жеке тұлғалар арасындағы қарым-қатынасты зерттеу барысында кең тараған екі фактор ерекшеленеді: басымдылық-бағыныштылық және татулықпен агрессиялық. Тұлғалар арасындағы ұғынушылық адамдар туралы жалпы дәл осы факторлар арқылы анықталады. М.Аргайлом зерттеуінің мазмұны және жеке тұлғалық мінез-құлқын қорытындылаудағы негізгі компоненттері саны Ч.Осуд еңбегінің үштен екі семантикалық-дифференциалды бағалауы мен күшіне сәйкес келеді. Американдық психолог Б.Бейлздің басқаруымен болған көпжылдық зерттеулер, топ мүшелерінің тәртібі екі ауысумен бағаланады, оның сараптамасы үш өлшемді кеңістікте өтеді: бағыну-басымдығы, татулық пен араздық, сезімталдық - сезімдік деп қорытынды жасайды [45].

Т.Лири негізгі әлеуметтік бағыттарды көрсетуге арналған секторларға бөлінген шеңбер тәрізді келісімді сызба ойлап тапты. Шеңбердегі көлденең және тік ось бойымен төрт бағыт белгіленген: басымдылық-бағыныңқылық, досшыл-дұшпандар. Өз кезегімен бұл секторлар жеке қатынасқа, сегізге бөлінеді. Толық сипаттауды негіздеп шеңберді 16 секторға бөлген, көбінесе октанттарды жиі қолданады, салыстырмалы екі негізгі остің анықталған бейнесін айқындайды.

Т.Лиридің сызбасында зерттеу нәтижесі екі өзгерістің өзара байланысы негізгі ортасында күшейе түседі. Әр бағыттың

ұпайларының саны индекс түрінде тігінен (басымдылық-бағыныштылық) және көлденең (татулық пен араздық) осьтер арқылы көрсетіледі. Көрсеткіштер нәтижесі жеке тұлғаның ерекшелігін көрсетеді.

128 сұрақ бағалы сараптаудан, оның әрқайсысы 8 бөліктен, 16 пункттен тұрады. Белгілі бір қатынас түрін анықтайтын талдау бұл әдістемеде кезек бойынша емес, ерекше көрсетіледі: олар 4-тен біріктіріліп, белгілі бір дәл сандардан кейін қайталанып тұрады. Нәтижесінде, әр жеке адамның байланысының сапасы есептелінеді.

Лири өзінің әдістемесін бақылаушы адамның мінез-құлқын, айналасындағылардың мінезін, өзін-өзі, жақын адамын, «мінсіз (идеальды) менді» бағалау үшін қолдануға ұсынады. Жауапты анықтайтын нұсқау диагностиканың бұл деңгейлеріне сәйкес өзгереді.

Бағалаудың жоғары деңгейі 16 ұпай, ол қатынастың төрт дәрежесіне бөлінген.

0-4 ұпай - төмен.

5-8 ұпай - бірқалыпты.

9-12 ұпай - жоғарғы

13-16 ұпай - айырықша

Диагностиканың түрлі бағыттары тұлғаның түрлерін анықтайды, сондай-ақ жеке аспектілер туралы мәліметтерді салыстырады. Мысалы: «әлеуметті Мен», «Шынайы Мен», «Менің әріптесім».

Әдістеме тізім бойынша немесе қима қағаздар арқылы іске асады. Оған өзі туралы өз пайымы, өзге адам немесе оның идеалына жататыны туралы сай келген анықтаулар көрсетіледі.

Нәтижесінде, ұпайларды есептей келе сұрақтың кілті ашылады. Алынған ұпай дискограммаға жазылады. Арнайы формула бойынша екі: үстемдік және досшыл факторлары анықталады.

Әр түрлі адам өкілдерінің арасындағы айырмашылықтарды көрсететін дискограммады салыстыру арқылы сапалы қорытынды жасалады. С.М. Максимов әдістемесі арқылы жеке тұлғаның қабылдауын, топтың пікірі

бойынша жеке тұлғаны білу дәрежесін, топтың жеке тұлғаға әсерін білдік.

Әдістемелік тәсіл психологиялық қиыншылықты зерттеуге және іс жүзінде отбасына кеңес, топтасқан психотерапия және әлеуметтік-психологиялық тренингті өткізуге қолданылады (Шер Р.П. [120], Қожахметова К.Ж. [20] т.б.).

Студенттердің қоршаған ортамен, өзге адамдармен тіл табысудың, қарым-қатынасының түрін анықтау мақсатында келесі әдісемені қолдандық.

1) Беделді (жеке тұлғаның беделі)

13-16 – топтық қарым-қатынастың барлығында басшылық жасайтын диктаторлық, өктемшілдік, әміршілдік сипаттағы күшті жеке тұлға. Ол өзгелердің пікірімен санаспай, тек өз дегенін орындататын, өзгенің кеңесін тыңдамайды. Айналасындағылар өктемдігін білсе де, оның айтқанын орындайды.

9-12 – өзін-өзі сыйлауды талап ететін, кеңес беруді жақсы көретін, табысқа жететін белсенді, беделді көшбасы.

0-8 - өзіне-өзі сенімді адам, міндетті түрде көшбасы емес, қайсар және бірбеткей.

2) Өзімшіл

13-16 – бәрінен жоғары тұруға тырысатын, сонымен қатар бәрінен бөлек тұруды ұнататын, өзін-өзі жақсы көретін, есепшіл, тәуелсіздер. Кездескен қиындықтарды айналасындағыларға итеріп, өзі біршама шеттеп қалады, мақтаныш өзіне-өзі көңілі толатындар.

0-12 – өзімшілдік келбет, бақталастыққа бейім.

3) Агрессиялы

13-16 – айналасындағыларға қаталдық және зұлымдықпен қарайтын, жылдам қызуқандылығы кейде ассоциалдық мінез-құлыққа әкеп соғуы мүмкіндер.

9-12 – талапшыл, тік мінезді, ашық, өзгелерге қатал қарайтын, айналадағылардың бәрін кінәлауға бейім.

0-8 – бірбеткей, алған бетінен кайтпайтын, тұрақты, жылдам.

4) Күдікшіл

13-16 – қастық пен қатыгездік дүниеге деген көзқарасы жатырқаумен күдікті ренжігіш, барлығына күдікпен қарайды, кекшіл, үнемі басқаларға шағымданғыш.

9-12 – сыншыл, өзгелерге сенімсіздікпен қарайтындықтан, адамдармен араласудан қорқады, тұйық, бұйығы, өзінің келеңсіздігі агрессиялық қатынасты тудыратындар.

1-8 – айналасындағылармен үнемі шиеленіскен қарым-қатынаста болатындар.

5) Бағынышты

13-16 – берілген адам өзін-өзі кем санайтын және өзін-өзі кінәлайтын, кінәнің бәрін өз мойнына алатын, белсенді емес, өзінен мықтылардан тірек табуға ұмтылады.

9-12 – ұяң, момын адамдар, кез-келген нәрседен қысылатын, ешбір себепсіз өзін күштілеу адамдарға тез бағынатындар.

0-8 – қарапайым, жасқаншақ, біртоға, өзін-өзі ұстайтын, бағынуға бейім, өзіндік пікірі жоқ, өз міндетін адал орындайтындар.

6) Тәуелді

13-16 – өзіне-өзі сенбейтін, үнемі қорқынышта жүретін, кез-келген нәрседен қауіптенетін, басқалардың пікіріне тәуелділер.

9-12 – қорқақ, қорғансыз, өзгелерге қарсы тұра алмайтын, басқаның дұрыстығына шынайы сенетіндер.

0-8 – жұмсақ мінезді, өзгелердің көмегі мен кеңесін үнемі күтіп жүретін, сенгіш, басқаларды мақтауға бейім, сыпайы.

7) Досшыл

7-16 – адамдардың барлығымен достық және сыпайы қарым-қатынаста болатын, өзгелердің талаптарын қанағаттандыруға, ешбір жағдайға қарамастан «жақсы болуға» тырысатын, топтың мұқтажын орындауға ұмтылатындар.

0-8 – әріптестікке бейім, жанжал туындағанда және түрлі киын мәселелерді шешуде тұрақсыз, төңірегіндегілермен үнемі келісімде жүруге тырысатын, басқалармен қарым-қатынаста жағымды әрекеттің ережелері мен ұстанымдарың, шарттарын сақтауға, өзгелерге көмектесуге тырысатын, үнемі өзіне жұрттың көңілінің бөлуін қалайтын, елмен тез араласатын достық пен жылылық сезімді орнықтырушы.

8) Қамқоршыл (өзгелерге риясыз қамқорлық көрсетушілер)

9-16 – үнемі өз мүддесін өзгелер үшін құрбан ететін, өзгелерге үнемі жәрдемдесуге тырысатын, айналадағылармен белсенді қарым-қатынаста болатын, өз көмегін өзгелерге ұсынатын, өзгелердің міндетін өзіне ешбір қарсылықсыз қабылдайтындар (өз келбетін жасыратын адам болуы да мүмкін, оның шынайы келбеті қарама-қарсы болуы ғажап емес).

0-8 – басқалармен қарым-қатынаста жауапкершілігі жоғары, әдепті, жұмсақ мінезді, мейірімді адамдармен эмоционалды қарым-қатынастан жапа шегетін, өзгелерге қамқорлық көрсете білетін, оларды сергектікке шақыра білетін, риясыз адам (Жауап берушінің мәтіні А Қосымшасында берілген).

Сонымен қатар қоғамдық белсенділігін анықтау үшін келесі  әдістеме студенттердің қоғамдық белсенділігін анықтайтын әдісті пайдалана отырып төмендегідей мағлұматтар алуға мүмкіншілік берді.

Берілген әдістің көмегімен студенттердің жеке тұлғалық өсуінің бағалауын өткізуге болады. Ол студенттердің өздігінен жетілуіне бағытталуын, өздерін сыни бағалаудың қандай деңгейде дамығанын көрсетеді.

Бұл әдіс тәрбие үрдісіндегі жеке тұлғаның әлеуметтенуінің үлгерім бағасы үшін, студенттің қоғамдағы белсенділік деңгейін анықтауға, іс-әрекетке қатысу себептерін, түрлі әлеуметтік рольдерге бөлуде қолданылуы мүмкін.

**Мақсаты:** студенттің қоғамдық белсенділігін анықтау.

**Міндетті түрде өткізуге арналған:** Студенттердің реттік сандары бар аты-жөндерінің тізімі тақтаға жазылады, сонымен қатар студенттердің қоғамдық белсенділігін бағалау үшін бес бағыттық қысқаша сипаттама берілген.

1-бағыт. Топтағы көп жұмыстардың ұйымдастырушысы және бастама көтергіші болып табылады, қоғамдық тапсырмаларды орындауда үлгі көрсетуші, жолдастарынан жауапкершілікті талап етеді, ұжымдағы мақсаттар мен міндеттерді орындауда басқаларды жұмылдыруда табандылықпен күреседі.

2-бағыт. Топ жұмыстарына құлшыныспен, жауапкершілікпен қатысады, бірақ ұйымдастырушы ретінде сирек болады, басқалардан қоғамдық тапсырмалардың жауапкершілігін талап етпейді, ұжымның көзқарасын бөліседі, бірақ аздап олардан бөлектенеді.

3-бағыт. Тапсырмаларды қанағаттанарлықпен орындайды, ерекше ықылассыз үлкендер мен жолдастарының өтінішіне құлақ түреді, көбінесе енжар бақылаушы немес орындаушы болады.

4-бағыт. Тапсырмаларды ықылассыз орындайды, үлкендер мен жолдастарының қатаң талабы негізінде қоғамдық жұмыстарға қатысады, ұжым жұмыстарына және оған қатысуға басқалардың қатысуына немқұрайлы қарайды.

5-бағыт. Тапсырмалардан, қоғамдық жұмыстарға қатысудан жалтарады, жауапсыздық танытады, көбінесе өз ұжымы мен жолдастарының қызығушылығын бөліспейді.

**Жүргізу барысы:** Зерттеуші тапсырманың толық орындалу жағдайын анықтайды, сыналушы бағыттың мазмұнды сипатын игеруге ерекше көңіл бөледі. 1-бағыттың талаптарына сәйкес келетін ең белсенді студенттердің санын қағаздың бірінші қатарына, екінші қатарға 2-бағыт талабына сәйкестер, ары қарай барлық бес бағыттың студенттердің реттік нөмірін енгізеді. Студенттер бес қатардың біріне өздерінің реттік санын енгізеді, осы арқылы өзінің белсенділігіне баға бере алады. Студенттердің қолы қойылған қағаздар зерттеушіге тапсырылады.

Өзін-өзі бағалаудан басқа әрбір зерттеушінің алынған мәліметтерінен (тігінен, жоғарыдан төмен) бағалар саны есептеледі. Одан әрі студенттердің белсенділік мәртебесі қаралуы мүмкін болатын, зерттелушінің қоғамдық белсенділігінің орташа бағасы есептелінеді. Алынған мәліметтерді нақтылау мақсатында өмір тәжірибесі туралы ойлау тесті жүргізіледі (Ә Қосымшасы).

Белсенділік мәртебесі (А) = ______________________

Мәртебесі бойынша қатысушылардың белсенділігін 5 топқа бөлеміз:

| Стустағы топ нөмірі | Қатысушылардың белсенділігі | Статус көлемі |
|---|---|---|
| 1 | Жоғары (Ұйымдастырушы) | $A<1,5$ |
| 2 | Жақсы | |
| | (белсенді орындаушы) | $1,5<A<2,5$ |
| 3 | Орташа | |
| | (енжар орындаушы) | $2,5<A<3,5$ |
| 4 | Төмен (зорлықпен) | $3,5<A<4,5$ |
| 5 | Байқалмайтындар | $4,5<A$ |

**«Мақал-мәтелдер мен нақыл сөздер» әдістемесі**

Адам баласының өсіп жетілуіне бұл әдістеменің көмегі мол. Себебі бұл студент жастарымыздың адамгершілігінің даму деңгейі мен рухани құндылыған көрсетеді.

**Мақсаты:** Білім алушылардың адамгершілік тәрбиесінің деңгейін анықтау және оларды өзіне, өзгелерге деген қарым-қатынастарының ерекшеліктерін анықтау.

**Жүргізілуі:** Білім алушыларға мақал-мәтелдер жазылған қағаздар таратылады. Ол 2 нұсқада беріледі. Бірінші жағдайда әр мақал-мәтелді зейін қойып оқып шығасыз, кейін оның мазмұнымен келісесізбе жоқпа оны төмендегі шкала бойынша бағалайсыз:

1 балл- айтылған пікірмен елеусіз түрде келісемін;

2 балл -жартылай келісемін;

3 балл -жалпы алғанда келісуге болады;

4 балл –ішнара келісемін;

5 балл -сөзсіз келісемін.

Екінші тұста әр білім алушы берілген мақалдарды түгел оқып, мазмұнымен келісетін мақалды таңдай білуі қажет.

1. а/ Ары таза адам бақытты.
   ә/ Ұят - көз ашытатын түтін емес.
   б/ Күнәмен байығанша**,** кедей болып өмір сүрген артық.
   в/ Ешнәрсе жемесең де, арың үшін күрес.

2. а/ Адам нанмен ғана өмір сүрмейді.

ә/ Қаржысы көптің тұрмысы көл-көсір.
б/ Бақыт- қаржыда емес.
в/ Қаржыны  көргенде, жүрек тыңдамайды.

3. а/ Кімге бақыт кызмет етсе, сол ешнәрседен торықпайды.
ә/ Бақыт туған жерде, қызғаныш қатар туады.
б/ Кім жақсы өмір сүрсе, сол ұзақ жасайды.
в/ Өмір сүру-өзеннен өту емес.

4. а/ Сәтсіздіктен қорқып, бақтан айырылма.
ә/ Адамдар бақыты, шыңыраудағы су тәрізді.
б/ Акша - тірліктің жемісі.
в/ Жалаңаш туған -жалаңаш өледі.

5. а/ Кім ешнәрсе істемесе, сол қателеспейді.
ә/ Сақтансаң - құдай сақтар.
б/ Құдайға сенім керек .
в/ Жағасын көрмей - суға түспе.

6. а/ Әркім өз бакытына - ұста.
ә/ Балықтай мұзға ұрынған.
б/ Жартысын істеуге ғана құлқым бар...
в/ Қамалды баспен бұзбассың.

7. а/ Жақсы атақ байлықтан күшті.
ә/ Құлағың маңдайыңнан биік өспес.
б/ Қалай өмір сүресің, солай қаласың.
в/ Басыңнан биікке секіре алмайсың.

8. а/ Өмір қайырымды адамдарсыз емес.
ә/ Біздің ғасырымызда тентектер жеткілікті
б/ Адам - байлық, ақша - ұрыс
в/ Ақшадан араздық туады.

9. а/ Елде бар нәрсе, бізді де қамтиды.
ә/ Адам тілеуімен өмір сүреді.
б/ Халықтан бөліну - жеке өлу.
в/ Адамға-адам өктемдік етпеуі тиіс.

10. а/ Әркім өзі үшін жауап береді.
ә/ Менің үйім -шетінде мен ешнәрсе білмеймін
б/ Өз көйлегің денеңе жақын.
в/ Біздің жұмыс - шет қалу

11. а/ Өзің құрысаң да, досыңды құтқар.
ә/ Адамдарға жақсылық істесең, өкініште қалмассың.
б/ Өмір жақсылық үшін берілген.
в/ Өзіңе жақсылық ойласаң,онда ешкімге жамандық жасама

12. а/ 100 сомың болғанша, 100 досың болсын.
ә/ Дастархан басында бәрі таныс, қиын сәтте бәрі қалыс.
б/ Жақсы ағайын - байлықтан да артық.
в/ Қара күн туса -достың жаманы нашар.

13. а/ Оқығанның күні - жарық, оқымағанның күні - ғаріп.
ә/ Көп білсең тез қартаясың.
б/ Бар байлық -білімде.
в/ Ғасыр бойы үйренсең де, тентектігіңмен өлерсің.

14. а/ Еңбексіз -зейнет жоқ.
ә/ Атқарылып болған жұмыстан тас қамал салынбас.
б/ Аз ұйықтап, көп еңбек еткен бай болар.
в/ Жұмыстан бай болмайсың, тезірек қарт боларсың.

15. а/ Заңы орындалмаса, жазғаннан пайда не?
ә/ Заң - өрмекшінің өрмегі тәрізді.
б/ Заң бар жерде дәлелденеді.
в/ Заң - таза ауа, қалай бұрылсаң, солай дем алар

**Алынған мәліметтерді сұрыптау.** Әдістеменің мәтінінің мазмұнында өмір, адам жайлы мағынасы бір-біріне қарсы 30 жұп мақал-мәтел берілген. Тұлғаның өмірге, адамдарға және өз-өзіне деген қарым-қатынасы мақалдар мен мәтін мазмұнында былай орналасқан:

1) а,ә, - өмірге деген рухани қатынасы;
б,в - өмірге деген рухани қатынасының болмауы;
2) а,б - материалдық жағдайдың төмендігі;
ә,в - материалдық жағдайдың дұрыстығы;
3) а,в - бақытты, жақсы өмір;
ә,в - өмірдің қиындығы мен күрделілігі;
4) а,ә - өмірге сенімді көзқарас;
ә,в - сенімсіз көзқарас;
5) а,б - шешімді көзқарас;
ә,в - өмірге абайлап қарау;
6) а,б - өмірлік бағытының айқындылығы;
ә,в - өмірлік бағытының айқындалмауы;
7) а,б - өмірде жетістікке жетуге тырысу;
ә,в - өмірде жетістікке жетуге тырыспау;
8) а,б - адамдармен жақсы қарым-қатынас жасау;
ә,в - адамдармен нашар қарым-қатынас жасау;
9) а,б - адамдармен ұжымдық қарым-қатынаста болуы;
ә,в - адамдармен жеке карым-катынаста болуы;
10) а,б - адамдардың назарының ортасында болуды ұнатуы;
ә,в - менмендік қатынаста болу;
11) а,б - өзгелердің игілігіне қызмет ету;
ә,в - өз басын ғана ойлау;
12) а,б - достықтың маңызы;
ә,в - достықтың маңызы жоқ;
13) а,б - білімнің маңызы;
ә,в - білімнің маңызы жоқ;
14) а,б - еңбектің маңызы;
ә,в - еңбектің маңызы жоқ;
15) а,б - заңдарды сақтаудың маңызы;
ә,в - заңдарды сақтаудың маңызы жоқ;

«а» және «б» бойынша бөлек, «ә», «в» бойынша бөлек ұпай саны (1 нұсқа бойымша) немесе таңдағандары (2 нұсқа бойынша) саналады.

Алынған нәтижені бағалаудың негізгі ұстанымы ұпай саны мен таңдағаңдарын салыстыру арқылы жүзеге асырылады. «а» және «б» бойынша ұпай мен таңдауларының саны жоғары болса, онда өмірге, адамдарға, өзіне деген құнды қарым-

қатынасты қалайтындығын білдірсе, «ә» және «в» жауаптарының жоғарлылығы өмірге, адамдарға, өзіне деген құнды қарым-катынасты қаламаитындығын білдіреді.

Адамгершілік тәрбиесі төмендегі жағдаймен анықталады: «а» және «б» мәтелдерінің мазмұнымен келісушілік жоғары және «ә», «в» мәтелдерімен келісушілік төмен болса, олардың адамгершілік қасиеттерінің жоғарлылығын көрсетеді, ал, керісінше «а» және «б» мәтелдерімен келісушілік төмен, «ә» және «в»-ға келісушілік жоғары болса, адамгершілік қасиеттерінің төмендігін көрсетеді. Бұл әдісте қысқартылған нұсқалар қолданыла береді. Бұл жағдайда оқушыларға не «а» және «ә»- дағы мәтелдер немесе «б» және «в»-дағы мәтелдер берілді.

Сонымен бірге К.Томастың өзін-өзін ұстау тестін қолданған болатынбыз оған сипаттама бере кетейік. Бұл әдісті студенттер арасындағы қарым-қатынас дағдыларының қалыптасуын анықтау үшін қолдандық.

Келіспеушілік жағдайды зерттеген К.Томас әдетке айналған дауды өзгертуге ықпал жасады. Олардың алғашқы кезеңдерін зерттеуде «дауға рұқсат» термині кеңінен қолданылыпты, келіспеушілік болады және оған міндетті түрде рұқсат етілуі керек деп атап көрсетті. Осындай жолмен шешу мақсатында, кейбір ерекше даусыз жағдайлар болды, онда адамдар толық үйлесіммен жұмыс жасады.

Бірақ та соңғы кездері келіспеушілікті зерттеудің осы тұрғысындағы мамандарға қатысты үлкен өзгерістер болды. Ол К.Томастың аз дегенде екі жағдаймен: келіспеушілікті толығымен жою күшінің пайдасыздығын сезіну келіспеушіліктің тәсілдік қызметін көрсететін, зерттеу сандарының көбеюі пікірі бойынша қаралды. Осы жерде автордың ойы бойынша, келіспеушілікті жоюдағы күш, оны басқаруға ауысуы керек. К.Томас осыған сәйкес келіспеушілікті зерттеудің төмендегі құбылыстарға зейінді шоғырландыру қажет деп есептейді: келіспеушілік жағдайындағы іс-әрекеттердің адамдарға тән түрлері қандай, олардың ішінде тиімдісі немесе бұзылғаны қайсы; қандай жолмен тиімді іс-әрекетті ынталандыруға болады.

К.Томас адамдардың арасындағы келіспеушілік жағдайдағы тәртібінің түрін сипаттауда басқарудың екі өлшемді моделін тиімді деп санайды, өлшемнің негізі бірігушілік болып табылады, ол адамның зейінімен, басқа адамдардың қызығушылығына байланысты әрі дауға араласу және ондағы қайсарлығы, оған өз қызығушылығын қорғаудың басымдылығы тән. Зерттеушілердің ақыл-ой энергиясын және әлеуметтік ортаға деген қатыстық дәрежесін бағалауға арналған тест жүргізілді (Б Қосымшасы).

К.Томас осы негізгі өлшемдерге сәйкес келіспеушілікті бақылаудың мынадай әдістерін ерекшелеп көрсетеді:

1) жарыс – біреуге зиян жасау арқылы өз қызығушылығыңды қанағаттандыруға ұмтылу.

2) бейімделу – бақталастыққа қарама-қайшылықты білдіреді, басқа үшін өз қызығушылығыңды құрбан ету.

3) ымыраға келу.

4) құтылу – онда бірігуге ұмтылыстың болмауы, өз мақсатына жетудегі негізгі ойдың болмауы тән.

5) ынтымақтастық – жағдайға қатысушылар бір шешімге келеді, екі жақтың қызығушылығын толығымен қанағаттандырылады.

## К.Томастың дауды басқарудағы ұсынылатын бес тәсілі

К.Томас даудан қашудан екі жақ та нәтижеге жете алмайды деп санайды, әрекеттің мұндай түрлерінде, бәсекелестік секілді, бейімделу және ымыраға келу, немесе қатысушылардың бірі жеңеді, келесісі жеңіледі, ымыралық келісімге барғандықтан екеуі де жеңіледі. Тек қана ынтымақтастық жағдай екі жақ та жеңіске жетеді.

К.Томас адам әрекетінің үлгілерін айқындайтын өз сауалнамасында тұлғаның келіспеушілік жағдайдағы әрекетін аталған бес нұсқаның әрқайсысын мүмкін болатын 12 пікірмен сипаттайды.

Олар әртүрлі мазмұнда 30 жұпқа топталған, олардың әрбірінің әрекетіне арналған мінездеменің үлгілерін ортаға салуда анықтауды ұсынады.

**Жауап беруші**

1. А. Кейде мен дауласқан сұрақтың шешуіне өзге біреудің жауапты болуын қалаймын.

Б. Біздің бөлініп кететіндей нәрсені даулағанша, мен екеуміздің де келісетін жерімізге көңіл аударуға тырысамьн.

2. А. Мен бір мәмлеге келу жолын табуға тырысамын.

Б. Мен өзімнің жеке көзқарасым мен өзгенің көзқарасы арқылы істі шешуге тырысамын.

3. А. Негізінде мен өз дегеніме жетуге тырысамын.

Б. Мен негізінде байланысымызды сақтап қалу үшін біреуді тыныштандыруға тырысамын.

4. А. Мен ымыраға келудің жолын табуға тырысамын.

Б. Кейде маған біреудің мүддесі үшін өз мүддемнен бас тартуыма тура келеді.

5. А. Дауласқан істі шеше отырып, біреудің мақұлдауын қалаймын.

Б. Қажет емес ауыртпашылықтан қашып, бәрін істеуге тырысамын.

6. А. Өзімді жек көріншті көрсетуден қашамын.

Б. Өзімнің дегеніме жеткім келеді.

7.А. Дауласқан сұрақтың жауабы келешекте нақты шешілгенше кейінге қалдыруға тырысамын.

Б. Көп нәрсеге жету үшін, бір нәрседен қайтуды жөн көремін.

8.А. Негізі, мен өз дегеніме жетуге тырысамын.

Б. Мен қозғаған сұрақтар мен қызығушылықтардың бірінші кезекте неден тұратынын нақты анықтап алғым келеді.

9.А. Әйтеуір бір пайда болған келіспеушілікке бола уайымдауға болмайды деп ойлаймын.

Б. Мен өзімнің дегеніме жету үшін күш қолданамын.

10.А. Мен өз дегеніме жетуге қатты тырысамын.

Б. Мен мәмлеге келу жолын іздеймін.

11.А. Ең бірінші мен қозғалған сұрақтың қандай, не үшін екендігін
анықтауға тырысамын.

Б. Мен біреумен қарым-қатынасымызды сақтап қалу үшін ғана оны тьныштандыруға тырысамын.

12.А. Мен бәсекелестік туғызатын істерден аулақ болуға тырысамын.

Б. Мен өзге біреудің маған қарсы болса да, өз пікірімде қалуды ұсынамын.

13. А. Мен ортақ көзқарасты ұсынар едім.

Б. Мен менің ойымдағыдай болу керек екендігін дәлелдеуге тырысамын.

14.А. Мен өз пікірімді біреуге айтып, оның пікірін сұраймын

Б. Мен өзгелерге өзімнің көзқарасым мен ойымды көрсетуге тырысамын.

15.А. Мен біреуді тыныштыққа шақыра отырып, қарым-қатынасымызды сақтап қалуға тырысамын.

Б. Күш көрсетуді болдырмау үшін қолымнан келгеннің барлығын жасаймын

16.А. Біреудің намысына тимеуге тырысамын.

Б. Өз бағытымның дұрыстығына басқаның көзін жеткізуге тырысамын.

17.А. Мен өз дегеніме жетуге табандылықпен күресемін.

Б. Мен пайдасыз ауыртпалықтан қашу үшін, бәрін істеуге тырысамын.

18.А. Егер ол біреуді бақытты жасаса, онда мен оның өзі дегенінде тұруына көмектесемін.

Б. Маған қарсы келсе де, өзгенің өз пікірінде қалуына мүмкіндік берер едім.

19.А. Мен ең бірінші дауласқан сұрақтың не үшін болғандығын білуге тырысар едім.

Б. Мен дауласқан сұрақтың дұрыс шешімін табу үшін, кейінге қалдырар едім.

20.А. Мен біздің келіспеушілігімізді міндетті түрде шешуге тырысамын

Б. Мен екеумізге де қатысты пайдалы және пайдасыз жақтарын анықтауға тырысамын.

21.А. Мен келісім кезінде оның тілегін тыңдауға тырысамын

Б. Мен қиыншылықты шешудің тура жолын табуға тырысамын

22.А. Мен өзгенің мүддесі мен өз мүддемді ортақ бағытта ұстауға тырысамын.

Б. Мен өз тілегімнен қайтамын.

23.А. Әрқайсымыздың тілегімізді қанағаттандыруға тырысамын.

Б. Кейде мен дауласқан сұрақтың шешімін біреудің жауапкершілігіне алуын қалаймын.

24.А. Өзгенің бағыты өте маңызды болса, мен оның тілегін қолдауға тырысамын.

Б. Мен өзгені бір мәмлеге келуге шақыруға ұсыныс жасаймын.

25.А. Мен біреуге өзімнің көзқарасым мен ой-өрісімнің жоғарылығын көрсетуге тырысамын.

Б. Сөйлесе отырып, біреудің тілегіне ықыластылығымды танытамын.

26.А. Мен ортақ көзқарасты ұсынар едім.

Б. Мен әрқайсымыздың тілегімізді қанағаттандыруға тырысар едім.

27.А. Мен дау туғызатын сұрақтан қашар едім.

Б. Егер бұл өзгені бақытты етсе, онда мен оның өз дегенінде тұруын сұрар едім.

28.А. Негізінен, мен өзімнің дегеніме жетуге тырысар едім.

Б. Жағдайды реттей отырып, біреудің қолдауын күтер едім.

29.А. Мен ортақ көзқарасты ұсынар едім.

Б. Әр түрлі келіспеушіліктің тууын, барлық уақытта уайымдауға болмайды дер едім.

30.А. Біреудің сезімін таптамауға тырысар едім.

Б. Мен қызығушылық танытқан адамның да бәсекелістікте жеңіске бірге жетуіне жол табуға тырысар едім.

Әр бағана бойынша шыққан ұпай саны, келіспеушілік жағдайдағы тенденцияның пайда болуын анықтайды. Сауалнаманың жауап парағының кілті қосымшада (Қосымша Г).

Тесті топтық нұсқауда алуға болады, өзге тестермен бірге немесе бөлек те өткізуге болады. Тест 15-20 минут аралығында өтеді.

**Студенттердің сөйлеу бейімділігінің пайда болу әдістемесі**

Бұл – тәрбие үрдісінде тұлғаның әлеуметтік жетістігін бағалауға көмектесетін әдіс. Ол тұлғаның әлеуметтік беделі мен бейімін көрсетеді.

**Мақсаты:** Студенттердің сөйлеу бейімділігінің деңгейін анықтау.

**Жүргізу барысы:** Студенттерге төмендегідей нұсқау ұсынылады:

«Сіздерге 20 сұраққа жауап беру керек. Сұрақтарға өз еркілеріңмен «иә» не «жоқ» деп жауап бересіздер. Өзіңізді сол жағдайда деп есептеп, сұрақ мазмұнымен келіссеңіз «+» белгісін, келіспесеңіз «-» қойыңыз. Уақытты көп ойланумен өткізбеңіз, тез жауап беріңіз».

***Сұрақтары:***

1. Сіздің пікіріңізді жолдастарыңыздың көпшілігі жиі қолдай ма?
2. Шиеленіскен оқиғалар кезінде сіз үнемі қиналасыз ба?
3. Сізге қоғамдық жұмысты атқару ұнай ма?
4. Ойыңыздағы істі жүзеге асыру кезінде кедергілер тап болса, сіз ниетіңізден тез бас тартасыз ба?
5. Сіз өз жолдастарыңызбен түрлі ойындар ойлап тапқанды немесе оларды ұйымдастырғанды ұнатасыз ба?
6. Сіз бүгін істейтін жұмысты жиі ертеңге қалдырасыз ба?
7. Сіз жолдастарыңызға сіздің пікіріңіз бойынша жұмыс атқаруын калайсыз ба?
8. Өз уәделерін, міндеттерін, талаптарын орындамағанда жолдастарыңызбен келіспеушіліктер жиі болмайтыны рас па?
9. Сіз маңызды істі шешуде бастаманы жиі өзіңіз айтасыз ба?
10. Сізге таныс емес жағдайда өзіңізді нашар сезінесіз ба?
11. Басталған ісіңіз аяқталмай қалса, ренжисіз бе?

12. Жолдастарыңызбен жиі кездескенді онша ұнатпайтыныңыз рас па?
13. Сіздің достарыңызды көп қызықтырған сұрақты шешкенде өз
бастамаңызды жиі көрсетесіз бе?
14. Өз дұрыстығыңызды бірден дәлелдеуге тырысасыз ба?
15. Мектепте сіз қоғамдық жұмысқа араласасыз ба?
16. Сіздің пікіріңізді жолдастарыңыз бірден қолдамаса, сіз өз дегеніңізді дәлелдеуге тырыспайсыз ба?
17. Мерекелік іс-шараларды жолдастарыңыз үшін ұйымдастыруға тырысасыз ба?
18. Қызмет бабы бойынша кездесулерге жие кешігіп келесіз бе?
19. Жолдастарыңыздың назарында жие қаласыз ба?
20. Жолдастарыңыздың ортасында өзіңізге сенімдісіз бе?

***Жауап парағы***

| | | | |
|---|---|---|---|
| 1 | 6 | 11 | 16 |
| 2 | 7 | 12 | 17 |
| 3 | 8 | 13 | 18 |
| 4 | 9 | 14 | 19 |
| 5 | 10 | 15 | 20 |

Алынған қорытындыны өңдеу:

Оқушылардың сөйлеу бейімділігінің дұрыс жауаптары барлық тақ сұрақтар және дұрыс емес жауаптар барлық жұп сұрақтарды 20-ға бөлу арқылы анықталды. Осылайша алынған көрсеткіш студенттердің сөйлеу бейімділігінің қабілетін байқатады. Студенттердің тұлға аралық қарым-қатынасын деңгейін анықтау үшін сауалнама жүргізілді (В Қосымшасы).

- төменгі деңгей – 0,1-0,45
- орташадан төмен – 0,46-0,55
- орташа деңгей – 0,56-0,65
- орташадан жоғары – 0,66-0,76
- жоғары деңгей – 0,76-1

Студенттерге осындай әр түрлі сипаттағы тапсырмалар, тест беріп, ойындар, шаралар өткізу арқылы қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыру жағдайлары мен деңгейлерін анықталады. Зерттеу нәтижесі бойынша студенттердің 35 %-ы оқытушының бағыттаушылық әрекетінің аздығын алға тартса,

10 %-ы уақыттың жоқтығын, одан да басқа маңызды мәселелер бар деп есептейтіндігін айтты, 20 %-ы адамдардың қарым-қатынас мәдениетін білмейтіндігін, 7 %-ы өмірлік жағдайларды кінәласа, 28 %-ы өздеріне тікелей байланысты екендігін мойындайды.

Зерттеу нәтижелері көрсеткендей студенттеріміздің қарым-қатынас мәдениеті халықтық педагогика идеяларының маңыздылығын мойындағанымен, оны қарым-қатынаста қолдана білмейтіндігін байқатты. Мәселені шешу жолдарының бірі өткізілген әңгіме, пікірталас нәтижесі мынаны көрсетті: студенттердің 41 %-ы арнайы курстарға қатысу, 38 %-ы оқу тәрбие процесінде мұғалімдердің басты назарында болу керек дейді, 11 %-ы осы тақырыпта шаралар (кештер, ойын-сауық) өткізілуін қалайды, 10 %-ы теледидар, радио хабарларын тарату қажет екендігін негізге алған.

Зерттеу жұмыстары студенттердің қарым-қатынас мәдениеті деңгейлерінің қалыптасу жағдайын анықтап берді (9 - кесте). Жүйелі жүргізілген зерттеу жұмысында оқу орындарында халықтық педагогикадағы идеялар студенттердің қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыру процесінде, көп жағдайда мәселе ретінде ғана қойылып және оны оқушылар кей жағдайларда ғана, жүйесіз қолданылатыны байқалады.

Сауалнамалар нәтижелесі бойынша студенттеріміздің қарым-қатынас мәдениеті ұғымына және бұл ұғымға көп мән бермейтіндіктерін және ол ұғымның болашақ мамандығына тікелей қатысы бар екеніне, оны жүзеге асырудың әдіс-тәсілін білмейтіндігін көруге болады.

Кесте – 7 Студенттердің қарым-қатынас мәдениетінің даму көрсеткіші

| | **Курс. Студенттер саны** | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| Деңгейлер | 1-курс 87 студент | 2-курс 85 студент | 3-курс 76 студент | 4-курс 72 студент | Орташа есеппен 320 студент |
| Төмен | 54% | 53% | 48% | 44% | 49,5% |
| Орташа | 37,8% | 36,4% | 40,5% | 43,2% | 39,7% |
| Жоғары | 8,2% | 10,6% | 11,5% | 12,8% | 10,8% |

Кейбір студент жастарымыз өзін-өзі бағалауы нақты емес. Көпшілігі (45%-і) қарым-қатынас мәдениетін дамыту өздеріне байланысты десе, 30%-і мұғалімдерге, 10% ата-аналары мен туыстарына, 15% достарына, құрбы-құрдастарына байланысты деген пікірде.

Қазіргі педагогикалық тәжірибеде жеке адамды дамыту мәселелері терең түйсінуге, жан-жақты мәдениетті жеке тұлға ретінде қалыптастыру үшін жасалған жағдайлар педагогикалық өзара ықпалдастық пен түрлі формаларын даярлап, оларды іс жүзінде сынақтан өткізу арқылы жүзеге асырылды.

Диагностика жұмыстары мәселенің тиімді шешу жолдары мен құралдарын анықтау, оларды қорыту және оқу-тәрбие үрдісінде қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыруға педагогикалық тұрғыдан қамтамасыз етудің үлгісін жасауға, тәжірибеге ендіруге оның тиімділігі айқындалды.

Оқу-тәрбие процесіндегі педагог пен білім алушылардың қарым-қатынасы мұғалім әрекетінің стилі негізінде анықталады (авторитарлық, демократиялық, либералдық) (10-кесте).

Кесте – 8 Педагогтар мен білім алушылар арасындағы қарым-қатынас стилі

| Кезеңдері | **Қарым-қатынас стилі** | | |
|---|---|---|---|
| | авторитарлық | демократиялық | либералдық |
| Алғашқы кезең | 25% | 68% | 17% |
| Соңғы кезең | 20% | 67% | 13% |

Жас ұрпақтың халықтық педагогика идеялары негізіндегі қарым-қатынас мәдениеті жеткіліксіздігі әдістемелік жүйенің болмауы және ұлттық сипаттағы қарым-қатынас мәдениетін дамытуға арналған жүйелі процестің болмауының дәл осы біздің тәжірибелік жұмысымыздың қажеттілігін арттырады.

Зерттеу жұмысы үш кезеңнен тұрады: І-ші бағдарлау кезеңі, мұнда зерттеудің алғашқы нәтижелерінің көрсеткіші пайда болады, яғни мәселенің шешімін нақты жағдайда бағдарламасы жасақталып, алғашқы кезеңге жоспарланған жұмыстар жүргізіледі, ІІ-ші – зерттеу жұмыстарының басты

сатысы, ІІІ-ші кезең қорытынды – алныған нәтижелерді жүйелеп, жалпы тұжырымдалады.

1) Бағдарлау кезеңінде педагогикалық тәжірибелік жұмыстар жоғары оқу орындарындағы оқу-тәрбие үрдісін нақтылау жағдайы анықталып, әлеуметтік-гуманитарлық, психологиялық-педагогикалық және жалпы кәсіби пәндердің мүмкіндіктері, нақты әдіс-тәсілдері мен ерекшеліктері қарастырылған болатын. Өткізу жоспары мен дайындық кезеңдері ұйымдастырылды.

2) Негізгі кезеңде топтағы студенттер тапсырмалар арқылы арнайы жұмыс жүргізілді. Ұсынылып отырған әдістеме бойынша, жұмыстар топтамасы жүргізілді. Болашақ педагог ретіндегі маңызы мен ұстаз болуда «қазақ еліне мәдениет таратушы» ретіндегі мақтаныш сезімін ояту үшін өз болмысын танытатын эксперимент жұмыстар мектептегі педагогикалық тәжірибесімен іске асырылды.

Тәжірибеден кейінгі жүргізілген педагогикалық зерттеулеріміз, студенттеріміздің бойынан қарым-қатынас мәдениетінің деңгейлерінде өзгеріс болғандығын байқадық: төменгі деңгей бақылау тобымен салыстырғанда 36,5%-ға азайса, орташа деңгей 5,3%-ға өзгеріп, ал жоғары деңгей 31,2%-ға жоғарлағанын көруге болады (7-сурет).




Төмен Орташа Жоғары

І – Алғашқы көрсеткіш ; ІІ – Аралық көрсеткіш; ІІІ – Соңғы көрсеткіш

6-сурет - Студенттердің қарым-қатынас мәдениетінің қалыптасуы

Зерттеліп отырған мәселеге сай, болашақ мұғалімдерді тәрбиелеудің маңызы жеке адамның құндылықтар мен мүмкіндіктерінің негізін үйреніп қана қоймай, оларды кәсіби даярлауда танымдық, тәрбиелік, дамытушылық, ізденушілік, шығармашылық сияқты міндеттерді шешуге әсер етеді. Ұсынылып отырған әдістеме жүйесі және зерттеу жұмыстарының нәтижелері жоғары оқу орындарында негізгі, жалпы, кәсіби пәндер жүйесі бойынша қызмет атқаратын оқытушыларға оқу процесінде пайдалану тәрбиелік және дидактикалық міндеттерді шешуге оң әсерін тигізді.

## 3.3 Халықтық педагогика идеялары негізінде студенттердің қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыруға бағытталған арнайы курс бағдарламасы

Қазіргі кезеңдегі гуманистік педагогика жалпыадамзаттық құндылықтардың аса маңызды қатарына жатқызамыз: жеке адам құқығын ең жоғары құндылық ретінде тану, жеке тұлға қалыптастыру және олардың қарым-қатынас мәдениеті, рухани-адамгершілік мәдениеті,білім мен тәрбиедегі демократиялық принциптерді берік ұстау. Әсіресе, ұлттық дәстүрлерге негізделген құндылықтар – маңызды болып табылады, себебі олар халықтың жалпы мүдделерін танытады, діндер мен дәуірлердің рухани мұраттарын жақындатады, әрі ұлттық құндылықтарды сезіну арқылы жалпы адамзаттық құндылықтарды біледі және қабылдайды.

Қазіргі заман педагогикасы үлкен қарқынмен дамудағы ғылым. Сол дамуға байланысты өзгерістердің ізімен асығу қажеттігі пайда болып отыр. Педагогиканың іркіліс, кешеуілдеуі адамдардың даму дағдарысына алып келеді, ғылыми-техникалық прогрестің шабандауына соқтырады. Сондықтан да, педагогика қалаған дерек көздерінен жаңа білімдерді теріп, жинақтап баруы қажет. Педагогиканың дамуына себепші көздер – адамдардың өмір салтында, дәстүрлерінде, халықтық

педагогикада бекіген көп ғасырлық тәрбие тәжірибесі, іс-қызметтері; философиялық, қоғамтану, педагогикалық және психологиялық еңбектер; әлемде және елімізде жүріп жатқан тәрбие практикасы; арнайы ұйымдастырылған педагогикалық зерттеу деректері; жаңа идеялар, жаңарған бағыт-бағдарлар, жылдам өзгерістерге келіп тұрған бүгінгі дүниедегі тәрбиенің тиімді соны технологиялары.

Болашақ мұғалімдердің қарым-қатынас мәдениетінің қалыптасуы тәрбиенің түрлерінің өзара байланысы арқылы жүзеге асыра отырып: ақыл-ой деңгейімен адамгершілік, еңбек пен эстетикалық және т.б. Сонымен қатар студенттерде халықтық педагогикасы идеялары негізінде қарым-қатынасы мәдениетінің қалыптасуы ұлттық тәрбиенің қозғаушы күші – ұлттық санаға сіңіп, қалыптасқан салт-дәстүрлер, ұлттық рух, ұлттық намыс, ұлттық абырой, ар, ұят, кісілік т.б. байланысты. Қазақ халқының игі қарым-қатынас мәдениеті дәстүрлерінен туындайтын ізгілік, ізеттілік, қайырымдылық, мейірімділік, қонақжайлық, иманжүзділік т.б. адами қасиеттерді қалыптастыру – ұлттық тәрбиенің құнды мақсаттары болған. Қазақ халқының ғасырлар бойғы өзінің ұлттық игі дәстүрлерін ұрпағына үйрету арқылы әдепті адами тәрбиенің нормасы деп түсінген. Халықтық әдеп-ұрпақ тәрбиесінің түпкі өзекті арқауы. Әсіресе, қарым-қатынаста адамда сыйлау, сәлем беру, үлкеннің алдына қия өтпеу, орын беру, көңіл-күйіне көз салу, қарым-қатынаста кішіпейілділікпен, парасаттылық, саналылықпен, ізеттілікпен қатынас жасау, әдептілік көрсету үйретіледі және үнемі талап етіледі.

Халықтық педагогика, ұлттық тәрбие нышандарын оқу-тәрбие үрдісінде пайдалану қажеттігі күннен-күнге, жылдан-жылға артуы тиіс деп есептейміз. Себебі бала туғаннан қылмысты болып, немесе бұзық мінезбен, сорақы іспен, бұзық оймен туатын ешбір пенде болмайды. Бұл ересектердің өздерінің қарым-қатынасының төмендігі, мәдениетсіздік пен әдепсіз іс-әрекетінің нәтижесінде болатыны айғақ. Баланың өрескел қылықтарын, сорақы сөздермен үлкендерді мазақтауы т.б. сияқты іс-әрекеттерін пысықтығы, еті тірілігі деп санап, бұзық іс-әрекетін батырлық деп түсінуінен болады. Сондықтан

болашақ мұғалімдер ертеңгі қызметінде ата-анамен бірлесе жұмыс істей отырып, халықтық педагогика элементтерін бала тәрбиесінде пайдаланудың әдіс-тәсілін, жолдарын үйретуге дайын болуы қажет. Әрине бұл студенттердің жоғары оқу орындарында оқып жүрген кезінен-ақ халықтық педагогика мұраларын саналы түсінуі мен оны күнделікті қарым-қатынасында пайдалануды әдет ету арқылы жүзеге асады деп есептейміз.

Қарым-қатынас әрбір адамның өз құрдастары мен өзін танып білудің негізгі құралы ретінде қажет. Оқу-тәрбие процесіндегі қарым-қатынастың тиімділігі және күнделікті іс-әрекет барысында алға қойған мақсатына байланысты лайықты ұйымдастыруынан көрініс береді.

Бірінші тобына, яғни қатынас саласында: қоғамдық-саяси, адамгершілік, құқықтық, жеке адамдар арасындағы, ұжымдық қарым-қатынастар жүйесі жатады.

Екінші тобына, яғни іс-әрекет саласындағы байланысқа: оқуға көзқарас, қоғамдық пайдалы еңбекке, әртүрлі шығармашылық істерге, дене шынықтыру мен спортқа, сауық кештерге т.б. қарым-қатынас жүйелері кіреді. Демек, «байланыс – қарым-қатынас», «қарым-қатынас – іс-әрекет» жүйелері өзара тығыз байланысты болады. Тұлға өзінің қарым-қатынасының мәнін түсіне білуі тиіс. Көз жеткізу мінез-құлық пен іс-әрекеттің ең жоғарғы мотивтері болып табылады. Сол арқылы жеке тұлға өзінің өмірлік бағдарламасын белгілейді.

Қарым-қатынас, іс-әрекет, сана, жеке адам сияқты т.б. категориялардың қатарында болса да, психологияның арнайы зерттеу пәні болып есептелінбейді. Ол көптеген қоғамдық ғылымдармен оқытылады. Сондықтан мәселені шешу барысындағы аспектіде бұл категорияның пайда болуы / жалпы оның іске асуы/ психологиялық өзгешелігі болып тиабылады.

Қарым-қатынас процесі кезінде әрбір жеке адам өзін ерекше түрде, белгілі бір көлемде басқа адаммен, оның әдісімен, нәтижесімен, елестетуімен, ой-пікірімен, бағдарымен, қызығуларымен сезімімен және де тағы басқа қасиеттерімен алмасу әрекетін жасайды. Қарым-қатынаста субъект ерекше формада өз бетінше белсенді қатысады. Қатысушы адамдардың

тәсілі мен динамикасы әлеуметтік функциясымен анықталады.

Жалпы қарым-қатынас ұғымы - бұл іс-әрекет, сана және адам сияқты категориялардың қатарында болып қана қоймай, бұл мәселені шешу барысында оның категория ретінде пайда болуы мен нақты іске асуы жөнінде психологияның арнайы зерттеу пәні болмаса да, психологиялық өзгешелігі бар қоғамдық ғылым болып табылады.

Қарым-қатынас процесі кезінде әрбір жеке адам өзін ерекше түрде, белгілі көлемде басқа адаммен, әдісімен, нәтижесімен, елестетуімен, ой-пікірімен, әдісімен, бағыт-бағдарымен, қызығушылығымен, сезімі мен және де теғы да басқа қасиеттерімен алмасу әрекетін жасайды.

Бұл қарым-қатынаста субъект ерекше форма да өз бетінше белсенді қатысады. Байланыс жасауға тек дара индивидтер ғана емес, сонымен бірге бір топ бола алады. Сол себептен субъект болып табылатын адам көпсалада және әртүрлі қатынаста бола алады деп айтуға болады. Адамзат қоғамымен адамдар арасындағы қарым-қатынастың дамуы - диалектикалық күрделі процесс. Қоғам дамыған сайын қарым-қатынас мүмкіншілігі де кеңейе түсуде.

«Әдептілік – әдемілік» қағидасын ұрпағына үйретіп, адамдар арасындағы қарым-қатынас мәдениетін мақал-мәтел түрінде айтып, санасына дарытып отырған (Ата-бәйтерек, Бала-жапырақ, Ана-бұлақ, Бала-жағасындағы құрақ. Ұлға отыз үйден тыю, қызға қырық үйден тыю. Ұлың өссе-ұлы үлгімен ауылдас бол, қызың өссе – қызы үлгімен ауылдас бол. Әдепті бала – ата-анасын мақтатар, әдепсіз бала – ата-анасын қақсатар т.б.).

Студенттердің қарым-қатынас мәдениетін қалыптастырып, жетілдіру теориялық тұжырымдаларымыз бен алдымызға қойған мәселені қарастырудағы әдістемелік ұсыныстар практикалық сипатта дәлелдеуді қажет етеді. Сол себепті мынадай міндеттерді шешуіміз қажет болды:

- кешенді педагогикалық зерттеу әдістерін пайдалана отырып, студенттердің қарым-қатынас мәдениеті деңгейлері мен жағдайларын анықтау;

- халықтық педагогика идеяларының студенттердің қарым-қатынас мәдениетінің қалыптасуына әсері мен мүмкіндіктерін, шарттарын айқындау;

- халықтық педагогика идеялары негізінде студенттердің қарым-қатынас мәдениетін қалыптастырудағы тәжірибелік-педагогикалық жұмыс мазмұнын тексеру;

- ұсынылған әдістемелік жұмыстардың тиімділігін дәлелдеу.

Көрсетілген міндеттерді орындау мақсатында анықтаушы эксперимент үш бағытта жүргізілді:

1) Жоғары оқу орындарында студенттердің халықтық педагогика мұраларына көзқарастары мен білімі, біліктерін тексеру, қазіргі жағдайдағы деңгейлерін анықтау.

2) Студенттердің қарым-қатынас мәдениетін қалыптастырудағы педагогикалық процестің қазіргі мүмкіндіктері анықталды.

3) Зерттелініп отырған мәселенің мектептегі оқу-тәрбие процесімен сабақтастығы тексерілді.

Бірінші бағыт бойынша жоғары оқу орындары педагогикалық үрдісіндегі д»рәстер мен практикалық сабақтарға қатысу, студенттермен тест, сауалнама, әңгіме жүргізу. Зерттеу жұмысына барлығы 320 студент, 75 оқытушы, 120 оқушы және 34 мектеп мұғалімі қатыстырылды.

Студенттердің халықтық педагогика мұраларына көзқарасы, білімі мен біліктерін тексеру және студенттерде қарым-қатынас мәдениетінің қалыптасу деңгейлерін анықтау мақсатында сауалнама, тест, шығарма жазу, түрлі әдіс-тәсілдерді қамтыған әдістемеміз негізінде жүргізілген зерттеулер студенттердің 65%-ы халықтық педагогика идеяларына аса мән бермейтіндігі, 25%-ы қарым-қатынасы мәдениетінің қалыптасуына халықтық мұралардың ықпалын білгенімен, оны іс-әрекет барысында пайдаланудың әдіс-тәсілдері мен мүмкіндіктерін білмейтіндігін мойындайды.

Студенттердің қарым-қатынас мәдениетінің қалыптасу деңгейінің төмен болуы мен жеткіліксіз дәрежеде дамуы себебін анықтау мақсатында сауалнама ұсындық. Зерттеу жұмысының барысынды студенттердің қарым-қатынас мәдениеті, оны

қалыптастырудағы халықтық педагогика идеяларына қызығушылық білдіргенімен, 27%-ы қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыруда байланысты халықтық педагогиканың шығу тарихын, дамуын, мазмұндық ерекшеліктерін, тәрбиелік мүмкіндіктерін жете түсінбейтіндігін және 34 %-ы болашақ кәсіби қызметінде маңыздылығын ескермесе, 39 %-ы оқу-тәрбие үрдісінде бұл мәселеге айтарлықтай мән берілмейтіндігін алға тартады.

Жүргізген зерттеулер студенттерге халықтық педагогика идеяларын жан жақты қолдана отырып, қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыруға бағытталған арнайы курс енгізудің қажеттігі туындайды. «Этномәдениет негіздері» деп аталатын арнайы курс.

Арнайы курс 3 кредитке есептелінді барлығы 90 сағат, оның 15 сағаты дәріс, 15 сағаты практикалық 16 сағаты оқытушы мен студенттердің өзіндік жұмыстарға, 44 сағаты студенттердің өзіндік жұмысына арналған (9-кесте).

**Арнайы курстың мақсаты:** Студенттердің халықтық педагогика идеяларына сай, қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыруға байланысты білімі мен іскерлігі, дағдыларын жетілдіру, этномәдени түсініктерін тереңдету, мәдениетті тұлғасын қалыптастыру.

Ұсынылып отырған арнайы курс бағдарламасы болашақ мұғалімдердің қазіргі егеменді еліміздің баянды болашағы үшін маңызды болып табылады.

**Арнайы курс мазмұны**

1-дәріс: Кіріспе. Қазақ халқының қарым-қатынас мәдениетіне байланысты дәстүрлері-халықтық педагогиканың мұрасы.

Халықтық педагогика және қарым-қатынас мәдениеті ғылым ретінде. Халықтық педагогика идеяларының қайнар көздері және қарым-қатынас мәдениетімен сабақтастығы.

Негізгі ұғымдар: Этномәдениет. Халықтық педагогика. Этнопедагогика. Этномәдени мұралар. Қарым-қатынас стилі. Қарым-қатынас мәдениеті.

2-дәріс: Қарым-қатынас мәдениеті жөнінде ұлттық ғұламаларының педагогикалық пікірлеріне шолу жасау.

Кесте – 9 «Этномәдениет негіздері» курсының бағдарламасы

| Тақырыптары | Дәріс | Практикалық | ОСӨЖ | СӨЖ |
|---|---|---|---|---|
| Кіріспе. Қазақ халқының қарым-қатынас мәдениетіне байланысты дәстүрлері – халықтық педагогиканың мұрасы | 2 | 2 | 2 | 7 |
| Қарым-қатынас мәдениеті жөнінде қазақ ғұламаларының педагогикалық ойлары | 3 | 3 | 3 | 7 |
| Қарым-қатынас мәдениетіне жөнінде қазақ ұлтының дәстүрлерінің қалыптасуы, дамуы және қазіргі жағдайы | 3 | 3 | 3 | 7 |
| Болашақ педагогтардың бойынан қарым-қатынас мәдениетін қалыптастырудың педагогикалық шарттары | 3 | 3 | 3 | 7 |
| Қарым-қатынас мәдениетінің кәсіби іс-әрекеттегі тәрбиенің мәні | 2 | 2 | 2 | 8 |
| Этномәдениеттің жоғары оқу орны мен мектептегі сабақтастық сипаты | 2 | 2 | 3 | 8 |
| Барлығы | 15 | 15 | 16 | 44 |

Қазақ халқының тәлім-тәрбиелік мұраларының ілкі бастаулары мен көздері. Әл-Фараби, Ж.Баласағұни, А.Иассауи, Х.Дулати, Ш.Уәлиханов, Ы.Алтынсарин, А.Құнанбаев, Ш.Құдайбердиев, А.Байтұрсынов, М.Жұмабаев, Ж.Аймауытов, М.Дулатов, Х.Досмұхамедов т.б. ой-пікірлері.

Негізгі ұғымдар: Халық тағылымдары. Халықтық педагогика идеялары. Әдеп және мәдениет. Ұлттық мәдениет. Адамдар арасындағы қарым-қатынас. Ұлттық сана. Ұлттық рух. Гуманистік теория. Қарым-қатынас бағыттары. Қарым-қатынас түрлері.

3-дәріс: Қарым-қатынас мәдениетіне байланысты қазақ халқының дәстүрлерінің қалыптасуы, дамуы және қазіргі жағдайы.

Қарым-қатынастағы жеке адам детерминациясы. Ұлттық санадағы «Мен» жүйесі. Жеке тұлғаның макро және микро аймағы. Адам жүріс-тұрысының динамикасы. Қарым-қатынас мәдениеті түсінігінің қазіргі талдануы.

Негізгі ұғымдар: Ұлттық рух, сана. «Мен» жүйесі. Әлеуметтік стереотиптер. Рефлексия. Қарым-қатынас факторы. Гуманистік қарым-қатынас. Ұлттық сипаттағы қарым-қатынас.

4-дәріс: Болашақ мұғалімдер даярлауда қарым-қатынас мәдениетін қалыптастырудың педагогикалық шарттары.

Қарым-қатынастағы ұлттық стиль. Оқу-тәрбие үрдісіндегі қарым-қатынас мәдениеті. Қарым-қатынас мәдениетін қалыптастырудың психологиялық сипаты. Қарым-қатынас техникасы. Педагогикалық мүмкіндіктер. Ым-ишара, ырымдар. Халықтық ерекшеліктер.

Негізгі ұғымдар: Ұлттық стиль. Ізгілікті қарым-қатынас. Ынтымақтастық. Ұлтжандылық. Қошемет. Қарым-қатынас техникасы. Ырым-тиымдар. Үлгі-өнеге, ықпалдастыру. Мәдениет ұғымы. Қарым-қатынас ұғымы.

5-дәріс: Қарым-қатынас мәдениеті деңгейінің кәсіби іс-әрекеттегі көрінісі, тәрбиелік мәні.

Қарым-қатынас мәдениеті деңгейлері. Қалыптасу жағдайлары және тәрбиелік мәні. Қарым-қатынастағы тәлім-тәрбиелік шаралар. Мәдениеттілік және әдеп. Педагогикалық қарым-қатынас. Ынтымақтастық педагогикасы және қарым-қатынас стилі.

Негізгі ұғымдар: Деңгейлер. Әдеп әліппесі. Қарым-қатынастағы ынталандырушы тәсілдер. Психотехнология. Психологиялық бейімделу. Имидж. Сөйлеу мәнері. Сыртқы келбет. Әдептілік, тәртіп.

6-дәріс. Этномәдениеттің жоғары оқу орны мен мектептегі сабақтастық сипаты.

Этномәдени ұғымдар туралы түсінік. Халықтық педагогика идеяларының даму бағыттары. Ұлттық салт-санаға негізделген қарым-қатынастың мәні. Болашақ мұғалімдердің ұлттық

санасының қалыптасуы. Мектеп пен жоғары оқу орны оқу-тәрбие үрдістерінің өзара байланысы. Педагогикалық процестердің сабақтастығы. Қазақ ұлттық мектебінің даму сипаты.

Негізгі ұғымдар. Этномәдениет. Ұлттық ерекшелік. Ұлттық психология. Қазақ этнопедагогикасындағы кәсіби бағдар. Оқу-тәрбие үрдісінің сабақтастығы. Ұлттық мектеп.

Лекция сабақтарында ғылыми мәселені анық тізбекті және қисынды баяндау, демонстрациялық тәжірибелер мен көрнекі құралдар арқылы жүргізілді. Лекциялар студентті ғылымға, оны ғылыми-теориялық қағидаларға, ғылымның әдіснамасына, тарихи бағдар принципіне жүргізілді. Студенттер білімді игеріп қана қоймай, оны практикалық іс-әрекетті жүзеге асыра білу әдіс-тәсілдерін меңгереді.

Арнайы курстан кейін алынған сауалнамалар нәтижелері: лекцияның ғылымилығы, идеялық-теориялық деңгейі, тақырыптардың бұрынғы және келесі лекцияларын байланысы, баяндаудағы жүйелілік пен тізбектілік (қисынды жоспар, материалдың қызықты, нақты болуы, кіріспе мен қорытындынының ұзақ болмауы, көңілді және көтеріңкі күймен баяндау), теориялық ойлауы мен қарым-қатынас іскерлігін дамытуда маңыздылығын, көкейкесті мәселе және ол болашақ қызметтегі қажетті шарт деп бағалады. Сонымен қатар, студенттер лекцияда мәнерлі оқу, сөйлеу мәдениеті мен оған эмоционалды қарым-қатаныс, айқын сөз, шығармашылық міндеттерге сәйкес қарым-қатынас және бұл мәселенің жаңа қырларын түсінуге жол ашқанын айтты.

Практикалық сабақты өткізуде студенттердің өзіндік жұмысына үлкен мән берілді. Сабақ  жоспарындағы сұрақтарға қажетті әдебиеттерді іздеп тауып, сұрақтарға жауаптар дайындап отырды, қорытындылар жасады.

Студенттердің білімдерін, іскерліктері мен дағдыларын қадағалау және бағалауда сауалнама,тест, есеп алу, сынақ, жеке іздену жұмыстары, реферат, баяндама т.б. жұмыстар жүргізілді.

1-Практикалық сабақта теориялық материалды талқылау, жаңа ұғымдарға анықтама беру, педагогикалық мұраларды зерттеу, инабаттылық, ар-ождан, имандылық, әдеп жөніндегі

халықтық ұғымдардың ұлттық салт-дәстүрлерде, өлең-жырларда, мақал-мәтелдердегі көрінісі жөнінде әңгіме, пікірталас өткізілді. Баланы ізгі қарым-қатынасқа, адамгершілік, кішіпейілділікке тәрбиелеуде отбасының үлгі-өнегесі, ұстаздар ұлағаты т.б. салт-сананың тәлімдік мәні ашып көрсетілді. Оқытушы мен студенттің өзіндік жұмысында пікірталас түрінде өткізіліп, «дөңгелек үстел», студенттердің рольдік ойын сипатында өткізілді.

2-Практикалық сабақта қазақ даласындағы алдыңғы қатарлы ой-пікірлер, жаңашылдық идеялар мен ағартушылардың еңбектеріне талдау жасалынды. Әл-Фарабидың «Бақытқа жету жайында», «Риторика», «Қайырымды қала тұрғындарының көзқарастары» т.б. трактаттары, Жүсіп Баласағұнның «Құдатғу білігі» (Құтты білік), Махмуд Қашқаридың «Диуани луғат ат-түрік» еңбектері, Қожа Ахмет Яссауидың «Диуани хикметі» (Даналық кітабы), Ыбырай Алтынсариннның педагогикалық еңбектері, Абай Құнанбаевтың өлеңдер жинақтары, Ахмет Байтұрсынов пен Міржақып Дулатовтың педагогикалық мұралары, Мағжан Жұмабаевтың «Педагогика» кітабы, Жүсіпбек Аймауытовтың «Психология», «Тәрбиеге жетекші» еңбектері талданып, студенттердің осы тақырыптарға арнап дайындаған рефераттары бойынша «пресс-конференция» түрінде семинар сабағы өткізілді. Студенттер қарым-қатынас мәдениеті жөнінде құнды пікірлер алып, бұл мәселеге ерекше қызығушылық көрсетті.

3-Практикалық сабақта қазақ халқының дәстүрлеріндегі қарым-қатынас мәдениетінің көрінісі, үлкенді сыйлау, кішіге қамқорлық, «Келін түсіру», «Шілдехана», «Сүндет той», «Соңғы сапарға шығарып салу» т.б. сияқты халықтық дәстүрлерге сай адамдар арасындағы қарым-қатынастардың ұлттық ерекшеліктеріне талдау жүргізілді.

Психологиялық тренинг «Мәдениетті адам деген кім?» тақырыбында өткізілді. Студенттер 2 топқа бөлініп «Қарым-қатынас өнерін меңгеру» тапсырмаларын орындады. 3-ші «Әділ қазылар» тобы берілген тапсырмалардың орындалу дәрежесіне талдау жасай отырып, сын механизмін ойлап табу және сын-ескертпелерді, ұсыныстарды талқыға салды. Студенттер бұл

жұмысқа белсенді қатысып, сабақ соңында мұндай оқыту формаларының артықшылықтарын ерекше бағалайтынын атап өтті.

4-Практикалық сабақта қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыруда студенттердің ішкі психологиялық дербестік ерекшеліктерін, қабілеттерін және әдіснамалық принцептеріне негізделген сұрақтар қойылып сабақтар диалогтық, дискуссия түрде жүргізілді. «Сіз мәдениеттісіз бе?», «Мен кіммін» қарым-қатынасы және т.б. тақырыптары бойынша екі топқа бөлініп өз кезегімен ойларын ортаға салып, шешімдерін ұсынып, жобаларын ұсынып, ой – талас жүргізілді.

5-Практикалық сабақта кәсіби жас маман үшін өзара қарым-қатынас мәдениетінің қалыптасу жағдайларын және оның дамуын халықтың педагогика идеяларының ықпалы жөнінде ашық сұқпатта талқыланды. Қоғамдағы өзгерістерге сай, жеке адам аралық байланыстарын орнату ерекшеліктеріне байланысты халықтық педагогика идеяларындағы ой-пікірлердің құндылығы, жастардың қарым-қатынас мәдениеті мен төл мәдениетіміздің өзара сабақтастыған, мәселенің шешімін табу жолдарына арналған сырласу сағаты өтті.

6-Практикалық сабақта этномәдениеттің жоғары оқу орнындағы оқу-тәрбие үрдісіндегі мәні мен маңызы, оның мектепте шәкірт тәрбиесіндегі ролі талқыланды. Әсіресе, жеке тұлғаны қалыптастырудағы «Құран» аяттарының адамгершілік пен имандылыққа, әдепті, мәдениетті қарым-қатынастарды орнатуға бағытталған құнды ілімдеріне тоқталып өтілді.

Тренингтік жаттығулар, «Келіссөз» атты рольдік-ситуациялық ойындар, қарым-қатынаста дәлелдеу техникасын меңгеру мақсатында «тест – сөзжұмбақ», іскерлік ойыны «Идеал», пікірталас түрінде өткізілген семинар сабағының нәтижесі де көңіл қуантарлықтай болды.

Практикалық сабақтар мектеп оқу-тәрбие үрдісінен сабақтастыра отырып жүргізілді. Қарым-қатынас мәдениетін қалыптастырудың педагогикалық шарттарын анықтауда әдістемелік құралдар, монографиялар, бағдарламалар, оқулықтарға талдау жасалды. Пәндік ерекшеліктерге сай, әр тақырыпта көтеріліп отырған мәселеге байланысты

материалдарды ұштастыру әдіс-тәсілдері талқыланып, жаңа бағыттарын айқындауға байланысты әдістемелік ұсыныстар жасалды.

**Оқытушының жетекшілігімен жүретін студенттің өзіндік жұмыстары**

*1.Тақырыбы: Қазақ халқының қарым-қатынас мәдениетіне байланысты дәстүрлері – халықтық педагогиканың мұрасы*

*Жоспары:*

1. Халықтық педагогика ұғымына сипаттама
2. Қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыруда халықтық педагогиканың тигізетін ықпалы
3. Халықтық педагогикаға негізделген қарым-қатынас мәдениеті

*Әдістемелік нұсқау:* халықтық педагогика, қарым-қатынас мәдениеті ұғымдар ерекшеліктерін әдебиеттерден оқып, талдай отырып сұрақтар жауабын конспектілеу.

*Ұсынылатын әдебиеттер тізімі:*

1. Ұзақбаева С.А., Қожахметова К.Ж. Жоғары мектеп студенттеріне этнопедагогикалық білім беру тұжырымдамасы. – Алматы: Өнер, 1998 – 22 б.
2. Жарықбаев Қ.Б. Қазақ психологиясының тарихы. – Алматы: Қазақстан, 1996. – 160 б.
3. Төребаева К.Ж. Жоғары оқу орнында ұлттық тәрбие беру негіздері. Монография-Ақтөбе, 2012.-214б.
4. Бахтиярова Г.Р. Қазақ халқының дәстүрлі педагогикалық мәдениеті. (оқу құралы) – Ақтөбе: «Жұбанов университеті» баспа бөлімі, 2019 ж.- Б.-226.
5. Тәлім-тәрбие хрестоматиясы / – Құрастырғандар С.Қалиев, Г.Жексембаева. – Алматы: Рауан, 1996. –161б.
6 Омарова Р.С., Есенғұлова М.Н., Мамбетов М.Қ. Педагогикалық қарым-қатынас мәдениеті. Оқу құралы.-Астана, 2015.-172б.

*2.Тақырыбы: Қарым-қатынас мәдениеті жөнінде қазақ ғұламаларының педагогикалық ойлары*

*Жоспары:*

1. Қазақстанда ағартушы-педагогтардың этномәдени білім мен ой-пікірі (А.Байтұрсынов, Ж.Аймауытов, М.Жұмабаева, М.Дулатов, Х.Досмұхамедов және т.б.)

2. Қазақ халқындағы сөйлеу әдебі мен тіл мәдениеті туралы айтылған ғылыми идеяларды жүйелеу, түсіндіру.

*Әдістемелік нұсқау:* Берілген тапсырмалардың мазмұнын әдебиеттерден оқып, талдай отырып сұрақтардың жауабына сызба құру.

*Ұсынылатын әдебиеттер тізімі:*

1. Ұзақбаева С.А., Қожахметова К.Ж. Жоғары мектеп студенттеріне этнопедагогикалық білім беру тұжырымдамасы. – Алматы: Өнер, 1998 – 22 б.

2. Комекбаева Л.К. Мұғалімдердің этникалық өзіндік санасының психологиялық ерекшеліктерінің көрінісі: Автореф. дис… психол. к.п.н.: 02.03. 02. – Алматы, 2002 – 26 с.

3. Төребаева К.Ж. Жоғары оқу орнында ұлттық тәрбие беру негіздері. Монография-Ақтөбе, 2012.-214б.

4. Бахтиярова Г.Р. Қазақ халқының дәстүрлі педагогикалық мәдениеті. (оқу құралы) – Ақтөбе: «Жұбанов университеті» баспа бөлімі, 2019 ж.- Б.-226.

5. Тәлім-тәрбие хрестоматиясы / – Құрастырғандар С.Қалиев, Г.Жексембаева. – Алматы: Рауан, 1996. –161б.

6 Омарова Р.С., Есенғұлова М.Н., Мамбетов М.Қ. Педагогикалық қарым-қатынас мәдениеті. Оқу құралы.-Астана, 2015.-172б.

*3. Тақырыбы: Қарым-қатынас мәдениетіне жөнінде қазақ ұлтының дәстүрлерінің қалыптасуы, дамуы және қазіргі жағдайы*

*Жоспары:*

1. Ұлттық «әдеп», «этика», «мораль», «этноэтика» талаптары мен ұғымдарына ауызша сипаттама

2. Қазақ халқының дәстүрлерінің жеке адам аралық қарым-қатынас мәдениетінің дамуына ықпалы

*Әдістемелік нұсқау:* Берілген тапсырмалардың мазмұнын әдебиеттерден оқып, ауызша талдау.

*Ұсынылатын әдебиеттер тізімі:*

1. Ұзақбаева С.А., Қожахметова К.Ж. Жоғары мектеп студенттеріне этнопедагогикалық білім беру тұжырымдамасы. – Алматы: Өнер, 1998 – 22 б.

2. Комекбаева Л.К. Мұғалімдердің этникалық өзіндік санасының психологиялық ерекшеліктерінің көрінісі: Автореф. дис… психол. к.п.н.: 02.03. 02. – Алматы, 2002 – 26 с.

3. Төребаева К.Ж. Жоғары оқу орнында ұлттық тәрбие беру негіздері. Монография-Ақтөбе, 2012.-214б.

4. Бахтиярова Г.Р. Қазақ халқының дәстүрлі педагогикалық мәдениеті. (оқу құралы) – Ақтөбе: «Жұбанов университеті» баспа бөлімі, 2019 ж.- Б.-226.

5. Тәлім-тәрбие хрестоматиясы / – Құрастырғандар С.Қалиев, Г.Жексембаева. – Алматы: Рауан, 1996. –161б.

6 Омарова Р.С., Есенғұлова М.Н., Мамбетов М.Қ. Педагогикалық қарым-қатынас мәдениеті. Оқу құралы.- Астана, 2015.- 172б.

*4. Тақырыбы: Болашақ педагогтардың бойынан қарым-қатынас мәдениетін қалыптастырудың педагогикалық шарттары*

*Жоспары:*

1. Қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыру арқылы ұлттық ой-санасын дамыту.

2. Болашақ педагогтардық ұлттық мәдениетті дамытушы тұлға ретінде қарау

3. Рухани-адамгершілік қарым-қатынас аймағын кеңейтуге бағытталған педагогикалық жұмыстар

*Әдістемелік нұсқау:* Берілген тапсырмалардың мазмұнын әдебиеттерден оқып, талдай отырып сұрақтар жауабын конспектілеу.

*Ұсынылатын әдебиеттер тізімі:*

1. Ұзақбаева С.А., Қожахметова К.Ж. Жоғары мектеп студенттеріне этнопедагогикалық білім беру тұжырымдамасы. – Алматы: Өнер, 1998 – 22 б.

2. Комекбаева Л.К. Мұғалімдердің этникалық өзіндік санасының психологиялық ерекшеліктерінің көрінісі: Автореф. дис… психол. к.п.н.: 02.03. 02. – Алматы, 2002 – 26 с.

3. Төребаева К.Ж. Жоғары оқу орнында ұлттық тәрбие беру негіздері. Монография-Ақтөбе, 2012.-214б.

4. Бахтиярова Г.Р. Қазақ халқының дәстүрлі педагогикалық мәдениеті. (оқу құралы) – Ақтөбе: «Жұбанов университеті» баспа бөлімі, 2019 ж.- Б.-226.

5. Тәлім-тәрбие хрестоматиясы / – Құрастырғандар С.Қалиев, Г.Жексембаева. – Алматы: Рауан, 1996. –161б.

6 Омарова Р.С., Есенғұлова М.Н., Мамбетов М.Қ. Педагогикалық қарым-қатынас мәдениеті. Оқу құралы.-Астана, 2015.-172б.

*5. Тақырыбы: Қарым-қатынас мәдениетінің кәсіби іс-әрекеттегі тәрбиенің мәні*

*Жоспары:*

1. Қазақ халқының дәстүрлі тәрбие жүйесін кестеге түсіріп, кәсіби іс-әрекетке тигізер ықпалы

2. Болашақ мұғалімдердің қарым-қатынас мәдениетін халықтық мұралар, этнопедагогикалық, ұлттық психология арқылы тәрбиелеудің маңыздылығы

*Әдістемелік нұсқау:* Берілген тапсырмалардың мазмұнын әдебиеттерден оқып, талдай отырып сұрақтар жауабын конспектілеу.

*Ұсынылатын әдебиеттер тізімі:*

1. Ұзақбаева С.А., Қожахметова К.Ж. Жоғары мектеп студенттеріне этнопедагогикалық білім беру тұжырымдамасы. – Алматы: Өнер, 1998 – 22 б.

2. Комекбаева Л.К. Мұғалімдердің этникалық өзіндік санасының психологиялық ерекшеліктерінің көрінісі: Автореф. дис… психол. к.п.н.: 02.03. 02. – Алматы, 2002 – 26 с.

3. Төребаева К.Ж. Жоғары оқу орнында ұлттық тәрбие беру негіздері. Монография-Ақтөбе, 2012.-214б.

4. Бахтиярова Г.Р. Қазақ халқының дәстүрлі педагогикалық мәдениеті. (оқу құралы) – Ақтөбе: «Жұбанов университеті» баспа бөлімі, 2019 ж.- Б.-226.

5. Тәлім-тәрбие хрестоматиясы / – Құрастырғандар С.Қалиев, Г.Жексембаева. – Алматы: Рауан, 1996. –161б.

6 Омарова Р.С., Есенғұлова М.Н., Мамбетов М.Қ. Педагогикалық қарым-қатынас мәдениеті. Оқу құралы.-Астана, 2015.-172б.

*6. Тақырыбы: Этномәдениеттің жоғары оқу орны мен мектептегі сабақтастық сипаты*

*Жоспары:*

1. Кәсіптік қарым-қатынас мәдениеті деген ұғымның мазмұнына сипаттама бер

2. Этномәдениеттің тәрбиелік шаралар жүйесін жоғары оқу орны мен мектептегі сабақтастық негізінде құрылымын жаса

3. Қарым-қатынас құзыреттілігін қалыптастыру әдістемесі

*Әдістемелік нұсқау:* Берілген тапсырмалардың мазмұнын әдебиеттерден оқып, талдай отырып сұрақтар жауабын конспектілеу.

*Ұсынылатын әдебиеттер тізімі:*

1. Ұзақбаева С.А., Қожахметова К.Ж. Жоғары мектеп студенттеріне этнопедагогикалық білім беру тұжырымдамасы. – Алматы: Өнер, 1998 – 22 б.

2. Комекбаева Л.К. Мұғалімдердің этникалық өзіндік санасының психологиялық ерекшеліктерінің көрінісі: Автореф. дис… психол. к.п.н.: 02.03. 02. – Алматы, 2002 – 26 с.

3. Төребаева К.Ж. Жоғары оқу орнында ұлттық тәрбие беру негіздері. Монография-Ақтөбе, 2012.-214б.

4. Бахтиярова Г.Р. Қазақ халқының дәстүрлі педагогикалық мәдениеті. (оқу құралы) – Ақтөбе: «Жұбанов университеті» баспа бөлімі, 2019 ж.- Б.-226.

5. Тәлім-тәрбие хрестоматиясы / – Құрастырғандар С.Қалиев, Г. Жексембаева. – Алматы: Рауан, 1996. –161б.

6 Омарова Р.С., Есенғұлова М.Н., Мамбетов М.Қ. Педагогикалық қарым-қатынас мәдениеті. Оқу құралы. - Астана, 2015.-172б.

## СӨЖ тапсырмалары

1. Көрнекті педагогтардың шығармаларындағы халықтық қағидалар
2. Мақал- мәтелдер – адамгершілік, имандылық тәрбиесінің құралы
3. Халық ертегілері – өмір оқулықтары

4. Жұмбақтар, санамақтар, есептер, олардың мәні
8. Халық педагогикасындағы адамгершілік тәрбиесі
5. Эстетикалық тәрбие халық педагогикасының құрамды бөлігі
6. Халықтық әдеп, салт-дәстүрлер
7. Ұлттық тәрбие мәдениетіндегі «ар», «намыс», «ұят» ұғымдарының тәрбиелік мәні
8. Адалдық, шыншылдық – халық ұғымында
9. Жаһандану жағдайындағы ұлттық тәрбие мәселелері
10. Халықтық педагогика идеяларының жоғары мектепте қолдану жолы мен маңызы

**Мәнжазба тақырыптары**

1. Халықтық педагогикасындағы тәрбиенің негізгі бағыттары
2. Халық идеалындағы «жетілген тұлға» және оны тәрбиелеудің тәжірибесі
3. Тұлғаны дамыту мен кәсіби білім беру модельдері арасындағы өзара байланыс
4. Білім беру парадигмаларындағы қарым-қатынас мәдениетінің оқыту мазмұнындағы сипаты
5. Педагогикалық қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыру мәселесінің оқыту мазмұнындағы сипаты
6. Ш.Уалиханов еңбектеріндегі ұлттық тәрбие және этнопедагогика мәселелері
7. Ұрпақтар ұласымдылығы халықтың рухани өрлеуінің факторы
8. Абайдың қазақ педагогикасының тереңірек дамуына қосқан үлесі
9. Қазақ халқының дәстүрлі педагогикалық мәдениетінің мәндік сипаты
10. Ұлттық этикет – қазақ халқының дәстүрлі педагогикалық мәдениетіндегі рухани-адамгершілік құндылықтарының негізі

Осы жоғарыда бағдарламаның курс мазмұны бойынша студенттердің білім деңгейлерін, біліктілік дәрежелерін анықтау мақсатында әңгімелесу, пікір сайыс өткізіліп, «педагогикалық шығарма жазу» жұмыстары орындалды. Орындалған жұмыстар

студенттермен бірлесе отырып талқыланып, ортақ тұжырым жасауға негізделді. Нәтижесінде, студенттер қарым-қатынас мәдениетінің адам өміріндегі, сондай-ақ болашақ кәсіби қызметіндегі роліне ерекше тоқталып өтті. Ұлттық рухтарының көтеріліп, ұлттық ой-санаға негізделген мәдениеттілік деңгейлерінің артқандығына қуанатындарын, бұл өте көкейкесті мәселе деп қорытынды жасауы мәселенің шешім табудағы маңызды шарты ретінде қарастырдық.

Жүргізілген жұмыстардың бір телехабарлар бағдарлаларға негізделген «Ғасыр лидерлері», «Болашақ қала», «Жұмадағы жүздесу», «Ақжүніс» т.б. әртүрлі танымдық брейн-ринг пен блицтурнирлер, теледебат, ұлттық мәдениетке арналған хабарларды көріп, өз ойларын ортаға салу арқылы зерттеліп отырған мәселелердің көптеген тұстары талқыланып, өз көзқарастарын білдірді.

Жалпы білім беретін мекемелердің күнделікті өмірімен ұштастыру мақсатында студенттер педагогикалық практика кезінде де мектеп мұғалімдері мен жоғары сынып оқушыларына жүргізілген тесттер мен сауалнамалар, жазба жұмыстары, тренинг, салт дәстүрге арналған жұмыстар, сыныптан тыс шаралар өткізіліп, теориялық тұжырымдары мен практикалық мәселелердің өзара байланысы, мәселені жан жақты қарастыруға мүмкіндіктерін берді. Тапсырмалар студенттердің арнайы курстан кейінгі игерген білімі мен біліктілік, дағдыларын тәжірибеде қолдануға жағдай жасалды. Мұндағы басты мақсат болашақ мұғалімдердің, жастарымыздың бойынан ұлттық мәдениетке негізделген тәрбиелілікті бойға сіңіру болатын. Болашақ педагогтарымыздың теориялық білімдерін практикалық дағдыларымен ұштастырып, жеке тұлғасының қалыптасуына мүмкіндік берілді.

Ұдайы жүргізілген арнайы курстан соң студенттердің халықтың педагогика идеяларына негізделген қарым-қатынас мәдениетінің қалыптасуын анықтау мақсатында зерттеулер жүргізілді (10-кесте):

Зерттеу жұмысымыздың нәтижесінде бақылау топтарында төмен деңгей 49,5%-ды болса, эксперименттік топтардағы жүйелі жүргізілген жұмыстардың ықпалы болса керек төменгі

көрсеткіш 13%, ал жоғары деңгей бақылау тобында 10,8%, арнайы курстан соң 28% деген нәтижені көрсетті.

Кесте –10 Студенттеріміздің қарым-қатынас мәдениетінің қалыптасуы

| **Деңгейлер** | **Бақылау топтары** | **Эксперименттік топтар** | |
|---|---|---|---|
| | | **Арнайы курс өткеннен соң %** | **Педагогикалық тәжірибеден соң %** |
| Төмен | 49,5% | 20,1% | 13% |
| Орташа | 39,7% | 51,9% | 45% |
| Жоғары | 10,8% | 28% | 42% |

Қарастырылып отырған болашақ мамандарымыздың маңызын іс жүзінде сезініп, келешек ұрпаққа тәрбие берудегі маңыздылықты түсінуі үшін, оны тәжірибелік іс-әрекетте қолдана дағдыларын қалыптастыру мақсатында педагогикалық тәжірибе барысында студенттерге жеке тапсырмалар жүйесі берілді.

Студенттердің қарым-қатынас мәдениетін халықтық педагогика идеялары негізінде жаңа жүйеде қалыптастырудың төмендегідей ***тұжырым*** жасаймыз.

1) Жүргізілген жұмысттың нәтижелері болашақ мұғалімдерді кәсіби шеберлікке, мәдениетті қарым-қатынас жасау, оқу үрдісінде ынтымақтастық принциптер негізінде жұмыс істеп, оқушының рухани-адамгершілік құндылықтарын дамытуға, тәрбиелеуге негіз болады.

2) Ұсынылып отырған «Этномәдениет негіздері» атты арнайы курс бағдарламасы мен осы бағытта берілген әдістемелік нұсқаулар, ұсыныстар оқу-тәрбие үрдісінде маңызды .

3) Тәрбие жұмыстарының әдістемесі бойынша енгізілген материалдар студенттердің танымдық мүмкіндіктерін дамытып, ұстаздық мәдениет, оның бойында жеке адамдық қасиеттер, ішкі құндылықтар, қызығушылықтар, мүмкіндіктер туралы тәлімдік міндеттерін шеше алады.

4) Зерттеу барысында өткізілген жұмыстардың тиімділігін дәлелдейді. Зерттеу мәселесі оң шешімін тапқан және

нәтижелердің дәйектілігін айғақтайтын мәліметтермен сипатталуы арқылы дәлелденген.

5) Зерттеу мәселесі бойынша жүргізілген сараптамалық жұмыстар қазақ еліне сай, ұлттық психологиямызға негізделген, жеке тұлғаны жан-жақты дамытуға үлес қоса алатын, тәуелсіздігіміз бен ұлттық ерекшеліктерімізді айғақтай алатын, биік мәртебелі қазақ мектебін жасауға және оны дамытуға үлесін қосатын еңбек деп тұжырымдаймыз.

## Қорытынды

Қазіргі уақытта Қазақстан Республикасында әлем қауымдастығының басқа да елдеріндегідей білім жүйесін жаңарту және дамыту мақсаттарында ұланғайыр реформалау шаралары қолға алынып жатыр.

Қазіргі заман педагогикасын жан-жақты, әр тарапта дамуды қажет етеді. Сол дамуға байланысты өзгерістердің ізімен асығу қажеттігі пайда болып отыр. Педагогиканың іркіліс, кешеуілдеуі адамдардың даму дағдарысына алып келеді, ғылыми-техникалық прогрестің шабандауына соқтырады. Сондықтан да, педагогика қалаған дерек көздерінен жаңа білімдерді теріп, жинақтап баруы қажет. Педагогиканың дамуына себепші көздер – адамдардың өмір салтында, дәстүрлерінде, халықтық педагогикада бекіген көп ғасырлық тәрбие тәжірибесі, іс-қызметтері; философиялық, қоғамтану, педагогикалық және психологиялық еңбектер; әлемде және елімізде жүріп жатқан тәрбие практикасы; арнайы ұйымдастырылған педагогикалық зерттеу деректері; жаңа идеялар, жаңарған бағыт-бағдарлар, жылдам өзгерістерге келіп тұрған бүгінгі дүниедегі тәрбиенің тиімді иялары болып табылады.

Қоғам мен мемлекеттегі білім саясатының қалыптасуы әрдайым ұлттық дүниетаным негізіне бағытталып отыруын қажет етеді. Бұл тұрғыдан халықтық педагогика идеясы негізінде тұлғааралық қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыруда қолдану мүмкіндіктері мемлекеттік деңгейде қолдануды қажет етеді.

Жүргізілген зерттеу жұмыстан қол жеткізген нәтижелерді төмендегі етіп қорытындылауға мүмкіндік берді:

- халықтық педагогика бағыттарын жүйелеу, ұлттық қарым-қатынас мәдениетінің қалыптасуына әсер етеуші факторларды талдай келе, қазіргі жоғары оқу орындарындағы халықтық педагогика идеяларын қолдану арқылы қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыруға жан жақты сипаттама жасалды;

- қазақ халқының ұлттық мұраларын әр бір жас буынға тәрбиелік мүмкіндіктерін кешенді түрде әсер ететіндей етіп

тәрбиелік шараларында жие қолдану қарым-қатынас мәдениетінің қалыптасуына себепші болады;

- педагогикалық және психологиялық жұмыстарға жүргізілген талдаулар «халықтық педагогика идеялары негізінде студенттердің қарым-қатынас мәдениеті» ұғымының анықтамасын беруге мүмкіндік берді;

- халықтық педагогика идеялары негізінде болашақ ұстаздарымыздың қоғамдық талаптарына сай адами құндылықтарын дамыту жұмыстарының жүйелі түрде жүзеге асырылуы, білім беру саласындағы педагогикалық үрдістің негізгі бөліктері, оқу пәндері, студенттердің ғылыми-зерттеу жұмыстары, педагогикалық тәжірибеде жұмыстарын тиімді ұйымдастырудың тәрбиелік іс-шаралар арқылы жүзеге асырылды;

- жұмыстың зерттеу мәселесіне орай «Этномедениет» атты арнайы курстың бағдарламасы жасақталып, тәжірибелік-эксперименттен өткізілді және оның тиімділігі анықталды.

Жүйелі жүргізілген жұмыстың нәтижесінен төмендегідей ұсыныстар жасауға мүмкіндік берді:

1) Жастарға арналған халықтық педагогика идеяларына негізделген тәрбиелік шаралар мен ересектердің өзара қарым-қатынас тәлімін дамытуға бағытталған ұлттық қарым-қатынас психологиясы ғылыми-педагогикалық тұрғыдан қарастырылатын оқулықтар мен оқу құралдары, әдістемелік нұсқаулар жазу;

2) Білім тобындағы студенттерге педагогикалық процестің негізгі бөліктері – оқу пәндерін, тәрбиелік шаралар мен педагогикалық практикадағы іс-әрекеттерін тиімді ұйымдастыру және оқу процесінде «Этномәдениет» атты арнайы курсты ендіру және оны тиімді пайдалану.

Қарым-қатынас мәдениеті проблемасы күрделі мәселелердің бірі болғандықтан, оны барлық жағынан зерттеу мүмкін емес, алдағы уақытта қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыру барысында имандылық пен рухани-адамгершілік құндылықтарына ас мәні беріліп, адам болмысын танып білудегі мәселелерін дара зерттеудің қажеттілігі туындайды.

## Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1 «Білім туралы» Заңы // Қазақстан мұғалімі, 1998. – 26 ақпан. – 161 б.

2 Қазақстан Республикасының әлеуметтік-мәдении дамуының тұжырымдамасы. – Алматы: Қазақстан, 1993 – 32 б.

3 Мемлекет басшысының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласы. Қазақстан Республикасы президентінің Ресми сайты, 12 сәуір 2017ж.

4 Әл-Фараби. Философиялық трактаттар. - Алматы: Ғылым, 1973, - 215 б.

5 Иасауи А. Ақыл кітабы. – Алматы: Мұраттас, 1995– 262 б.

6 Алтынсарин Ы. Таңдамалы шығармалары. – Алматы: Жазушы, 1994. – 285 б.

7 Құнанбаев А. Қалың елім, қазағым: өлеңдер, поэмалар, қара сөздер. – Алматы, 1995 – 384 б.

8 Құдайбердиев Ш. Шығармалары. – Алматы: Жазушы, 1988. – 560 б.

9 Жұмабаев М. Шығармалары. – Алматы: Жазушы, 1989. – 448 б.

10 Аймауытов Ж. Шығармалары. – Алматы: Жазушы, 1989. – 560 б.

11 Дулатов М. Шығармалары. – Алматы: Жазушы, 1991. – 381 б.

12 Библер В.С. От науко изучения к логике культуры. – М.: Наука,1993.– 210 с.

13 Коган Л.Н. Теория культуры. – Екатеринбург, 1993. – 412 с.

14 Балтабаев М.Х. Казахская традиционная художественная культура в системе образования. – Алматы: РНК, 1994. – 189 с.

15 Кішібеков Д. Қазақ менталитеті: кеше, бүгін, ертең. – Алматы: Ғылым, 1999. – 200 б.

16 Рубинштейн С.Л. Проблемы общей психологии. – М.: Просвещение, 1973. – 468 с.

17 Леонтьев А.А. Психология общения. – Тарту, 1974. – 212 с.

18 Жарықбаев Қ.Б. Қазақ психологиясының тарихы. – Алматы: Қазақстан, 1996. – 160 б.

19 Алдамұратов Ә. Жалпы психология. – Алматы, 1996. – 200 б.

20 Бабаев С. Жалпы психология. – Алматы: Дарын, 2005. – 352 б.

21 Ұзақбаева С. Тамыры терең тәрбие. – Алматы: Білім, 1995. – 232 б.

22 Қожахметова К.Ж. Казахская этнопедагогика: методология, теория, практика. – Алматы: Ғылым, 1998. – 317 с.

23 Шалғынбаева Қ.Қ. Қазақ халқының екбек тәрбиесі дәстүрлерін үздіксіз білім беру жүйесінде пайдалану тұжырымдамасы. Оқу әдістемелік құрал, Алматы Абай атындағы КазҰПУ 2004ж.25б.

24 Бөлеев Қ. Болашақ мұғалімдерді оқушыларға ұлттық тәрбие беруге кәсіби дайындау: теориясы мен практикасы. – Алматы: Нұрлы әлем, 2004. – 304 б.

25 Тойлыбаев Б.А. Бастауыш мектеп оқушыларына дене тәрбиесін беруде халықтық педагогика элементтерін пайдалану: пед. ғыл. канд. … дис. – 20.05.95. – Алматы, 1995. – 124 б.

26 Оразбекова К.А. Ұлттық психология мен халық тәрбиесі болашақтың бастауы хақында. – Алматы: Дәуір, 2000. – 544 б.

27 Қалиев С.К. Қазақ этнопедагогикасының теориялық негіздері мен тарихы. – Алматы: Рауан, 1998. – 128 б.

28 Сибагатова Г.К., Кубенова Ш.И., Омарова Р.С.Образовательной технологии: понятия и проблемы Ақтөбе, 2007. 210б.

29 Керімов Л.К. Мектепте қиын балаларды тәрбиелеу. – Алматы,1985.-45б.

30 Қазмағамбетов А.Г. Научно-педагогические основы формирования системы оценочных притязаний старшеклассников в учебном процессе. Дисс. … д.п.н.: 10.10.99. – Алматы, 1999, - 232 с.

31 Омар Е.Сапарова Ю.А. «Қарым-қатынас мәдениеті» Түркістан 2006.

32 Момынбаев Б.К., Ұзақбаева С.А. Қазақ халық педагогикасының шетелдерде дамуы. – Алматы: РБК, 1994. – 56 б.

33 Сыздықов О. Болашақ инженерлердің кәсіптік-технологиялық даярлығын жетілдірудің дидактикалық негіздері. Пед. ғыл. докт. … дисс.: 18.06.02. – Алматы, 2002. – 411 б.

34 Қазақстан Республикасының «Жоғары білім туралы» заңы. – Алматы: РБК, 1996. – 32 б.

35 Қазақстан Республикасының гуманитарлық білім беру тұжырымдамасы. – Алматы: Қазақстан, 1994. – 40 б.

36 Буева Л.П. Человек, деятельность и общение. – М.: Мысль, 1978. – 216 с.

37 Злобина Е.Г. Общение как фактор развития личности. – Алматы: Ғылым, 1981. – 115 с.

38 Каган М.С. Мир общения: Проблемы субъективно-объективных отношений. – М.: Политиздат, 1989. – 315 с.

39 Соковнин В.М. О природе человеческого общения. Опыт философского анализа. – 2-е изд. – Фрунзе, 1974. – 147 с.

40 Асипова Н.А. Научно-педагогические основы формирования культуры межнационального общения школьников: Автореф. дис. … д.п.н.: 12.01.97. – Бишкек, 1997. – 24 с.

41 Дюсупова Р.А. Формирование культуры межнационального общения подростков в процессе воспитательной работы: Автореф. дис. … д.п.н.: 11.02.92. – Алматы, 1992. – 18 с.

42 Гусева Н.В. Философский анализ образования как явления культуры: Автореф. дис. … доктор. философ..наук.: 01.03.92. – М.: 1992. – 18 с.

43 Леонтьев А.А. Педагогическое общение. – М.: Знание, 1979. – 102 с.

44 Коломинский Я.Л. Психология общения. – М.: Знание, 1974. – 116 с.

45 Есенғұлова М.Н. Студенттердің қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыруда халықтық педагогика идеяларын пайдаланудың педагогикалық шарттары. Пед. ғыл. канд. … дисс.: 13.00.01. – Түркістан, 2007 – 142 б.

46 Педагогическое наследие (сост. : В.М. Кларин и др). – М.: Педагогика, 1987. – 415 с.

47 Божович Л.И. Личность и ее формирование в детском возрасте. – М.: Просвещение, 1978. – 464 с.

48 Ушинский К.Д. Собр. Соч.: т.2. – М.: АПН РСФСР, 1984. – 516 с.

49 Макаренко А.С. Собр. Соч.: т.1. – М.: Педагогика, 1978. – 378 с.

50 Сухомлинский В.А. Как воспитать настоящего человека. – Минск: Народная Света, 1978. – 288 с.

51 Андреева Г.М. Социальная психология. – М.: МГУ, 1980, - 415 с.

52 Каган М.С. Формирование личности как синергетический процесс. (из журнала «Обсерватория культуры» / НИЦ Информкультура РГБ. – № 2 / 2005.

53 Давыдов В.В. Теория развивающего обучения. – М., 1996. – 344 с.

54 Лисина М.И. Проблемы онтогенеза общения. – М.: Просвещение, 1988. – 112 с.

55 Әбдіғалиев Б. Государственная политика и межнациональные отношения в РК. – Алматы, 1996. – 75 с.

56 Жампеисова К.К. Формирование основ политической културы старшеклассников: Автореф. дис. … д.п.н.:17.02.93.– Алматы, 1993. – 47 с.

57 Жұмабаев М. Педагогика. – Алматы: Ана тілі, 1992. – 106 б.

58 Құнанбаев А. Шығармалары. – Алматы: Жазушы, 1977. – 251 б.

59 Уалиханов Ш. Таңдамалы. – Алматы: Жазушы, 1990. – 201 б.

60 Ыбырай Алтынсарин тағылымы / Құраст. М. Жармұхамедов. – Алматы: Жазушы, 1991. – 384 б.

61 Төребаева К.Ж. Студенттердің қарым-қатынас мәдениетін қалыптастырудың ғылыми-практикалық негізі: Автореф. дис. … к.п.н.: 27.09.02. – Алматы, 2002. – 24 б.

62 Исламова К.И. Оқыту процесінде оқушылардың мәдениетін қалыптастыру: Автореф. дис. … д.п.н.: 20.04.01. – Алматы, 2001. – 21 б.

63 Кашкимбаева З.Ж. Формирование культуры межнационального общения младших подростков средствами двуязычия (казахско-русского): Автореф. дис. … д.п.н.: 09.01.02. – Алматы, 2002. – 22 с.

64 Тасбулатова Г.Н. Формирование межличностных отношений учащихся в коллективе современной общеобразовательной школы: Автореф. дис. … д.п.н.: 03.12.2004г. – Алматы, 30 с.

65 Тәжібаев Т. Жалпы психология. Оқу туралы. – Алматы, 1995. – 312 б.

66 Жарықбаев Қ.Б. Психология. – Алматы, 1994. – 272 б.

67 Аубакирова Ж.К. Тұлғалық дамуындағы педагогикалық қарым-қатынастың рөлі // ҚазҰУ Хабаршысы. Алматы, 2011.

68 Төребаева К.Ж. Жоғары оқу орнында ұлттық тәрбие беру негіздері. Монография-Ақтөбе, 2012.-214б.

69 Мудрик Д.В. Общение как фактор воспитания школьников. – М., 1984. – 215с.

70 Скаткин В.Л. О природе человеческого общения. – М., 1984-78с.

71 Леонтьев А.Л. Деятельность. Сознание. Личность. – М., 1977. – 180 с.

72 Халитова І.Р.Абай Құнанбаев мұрасын оқу-тәрбие процесіне енгізу тарихы (1960-1965).- Алматы, 1998. –151б.

73 Бәшірова Ж.Р., Әлқожаева Н.С. Иман-тәрбие негізі. – Алматы, 1997. –56б.

74 Құдиярова А. Қарым-қатынас психологиясы Алматы, 2005. 8-10б.

75 Оразбаева Ф. Тілдік қатынас пен қатысым әдісінің ғылыми-практикалық негіздері. Алматы, 1996.-178б.

76 Құран Кәрім: қазақша мағына және түсінігі. Аударған: Халифа Алтай. – Милади, 1991. –700б.

77 Тәлім-тәрбие хрестоматиясы / Құрастырғандар С.Қалиев, Г. Жексембаева. –Алматы: Рауан, 1996. –161б.

78 Табылды Ә. Қазақ этнопедагогикасы және оқыту әдістемесі. – Алматы: Білім, 2004. –288б.

79 Кон И.С. В поисках себя: Личность и ее самосознание. – М.: Политиздат, 1984. – 335 с.

80 Ануфриев Е.А. Социальная роль и активность личности. – М.: МГУ, 1971. – 152 с.

81 Бодалев А.А. Личность и общение. – М.: Педагогика, 1983. – 232 с.

82 Абдильдин Ж.М., Абишев К.А. Формирование строя мышления в процессе деятельности. – Алматы, 1991. – 105 с.

83 Айталиев А. Поворот к этнокультурным традициям // Мысль. – Алматы, 1996. - № 11 – с. 75-80.

84 Шалабаева Г. Этнос. Культура. Самосознание. – Алматы: Ғылым, 1995. – 240 с.

85 Әл-Фараби. Әлеуметтік-этикалық трактаттар. – Алматы: Ғылым, 1975. –163б.

86 Выготский Л.С. Собр. Соч. в 6-ти т. Т.3. –М., 1983 – 257с.

87 Философский энциклопедический словарь. – М.,1989. – 525с.

88 Асанова Ұ. Қазақ халқының айтыс өнері арқылы оқушыларға адамгершілік-эстетикалық тәрбие беру: Автореф. дис… к.п.н.: 19.01.94. – Алматы, 1994. – 24 б.

89 Канапин А.К., Яндаров А.Д.Развития личности и культуры. –Алма-Ата: Казахстан, 1986. –268с

90 Межуев В.М. Культуры и история. –М.: Науке, 1977. – 368с.

91 Асмолов А.Г.Психология индивидуальности: Методологические основы развития личности в истоико-эволюционном процессе. – М.: Педаггика, 1986. – 96с.

92 Огиржавин М. Формирование межличностных отношений в студенческой академической группе: Автореф. дис. … д.п.н.: 25.03.93. – Алматы, 1993. – 16 с.

93 Құлманова Ш.Б. Научно- педагогические основы воспитания младших школьников средствами казахской народной музыки: Автореф. дис… д.п.н.:– Алматы, 2000 – 35 с.

94 Байтұрсынов А. Тіл тағылымы. – Алматы: Ана тілі, 1992. – 448 б.

95 Байтұрсынов А. Шығармалары. – Алматы: Жазушы, 1989. – 320 б.

96 Аймауытов Ж. Тәрбие жетекші. – Қызылорда, 1924. – 105 б.

97 Наурызбай Н. Ұлттың ұлы бола білсек. - Алматы, 1997. - 37б.

98 Дүйсембінова Р.К. Қазақ этнопедагогикасын оқу-тәрбие процесінде ендірудің ғылыми-педагогикалық негіздері: Автореф. Дис к.п.н.:. – Алматы, 2001. – 35 с.

99 Ғаббасов С. Халық педагогикасының теориялық және методологиялық негіздері. – Алматы, 2002. – 250 б.

100 Битабаров Е.А. Педагогические условия совершенствования подготовки будущего учителя к проведению трудового воспитания учащихся сельских школ средствами казахской народной педагогики. – Шымкент, 2003. – 317 с.

101 Төлеубекова Р.К. Бастауыш сынып оқушыларын адамгершілікке тәрбиелеуде халықтық педагогикалық озық дәстүрлерін пайдалану: Автореф. дис… к.п.н.– Алматы, 1994. – 22 с.

102 Қоңыратбаева Т,Ә. Халық педагогикасы және оқу-тәрбие ісіне ендіру жолдары. – Алматы, 1994.

103 Каирова Б.Е. Педагогические условия усвоения этнокультуры казахов учащимися технических колледжей: Автореф. дис… к.п.н.– Алматы, 1999. – 21 с.

104 Көшеров Н.М. Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін этнопедагогикалық дайындау жүйесі: Автореф. дис… к.п.н. – Тараз, 2000. – 24 с.

105 Шакирова Т.М. Национальная культура как основа формирования личности учащихся в профессионально-технических лицеях. Автореф. дис… к.п.н.: 11.01.01. – Алматы, 2001. – 162 с.

106 Комекбаева Л.К. Мұғалімдердің этникалық өзіндік санасының психологиялық ерекшеліктерінің көрінісі: Автореф. дис… психол. к.п.н.: 02.03. 02. – Алматы, 2002 – 26 с.

107 Кошербаева Г.Н. Развитие межкультурного диалога в педагогическом процессе высшей школы. Дис… к.п.н.: 17.01.03. – Тараз, 2003. – 165 с.

108 Тлеужанова Г.К. Формирование субъекта этнокультуры в условиях высшей школы. Дис… к.п.н.16.04.04.– Караганда, 2004. – 170 с.

109 Волков Г.Н. Этнопедагогика. – Чебоксары, 1974. – 211 с.

110 Гашимов А.Ш. Азербайджанская народная педагогика. – Баку, 1970. – 244 с.

111 Афанасьев Н.Ф. Этнопедагогика Востока и Сибири. – Иркутск, 1980. – 350 с.

112 Ханбиков Я.И. Из истории педагогической мысли татарского народа. – Казань: Казанск. К.н. изд-во, 1967, - 186 с.

113 Шабаев М.Р. Вопросы об изучении истории народной педагогики. – Череповец, 1971. – 157 с.

114 Измайлов А.Э. Народная педагогика: педагогические воззрения народов Средней Азии и Казахстана. – М.: Педагогика, 1991. – 256 с.

115 Ұзақбаева С.А., Қожахметова К.Ж. Жоғары мектеп студенттеріне этнопедагогикалық білім беру тұжырымдамасы. – Алматы: Өнер, 1998 – 22 б.

116 Афанасьева Г.П.Формирование культуры будущего специалиста. – М.: Высшая школа, 1990.-142с.

117 Бахтиярова Г.Р. Қазақ халқының дәстүрлі педагогикалық мәдениеті. (оқу құралы) – Ақтөбе: «Жұбанов университеті» баспа бөлімі, 2019 ж.- Б.-226.

118 Тәлім-тәрбие хрестоматиясы / – Құрастырғандар С.Қалиев, Г. Жексембаева. –Алматы: Рауан, 1996. –161б.

119 Шмайлова О.В. Формирование коммуникативной культуры будущих учителей: Автореф. дис. … д.п.н.: 07.11.97. – Челябинск, 1997. – 17 с.

120 Шер Р.П., Қожахметова К.Ж. Тәрбие үрдісі мен оқушылардың тәрбиелік деңгейін бағалаудың өлшемдері. – Алматы, 2005.24-65б.

121 Омарова Р.С., Есенғұлова М.Н. Халықтық педагогикадағы қарым-қатынас мәдениеті. – Ақтөбе, 2009. – 154б.

122 Омарова Р.С., Есенғұлова М.Н., Мамбетов М.Қ. Педагогикалық қарым-қатынас мәдениеті. Оқу құралы.-Астана, 2015.-172б.

123 Омарова Р.С., Есенғұлова М.Н., Картекенова Р.С. Жеке тұлға шығармашылығын қалыптастыру әдістемесі. Оқу-әдістемелік құрал. –Астана, 2016-164 б.

124 Төребаева К.Ж., Есенғұлова М.Н. Психологиялық-педагогикалық диагностика. Қазақстан Республикасы – Жоғары оқу орындарының қауымдастығы (оқу құралы), Алматы, 2012.-303 б.

**Қосымша А**

## Жауап берушінің мәтіні

Өзіңіз туралы ойыңызға сәйкес келетін тұсқа "+" белгісін қойыңыз. (егер
өзіңізге толық сенімді болмасаңыз "+" белгісін қоймаңыз):

1. өзгелер ол туралы игі ниетті тілектес деп ойлайды;
2. айналадағыларға әсер тудырады;
3. бұйрық бере біледі;
4. өз айтқанында тұра алады;
5. өзін-өзі қадірлей біледі;
6. тәуелсіз;
7. өз-өзін қорғай алады;
8. немқұрайлылық танытуы мүмкін;
9. қатыгез бола біледі;
10. қатал, бірақ әділетті;
11. шынайы бола біледі;
12. өзгелерді сынағыш;
13. жылағанды ұнатады;
14. жиі көңілсіз жүреді;
15. сенімсіздік тудыруға қабілетті;
16. жиі көңілі қалады;
17. өзін сынай білуге бейімді;
18. өзінің дұрыс еместігін мойындай білуге қабілетті;
19. бағыныштты болуды ұнатады;
20. жолын бергіш;
21. парасатты;
22. еліктеуге бейім;
23. сыйлы;
24. мақұлдауды іздеуші;
25. әріптестікке қабілетті;
26. өзгелермен тіл табысуға тырысады;
27. досшыл, жақсылық тілеуші;
28. зерек, аяулы;
29. сыпайы;
30. мақұлдаушы;
31. көмек беруге ұмтылғыш;
32. пайда күнемшіл емес;

33. мақтауға тұрарлық;
34. өзгелердің қадірлеуіне тұрарлық;
35. басшылық етуге қабілетті;
36. жауапкершілікті ұнатады;
37. өзіне сенімді;
38. өзіне-өзі сенімді және қайсар;
39. іскер және тәжірибелі;
40. жарысуды ұнатады;
41. керек жерінде қатал және дөкей;
42. үндемей қалмайтын, бірақ құлықсыз;
43. тітіркенгіш;
44. ашық және бірбеткей;
45. өзіне бұйрық бергенді ұнатпайды;
46. әр нәрсеге күмәнмен қарайтын, ешкімге сенбейтін адам;
47. оған әсер ету қиын;
48. ренжігіш, кінәмшіл;
49. тез қобалжиды;
50. өзіне сенбейді;
51. жолын бергіш;
52. қарапайым;
53. өзгелердің көмегіне жиі жүгінеді;
54. беделге көп қарайды;
55. кеңесті ықыласпеп қабылдайды;
56. сенгіш және өзгелерді қуантуға тырысады;
57. өзіне назар аудартуды ұнатады;
58. айналадағылардың пікірін бағалайды;
59. көпшіл және сіңімді;
60. кең пейілді;
61. мейірімді, сенімділік ұялатушы;
62. нәзік және жұмсақ мінезді;
63. өзгелерге қамқор болуды ұнатады;
64. жомарт;
65. кеңес бергенді ұнатады;
66. елеулілікке назар аудартады;
67. бастыққа бас июші;
68. билікшіл, өктемшіл;
69. мақтаншақ;

70. өзіне -өзі сенімді, тәкаппар;
71. тек өзі туралы ойлайды;
72. қу және есепшіл;
73. өзгелердің қатесін кешірмейді;
74. пайда күнем, өзімшіл;
75. ашық;
76. көбіне досшыл емес;
77. ашуланшақ;
78. шағымшыл;
79. қызғаншақ;
80. өкпесін ұзақ саққтайды;
81. өзін-өзі төмен ұстауға бейім;
82. ұяң;
83. бастамашыл емес;
84. момын;
85. тәуелді, өз бетінше емес;
86. бағынуды ұнатады;
87. шешім қабылдауды басқаға ұсынады;
88. арандатуға оңай түседі;
89. жолдастарының ықпалына оңай түседі;
90. кез-келгенге сенуге дайын;
91. барлық мәселені шешпеуге оңтайлы;
92. барлығына ұнайды;
93. барлығын да кешіреді;
94. шамадан тыс тілектестік;
95. кеңпейілді және кемшілікке төзімді;
96. өзгелерге қамқор болуға ұмтылу;
97. жетістікке ұмтылғыш;
98. әркімнен мақтауды күтеді;
99. басқалар үшін әрекет етеді;
100. әміршіл;
101. көрсең қызар, еліктегіш;
102. даңғой, атаққұмар;
103. өзімшіл;
104. суық,қатал;
105. кекесінді күлу, күлкіге қалдырушы;
106. қатал, қатыгез;

107. жиі ызақор;
108. сезімсіз;
109. кек сақтағыш;
110. қайшылыққа жанымен ену;
111. бірбеткей;
112. сенімсіз және күдікті;
113. именшек, жасқаншақ;
114. ұялшақ;
115. бағынышты болуға шамадан тыс дайындығымен ерекшеленеді;
116. жұмсақ мінезді;
117. ешқашан және ешкімге қарсы келмейді;
118. мыжыма емес;
119. қамқорлыққа алғанды жақсы көреді;
120. шамадан тыс сенгіш;
121. әркіммен келісуге ұмтылады;
122. барлығымен де келіседі;
123. барлық уақытта тату;
124. барлығын жақсы көреді;
125. ортаға өте сәйкес емес;
126. әрбірінің көңілін табуға тырысады;
127. өзіне зиян келтірсе де басқаға көмектеседі;
128. адамдарды шамадан тыс мейірімділігімен құртады;

## Қосымша Ә

## «Өмір тәжірибесі туралы ойлау» тест

Жүргізу барысы: тесттің нәтижелі өтуі үшін міндетті түрде құпиялық пен тыныштық керек (парақтың бұрышына әріппен – «ж» - ер бала, «б» - қыз бала деп белгілеу арқылы қай жынысқа жататынын көрсетіп қана қоюға болады). Нәтижелерін есептеуге арнайы қағаз қолданылады.

| Сұрақтың № | Жауаптың әрібі | | |
|---|---|---|---|
| | а | б | в |
| 1 | * | | |
| 2 | | * | |
| 3 | | | * |

Тест тапсырған кезде студенттердің ойының тиянақтылығы, ашықтығы, шынайылығы қадағалануы керек.

Тест сұрақтары сұрақтың жауабына әсер етпейтіндей біркелкі, ашық дауыспен оқылуы тиіс.

Студенттер берілген үш жауаптың біреуін таңдап, үш қатардың біреуіне

(а,б,в) «*» белгісін қоюы керек.

1. Жолыңызда адам тұр, сізге ары қарай өту керек. Не істейсіз?

а) оны мазаламай айналып өтемін.

б) итеріп жіберіп, өтіп кетемін.

в) көңіл-күйіме байланысты әрекет етемін.

2. Қонақтардың ортасынан көңілсіз отырған қызды (жігітті) көрдіңіз, ол жалғыз отыр. Не істейсіз?

а) ешнәрсе, менің жұмысым не?

б) жағдайға қарап, көрермін;

в) қасына барып, міндетті түрде сөйлесемін.

3. Сіз дәріске кешігіп барасыз, біреудің ауырып тұрғанын көрдіңіз.Сіз:

а) дәріске асығамын;

б) егер біреу көмекке ұмтылса, мен де барамын;

в) 03 телефонына қоңырау шалып, жүріп бара жатқандарды тоқтатамын.

4. Сіздің танысыңыз пәтерге көшіп жатыр. Олар – қарт адамдар. Сіз не істер едіңіз?
а) көмектесемін;
б) басқаның өміріне араласпаймын;
в) егер ездері өтінсе, әрине, көмектесемін.
5. Сіз құлпынай сатып алдыңыз. Сізге ең соңғы қалғанын өлшеуде.
Артыңыздан дауыстап, ауруханада жатқан баласына керек екендігін айтты. Бұл жағдайда сіз не істер едіңіз?
а) әрине, өкінішті, бірақ біздің осындай жағдайымызда не істеуге болады?
б) бұрылып, жартысын алуын ұсынар ем;
в) білмеймін, мүмкін маған да өте керек шығар.
6. Сіздің таныстарыңыздың біреуін әділ жазаламады, сіз не істейсіз?
а) өте ренжіп, кінәлі адамды балағаттар едім;
б) ешнәрсе етпес, өмір тіпті әділетсіз;
в) өкпелеген адамның сөзін сөйлер едім.
7. Сіз кезекшісіз. Еден жуып жүріп, ақша тауып алдыңыз, не істейсіз?
а) мен тауып алғандықтан, ол - менікі;
б) ертесі кім жоғалтқанын сұраймын;
в) мүмкін, өзім алатын шығармын.
8. Емтихан тапсырғанда сіз неге сенесіз?
а) шпаргалкаға сенемін, әрине, емтихан – ұтыс билеті;
б) емтихан алушы шаршаса, мүмкін жібере салар;
в) өз біліміме сенемін.
9. Сізге мамандығыңызды аяқтадыңыз. Не істейсіз?
а) үйдің жанынан жұмыс іздеймін;
б) көп ақша төлейтін жұмыс іздер едім;
в) жер бетіндегі бағалы бір нәрсені ойлап табар ем.
10. Ұсынылған үш саяхаттың қайсысын таңдар едің?
а) Қазақстан бойынша;
б) экзотикалық елдерге;
в) алдыңғы қатарлы дамыған бір мемлекетке.
11. Сіз сенбілікке келдіңіз, барлық еңбек құралдары таратылып болған екен. Сіз не істейсіз?

а) әңгімелесіп тұрам, сосын көремін;

б) егер жоқтарды белгілемейтін болса, үйге тез кайтам;

в) біреумен бірлесіп, сонымен бірге жұмыс істеймін.

12. Сізге бір сиқыршы еңбексіз-ақ өміріңізді қамсыздандырып беретінін айтса, сіз не істер едіңіз?

а) келісер едім;

б) алдымен осы тәсілмен неше адамға жақсылық жасағанын сұрар
едім;

в) бірден қарсылық білдіремін.

13. Сізге қоғамдық жұмыс тапсырылды. Сіздің оны атқарғыңыз келмейді.Сіз не істер едіңіз?

а) ұмытып кетіп, есеп сұрағанда ғана еске аламын;

б) орындаймын;

в) еске түсірмеу үшін түрлі сылтау іздер едім.

14. Сіз өте керемет, бірақ әйгілі емес мұражайда болдыңыз. Бұл жайлы біреуге айтар ма едіңіз?

а) міндетті түрде айтып, оларды сол мұражайға апаруға тырысар едім;

б) қалай боларын, білмеймін;

в) несіне айтам, әркім не істейтінін өзі шешсін.

15. Ұжымға пайдалы жұмысты кім атқаратындығы туралы мәселе шешілуде. Сіз ол жұмыстың өз қолыңыздан келетінін білесіз. Осы сәтте не істер едіңіз?

а) қолымды көтеріп, өзімнің ниетімді білдірер едім;

б) менің фамилиямды біреудің атағанын күтер едім;

в) келісе алмаспын, мен өз уақытымды бос өткізбеймін.

16. Сіз жолдастарыңызбен жылы күнде саяжайға демалуға жиналдыңыздар. Кенет біреу телефон шалып, бір жұмыс барын айтып, саяхатты кейінге қалдыру керек болды.

а) жоспарға сай, саяжайға барам;

б) бармаймын, әрине, қаламын;

в) жолдастарымның не айтатынын күтемін.

17. Сіз ит асырап алмақ болдыңыз. Берілген үш нұсқаның қайсысы сізді қанағаттандырады.

а) қаңғыбас күшік;

б) белгілі, үлкен ит;

в) тегі аз кездесетін бағалы күшік.

18. Сіз жұмыстан кейін демалуға жиналдыңыз. Кенет «өте қажет жұмысты» атқару керек деді.

а) демалыс туралы құқығыңызды еске түсіресіз;

б) орындау керек болғандықтан атқарамын;

в) басқалардың не дейтінін күтер едім.

19. Сізді балағаттап жатыр. Сіз не істер едіңіз?

а) өзі тәрізді мен де балағаттаймын;

б) бұл мен үшін көңіл бөлер нәрсе емес;

в) байланысымды үзер ем.

20. Скрипкада сіз өте жаман ойнайсыз. Сізді ата-анаңыз мақтап, қонақтарға ойнап беруіңізді сұрады. Сіз не істейсіз?

а) әрине, ойнаймын;

б) ойнамаймын;

в) мақтау, әрине, жақсы, бірақ ойнамауға тырысар едім.

21. Сіз қонақ күтетін болдыңыз. Сіз не істер едіңіз?

а) барлық тағамды өзіңіз даярлайсыз;

б) дүкеннен сатып аламын;

в) қонақтарды кофе ішуге шақырамын.

22. Кенет сіз оқу орныңыздың бір себептермен жабылғанын естідіңіз. Бұл хабар сізге қалай әсер етеді?

а) керемет қуанамын, қыдырып, өмірдің қызығына батар едім;

б) білімді жетілдіруге жоспар құрып, мазасызданар ем;

в) жаңа хабарды күтер едім.

23. Егер сіздің көзіңізше достарыңыздың біреуін мақтап жатса. Сіз қандай сезімде болар едіңіз?

а) ыңғайсызданып, қызғанар едім;

б) мен қуанар едім, өйткені менің де өз қадірім бар;

в) мен бәрімен бірге қолдайтын ем.

24. Сізге ерекше бір әдемі автоқалам сыйлады. Сізді көшеде 2 жігіт тоқтатып, қаламды беруді талап етті. Сіз не істер едіңіз?

а) денсаулығым жоғары - берер едім;

б) менде қаламның жоқтығын айтып, қашып кетуге тырысар едім;

в) төбелесер едім, сыйлықты бермеймін.

25. Жаңа жыл келгенде, бәрінен жиі ойлайтыныңыз не?

а) жаңа жылдық сыйлық;
б) демалыс күндері және еркіндік жайлы;
в) қалай өмір сүрдім, енді қалай өмір сүретінімді.

26. Саздың сіздің өміріңізде алатын орны қандай?
а) саз маған билеу үшін керек;
б) жан дүниемді рахат сезімге бөлейді;
в) саз маған керек емес.

27. Үйден ұзақ уақытқа кеттіңіз, алыс жерде өзіңізді қалай сезінесіз?
а) туған жерлерім түсіме кіреді;
б) өзімді үйдегіден жақсы сезінемін;
в) байқамадым.

28. Кейде ақпараттық телебағдарламаларды көру барысында көңіл күйіңіз бұзылады ма?
а) жоқ, егер менің ісім жақсы жүріп жатса;
б) иә, қазіргі уақытта жиі мазалайды;
в) байқамадым.

29. Сізге алыс таулы ауылға кітап салып жіберуді ұсынады. Сіздің әрекетіңіз?
а) қызығын таңдап апарамын;
б) өзіме қажет емес кітап менде жоқ;
в) егер барлығы әкелсе, мен де апарамын.

30. Сіз өзіңізге қымбат бес ұлы тұлғаны, бес тарихи оқиғаны және жер бетіндегі өзіңізге қымбат бес орынды атай аласыз ба?
а) иә, сөз жоқ, айта аламын;
б) жоқ, дүниеде қызықтар көп;
в) ойланбаппын, санау керек екен.

31. Біреудің ерлігі жайлы естігеніңізде, сіздің басыңызға жиі келетін ой?
а) әрине, бұл адамның жеке өзіндік қызығушылығы болды;
б) атағы шығудан оның жолы болған;
в) таңырқауым басылар емес және оған риза боламын.

**Алынған мәліметтерді өңдеу.** Студенттердің әр жағдайда жасаған таңдауларын міндетті түрде санап, студенттердің жалпы санынан пайыздық қатынасты көрсету.

10,17,21,25,26 санын жауаптар жалпы есептен алынып тасталады. Таңдаған нұсқаларының саны 13 және одан жоғары болса, студенттердің адамгершілік тәрбиесі деңгейінің жеткіліктігін және басқа адамға бағдар беруін қалыптасқандығын білдіреді. Бұл топтағыларды төмендегі нұсқалар көрсетеді:

Қ 02,18,19 сұрақтарды есептемеу, қатар а: * 1,4,14,15,27,29,30 сұрақтарын да алып тастау.

Қатар б: * 5,7,13,16,18,20,22,23,28 сұрақтарын алып тастау керек.

Қатар в: * 2,3,6,8,9,11,12,19,24,31 сұрақтарын алып тастау керек.

Таңдаған сұрақтарының саны 13 және одан жоғары болатын төмендегі нұсқалар студенттердің адамгершілігі төмен, өзімшілдігін көрсетеді.

Қатар а: 2,3,5,7,8,12,13,16,18,20,22,23,24,37сұрақтарын есептемеу.

Қатар б: 1,4,6,9,11,19,27,29,30 сұрақтарын есептемеу.

Қатар в: 14,15 сұрақтарын есептемеу.

Қалған таңдаудар оқушылардың тұрақсыз қызба мінез-құлықты адамгершілігі қалыптаспағандығын білдіреді.

**Қосымша Б**

**Жүзеге аспаған әлеуметтік мүмкіндіктерді бағалауға арналған тест**

**Нұсқау:** төменде бірнеше сұрақтар мен оның жауаптары берілген. Өз таңдауыңды белгіле.

Мәтіннің мазмұны:

1. Мен ________жұмыс атқаруды ұнатар едім.
а) барынша ақылды, бірақ баяу адаммен;
б) барынша белсенді, бірақ ақылы аздау адаммен.
Жауаптары: а), б)
2.Егер көшеде менен «қаңғыбас» бір нәрсе сұраса, онда мен тездетіп:
а) сұраққа жауап беріп, содан кейін онымен қарым-қатынасымды тоқтатамын;
б) мүмкіндігінше жауап бермей-ақ қарым-қатынасымды бірден тоқтатуға
тырысамын.
Жауаптары: а), б)
3.Маған жақын:
а) хандық билікті қайтаруға тырысатындар
б) Қазақстанды батыстың демократия үлгісімен дамытуға тырысатындар демократтар.
Жауаптары: а) б)
4. Жоғары бағалаймын
а) түрлі әлеуметтік топ өкілдерімен қарым-қатынас біліктілігін
б) өз ортасымен, өзіне тең адамдармен қарым-қатынаспен шектелетін
Жауаптары: а) б)
5.Менің қалайтыным
а) тұрғындардың белгілі бір бөлігінің әлеуметтік қорғалуының, шектелуімен қатар мемлекеттің мүмкіндігінше қарқынды дамуы.
б) бірақ тұрғындардың белгілі бір бөлігінің әлеуметтік корғалуының басымлылығымен қатар мемлекеттің мүмкіндігінше баяу дамуы.
Жауаптары: а) б)
6. Мен мекеменің директоры болсам:

а) қаржыны жұмыс атқара алмай жүрген жұмыскерлерді оқытуға жұмсар едім;.
б) жұмысты атқара алмайтындарды жұмыстан шығарып, каржыны олардың орнына маманданған қызметкерлерді алуға жұмсар едім.
Жауаптары; а) б)
7.Мен адамдардың еркіндік пен шынайылыққа ұмтылуын
а) бір-біріне қарсы келуге әкеп соғады деп есептеймін;
б) бір-біріне қарсы келуге әкеп соқпайды деп есептеймін.
Жауаптары: а) б)
8.Мен адамдар туралы дәл қорытындыны былай шығаруға болады деп ептеймін:
а) оның араласатын ортасымен танысып;
б) ой-өрісімен танысу аркылы.
Жауаптары: а) б)
9. Мен адамдардың төмендегі қылықтарын кешіруім мүмкін:
а) олардың айтқан ақымақтығын;
б) сырт көрінісінің жағымсыздығын.
Жауаптары: а) б)
10. Мен әңгімелескенде, мыналарға бейіммін:
а) әңгімелесушімді өз айтқаныма сендіруге;
б) онымен пікір алмасуға.
Жауаптары: а) б)
11. Егер телефон арқылы сөйлескенде, менімен амандаспаса, онда:
а) ескерту айтамын;
б) оған мән бермеймін.
Жауаптары: а) б)
1. Егер мені еңбекпен түзеу колониясына бастық етіп тағайындаса, онда мен өз жұмысымды мына бағытта бастар едім:
а) қылмыстық иерархияны (түрмедегі әлсіздердің күштілерге
бағыныштылығын) жойып, содан кейін тәртіп орнату;
б) тәртіп орнату үшін сол иерархияға сүйенер едім.
Жауаптары: а) б)
2. Адамдарды басқаруда басшының педагогикалық қабілеті...

а) мәні бар;
б) мәні жоқ.
Жауаптары: а) б)
3. Егер маған қызметі төмен адам «сен» деп сөйлеуді ұсынса, онда бұл ұсыныс төмендегідей әсер ететін шығар:
а) өзімнің де қалайтынымды;
б) жағымсыз.
Жауаптары: а) б)
4. Бірде Джек Лондон лондондық «ергежейлермен» сөйлесу үшін алба-жұлба киінгені мәлім. Мұндай оқиға маған:
а) қызық;
б) қызық емес.
Жауаптары: а) б)
5. Мен жақтаймын:
а) өлім жазасын ауыстыруды;
б) ауыр қылмыстарды болдырмау үшін өлім жазасын сақтауды.
Жауаптары: а) б)
6. Егер менің нәрестем өте ауыр және жазылмайтын психикалық аурумен ауыратын болып туылса,
а) мен оны тәрбиелеймін;
б) одан бас тартар едім.
7. Көшеде мас болып жатқан адам, маған...
а) жиіркенішті әсер етеді;
б) мүсіркеу, аяныште сезімін тудырады.
Жауаптары: а) б)

Жүзеге асырылмаған мүмкіндік деңгейін анықтайтын сандық көрсеткіш – бұл жүзеге асырылмаған әлеуметтік мүкіндіктердің коэффициенті (ЖАӘМК) болып табылады. ЖАӘМК-ның мәні 40-60-қа дейінгі аралықтағылар зерттеушінің орташа топқа сәйкес келетіндігін көрсетеді. ЖАӘМК-ның мәні 60 бірліктен жоғары болса, жоғары топқа сәйкес келеді.

Зерттеушілердің ақыл-ой энергиясының бар болуын және оның әлеуметтік сфераға қатысты дәрежесін белгілейді немесе ЖАӘМК кез келген ғылым, өнер, саясат т.б. салалары бойынша зерттеушілерге мансап жасаудың мүмкіндігін бейнелейді.

**Қосымша В**

**2 - бөлім. Адамдармен дұрыс қарым - қатынас жасай аласың ба?**

2.1. Қаншалықты сен көпшілсің?
а) өзіме досты тез табамын;
б) өзіме досты қиыншылықпен табамын;
в) мені айналамдағылар түсінбейді.
2.2. Егер сенің пікірлесіңнің әңгімесі сені қызықтырмайтын болса:
а) оның сөзін бөлесің;
б) тыңдайсың;
в) ________________________________________
2.3. Сенің достарыңның біреуі саған үнемі тиісе берсе:
а) ұрып жібересің;
б) онымен сөйлесесің;
в) мұғалімге айтасың.
2.4. Пікір таластыра аласың ба?
а) жоқ, өзгенің ойына тез келісемін;
б) мен дауласқанда үнемі жеңіп шығамын;
в) өз қатемді мойындаймын.
2.5. Саған өзге ұлт балаларымен араласқан ұнай ма?
а) жоқ;
б) онша емес;
в) иә.
2.6. Егер сенің істегің келмеген жұмысты сұрайтын болса:
а) бас тартасың;
б) сылтау іздейсің;
в) құлықсыз келісіп, істейсің.
2.7. Егер сенің жолдасыңда ыңғайсыз жағдай болса:
а) көмектесесің;
б) көңіліне ортақ боласың;
в) ешнәрсе істемейсің.
2.8. Сенің тобыңа қызық жұмыс тапсырылса, сен:
а) сенің айтуыңмен орындағанды қалайсың;
б) барлығымен бірге істейсің;
в) жұмыстан бас тартасың.
2.9. Мектепте сен төбелестің куәсі болдың, онда:
а) тәрбие ісінің меңгерушісін немесе мұғалімді шақырасың;
б) ажыратуға тырысасың;
в) қасынан өтіп кетесің.
2.10. Саған қоғамдық - пайдалы жұмыс істеу ұнай ма?
а) иә; б) жоқ;
в) ешқашан мұндай тапсырманы орындап көрген емеспін.

**Қосымша Г**

**К.Томастың дауды басқарудағы ұсынылатын бес тәсілі сауалнамасының кілті**

| № | Бақталастық | Бірлестік | Бір мәмлеге келу | Қашу | Қорғану |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | | | | А | А |
| 2 | | Б | А | | |
| 3 | А | | | | |
| 4 | | | | | Б |
| 5 | | | А | | Б |
| 6 | | А | | Б | |
| 7 | Б | | | А | |
| 8 | А | Б | | | |
| 9 | Б | | | А | |
| 10 | А | | Б | | |
| 11 | | А | | | Б |
| 12 | | | Б | А | |
| 13 | Б | | А | | |
| 14 | Б | А | | | |
| 15 | Б | А | | | |
| 16 | | | | Б | А |
| 17 | Б | | | | А |
| 18 | | Б | | | А |
| 19 | | А | | Б | |
| 20 | | А | Б | | |
| 21 | | Б | | | А |
| 22 | Б | | А | | |
| 23 | | А | | Б | |
| 24 | | | Б | | А |
| 25 | А | | | | Б |
| 26 | | Б | А | | |
| 27 | | | | А | Б |
| 28 | А | Б | | | |
| 29 | | А | | Б | |
| 30 | | Б | | | А |

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ | РЕСПУБЛИКА КАЗАХСТАН

**АВТОРЛЫҚ ҚҰҚЫҚПЕН ҚОРҒАЛАТЫН ОБЪЕКТІЛЕРГЕ ҚҰҚЫҚТАРДЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК ТІЗІЛІМГЕ МӘЛІМЕТТЕРДІ ЕНГІЗУ ТУРАЛЫ**

# КУӘЛІК

**2020 жылғы «3» ақпан № 7896**

Автордың (лардың) жөні, аты, әкесінің аты (егер ол жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілсе):
**ЕСЕНҒҰЛОВА МЕЙРАМГҮЛ НҰРАЛЫҚЫЗЫ**

Авторлық құқық объектісі: **ғылыми туынды**

Объектінің атауы: **ХАЛЫҚТЫҚ ПЕДАГОГИКА ИДЕЯЛАРЫ НЕГІЗІНДЕ СТУДЕНТТЕРДІҢ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС МӘДЕНИЕТІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ**

Объектіні жасаған күні: **09.01.2020**

Құжат түпнұсқалығын http://www.kazpatent.kz/ru сайтының "Авторлық құқық" бөлімінде тексеруге болады https://copyright.kazpatent.kz

Подлинность документа возможно проверить на сайте kazpatent.kz в разделе «Авторское право» https://copyright.kazpatent.kz

Подписано ЭЦП | Оспанов Е.К.

**Есенғұлова Мейрамгүл Нұралықызы-** педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент. Салыстырмалы Педагогика Кеңесінің мүшесі (Куәлік №0057). Алғашқы еңбек жолын «Болашақ» мемлекеттік емес мектеп-гимназиясында мұғалім болып бастап, Ақтөбе «Дүние» университетінің әлеуметтік-гуманитарлық пәндер кафедрасының оқытушысы, №42 ОТК мектебінің «мектеп психологы», Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе мемлекеттік университетінің «Теориялық және қолданбалы психология» кафедрасының оқытушысы, кейіннен Ақтөбе «Дүние» университетінде «Педагогика және психология» кафедрасының меңгерушісі болса, Қазіргі таңда 2008 жылдан бастап Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университетінің «Психологиялық-педагогикалық және арнайы білім беру» кафедрасының доценті қызметін атқаруда.

2015 жылы ҚР заңының 23 бабына сәйкес ғылыми-техникалық істерге байланысты аккредитациядан өтті (куәлік № 004632) және Қазақстан Республикасының рухани және әлеуметтік дамуы жолында қол жеткен табыстары және өркендеуіне қосқан қор үлесі үшін Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университетіне 50 жыл мерекелік (Куәлік №077) және Халықаралық педагогика және инновациялық технологиялар ғылым академиясы №8 хаттамасының шешіміне сәйкес «Асыл ұстаз» (Куәлік № УАҰ 007) Төс белгілерімен, марапатталды.

Негізгі ғылыми бағыты - педагогика, этнопедагогика және ұлттық тәрбие, мәселелері. Халықтық педагогика негізінде студенттердің қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыру.

Бүгінгі таңда ғалымның қалыптасқан ғылыми мектебі бар. Оның жетекшілігімен ыым магистрлері даярланды. Ғалым 50-ден астам ғылыми-зерттеу мақалаларының авторы. Еңбектері ағы Бақылау комитеті бекіткен республикалық және халықаралық (Чебоксары, Чувашская Республикасы, Новокузнецк, Прага қалаларында) конференциялар мен ғылыми әдістемелік басылымдарда жарияланған. Мақалалар «Scopus», «Thomson Reuters» халықаралық мәліметтер базасында енген. Жапония мемлекетіндегі Цукуба университетінде тағылымдамадан өткен. 2009 жылы п.ғ.д., профессор

Р.С.Омаровамен бірге «Халықтық педагогикадағы қарым-қатынас мәдениеті», 2012 жылы Қазақстан Республикасы Жоғары оқу орындарының қауымдастығы атынан п.ғ.д., профессор К.Ж.Төребаевамен бірге «Психологиялық-педагогикалық диагностика» атты оқу құралы жарық көрді қазіргі таңда электронды оқу құралы ретінде ЖОО студенттері пайдалануда. Абай атындағы ҚазҰПУ жанындағы ҚР БҒМ жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру берудің РОӘК оқу-әдістемелік бірлестігі ұсынған аға оқытушы А.Б. Нареновамен бірге «Бағалаудың өлшемдік технологиялары» және жеке авторлықта «Мүмкіндігі шектеулі балалардың психологиялық-педагогикалық диагностикасы» оқу құралы жарық көрді. Бір оқу құралына (№4209, 25.06.2019ж.) және бір монографиясына (№7896, 03.02.2020ж.) авторлық куәлік алынды. Қоғамдық жұмыс ретінде 2010 жылдан бастап Ақтөбе облыстық «Дарын» орталығы ұйымдастырған психологтардың шығармашылық лабараториясының ғылыми жетекшісі қызметін атқарып келеді.

**Есенғұлова М.Н.**
**Халықтық педагогика идеялары негізінде студенттердің қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыру.**

**Монография**

Басуға қол қойылған күні **09.01.2020**
Қалыбы 60х84 1/16 Көлемі 10,87б.т.

Таралымы 500

ЖК С.Т. Жанәділов баспаханасында
дайын оригинал-макеттен басылған

Ақтөбе қаласы, Ағайынды Жұбановтар көшесі, 278 А